Тарихха көз жүгіртсек 1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өтіп, оған сайлаушылардың 90,58 пайызы қатысты. Олардың 89,14 пайызы жаңа Конституцияның қабылдануын қолдады.

Қоғамның әрбір мүшесінің басты міндеті - Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану. Яғни, басты талап - Ата Заңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, ал оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саласы өркениетті әлемнен өзіне лайық орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі, тиімді үрдістерді өз білім беру жүйесіне енгізе отырып, дамудың жаңа сатыларына көтеріліп келеді.

Білім беру деңгейі экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең жоғарғы көрсеткіші екені белгілі. Ол - мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім берудегі артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізеді. Сондықтан да, жоғары білім берудің дамуы үлкен ұлттық мәні бар міндет. Білім беру реформаларының жалпы мақсаты – жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға осы жүйені бейімдеу.

Өндіріс пен қоғамда ғылымның рөлінің артуымен байланысты маңызды тенденция, бұл - жоғары білімнің кең қанат жаюы. Жоғарғы білім барған сайын жаппай көпшілікке арнала бастады. Түрлі елдерде мектеп түлектерінің ЖОО-на түсу деңгейі орташа есеппен 60%-ға жуығын құрайды, ал Солтүстік Америкада - 84%. ЖОО студенттер саны айтарлықтай өсуде. Егер, 1960 жылы ЮНЕСКО мәліметтері бойынша әлемдегі студенттердің саны 13млн. болса, 1997ж. бұл көрсеткіш 7 есе артып, 88,2 млн. адамды құрады [8].

Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексіне жоғары білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету жөнінен еліміз 51- орынды иеленді. 38 ЖОО-нда шетелдік университеттердің қатысуымен қосдипломды білім беру жүзеге асырылуда. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше қарқынмен дами бастаған келесі маңызды тенденция, жоғарғы білімнің институционалдық нысаны, деңгейі және мазмұны бойынша әртараптандырылуы болып табылады. Ақыл-ой еңбегі саласында білім мен дағдыны қалыптастыратын ЖОО-ның әралуандығының өсуі жағдайында классикалық университеттердің рөлі, дегенмен, төмендеген жоқ, керісінше, артты да. Олардың аймақта әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі орталықтардың рөліне толық негізді үміттенуіне болады. Үшінші, жылдам күш алып келе жатқан тенденция, бұл - жан-жақты сипаттағы білімге,

халықаралық ғылыми қауымдастықтың мобилизациялауға ұжымдық күш салуына негізделген жоғарғы білімнің интернационализациялануы болып табылады. Бұл бірлескен халықаралық қызметтің артып отырған рөлі мен ұлттық білім беру мекемелерінің ұйымдардың, бағдарламалар мен қорлар қызметінде көрініс табуда. Жоғары білім саласында ортақтық болмаса да ұлттық және аймақтық айырмашылықтарды ұмыттыратын проблемалар, тенденциялар, міндеттер мен мақсаттардың тығыз жақындасуы байқалады.

Ақпараттық революция кезеңінде тоқтату мүмкін болмайтын және қазіргі ғаламтор түріндегі әлемдік әмбебап коммуникативтік жүйеде білімнің мазмұнының универсализациялануы жүріп жатыр. Интернационалдық ортада білім алып, жұмыс жасап және қатынас орнатып жүрген студенттер, зерттеушілер мен оқытушылар саны жылдан-жылға өсуде. Статистика деректеріне сүйенсек, өз елінен тыс жерде жоғары білім алып жүрген студенттер саны 1980 жылы 920 мың адамнан 1996 жылы 1 млн. 550 мың адамға дейін көбейген [9].

Жыл сайын үш мыңға жуық қазақстандықтар Елбасының әлемдік тәжірибеде бірегей саналатын «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің ең үздік университеттерінде оқуға мүмкіндік алады. Жоғары білімнің интернационализациялануы объективті, қарқынды дамушы үдіріске айналуда.

ЮНЕСКО есебіне сәйкес 2008 жылы Қазақстан жалпыға бірдей білім беруді дамыту индексі бойынша 129 елдің ішінде көшбасшылар қатарына еніп, төртінші орынды иеленді. Елімізде білім беруді бағалаудың ұлттық жүйесі жұмыс жасауда, Еуропалық білім аймағына кіру үдірісі жүргізілуде. Жоғары мектеп әлемдік тәжірибеде қабылданғандай, мамандар даярлаудың үшдеңгейлі моделіне толығымен көшті: бакалавр - магистр - философия докторы (PhD). Кредиттік технология бойынша білім беру енгізілді. Біздің мемлекеттік университеті де алғашқы лекпен бірге 2003 жылдан кредиттік жүйе бойынша жұмыс жасауда. Мемлекеттік бағдарламалармен біршама түбегейлі жаңа тәсілдер енгізілуде, оның басым көпшілігі жалпыжүйелік және кадрлар даярлаудың барлық деңгейін қамтиды. Әрине, оның еңбастысы - білім беруді қаржыландыру мәселесі. Білім беру саласында шығындар соңғы он жылда тура он есеге өсті. Қазақстанда білім саласын қаржыландыру көлемінің соңғы бірнеше жыл бойы ЖІӨ-нің 4%-ын құраған. Мысалы, 2010 жылы бұл көрсеткіш ЖІӨ-нің 4,1%-ын құрады, бұл бірқатар еуропа елдері деңгейіне жақындасып келеміз деген сөз. Республикалық бюджеттің өзінен 2011-2015 жылдарға 461 миллиардтан астам қаржы бөлу қарастырылған [10].

Жаңа механизмдер енгізілуде: ең алдымен, білім берудің барлық деңгейлерінде әрбір жанбасына қаржыландыру. Бүгінгі күні мұндай тәсіл бойынша жоғары мектеп жұмыс жасауда. Берілген тетік бәсекелестікті дамыту үшін алғышарттар жасайды, яғни, білім беру қызметінің сапасын көтеру құралдарының біріне айналады. Осыған ұқсас тәсіл - ваучерлік-модульдік қаржыландыру - педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда қолданылады. Әрбір бірнеше жылда педагогтар қайта даярлыққа ваучерлер алатын болады және оны қайда өту дұрыс екендігін, тіптен, шетелдік

орталықтарды таңдай алады. Бұл қазақстандық ұйымдарды да қамтиды, демек, олар бәсекеге қабілеттілік жайлы байыпты ойлануға мәжбүр болады. Білім беру ұйымдарының басшылары да заманауи білім беру менеджментіне оқытылады. Қаржыландырудың тағы бір өте қызықты құралы - мемлекеттік білім берудің жинақтаушы жүйесі (ГОНС).

Ол арқылы Қазақстанның әрбір азаматына өзінің балаларын ЖОО мен колледждерде оқытуға төлейтін қаражаттарын жоспарлы түрде жинақтауға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде ҚР Білім және ғылым министрлігі қайткенде бұл жүйені барынша тартымды және кепілді сенімді етуге болатындығы төңірегінде жұмыстар атқаруда. Кадрлар даярлаудың барлық деңгейін қамтитын тағы бір маңызды аспект e-learning электрондық оқытуды кең түрде енгізу. Әлемнің дамыған елдерінде - Жапонияда, АҚШ-да, Ұлыбританияда, Финляндияда, Оңтүстік Кореяда және басқаларында - қазірдің өзінде электрондық оқыту бойынша ұлттық бағдарламалар орындалуда. Қазақстан мұндай тенденциядан шеткері қалуға мүдделі емес. 2015 жылы білім беру ұйымдарының 50%-ын электрондық оқытуға көшіру, ал 2020 жылға қарай бұл көрсеткішті 90%-ға дейін жеткізу жоспарланған және бұл кадрлар даярлаудың барлық деңгейінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиеде компьютерлік үйрету ойындары, орта мектептерде - электронды оқулықтар, колледждер мен кәсіптік лицейлерде - виртуалды тренажерлар, ЖОО-да - электронды ғылыми-зерттеу зертханалары қолданылатын болады. Жасалып жатқан қадамдар еліміздің келешегіне, Қазақстанның жаһандық экономикада өз позициясын нығайтуға зор үлес екендігі сөзсіз.

Тағы бір маңызды жаңашылдық - ЖОО-ына академиялық еркіндік беру. Оның негізгі мәні - білім беру бағдарламаларында таңдау компоненттерінің үлесі көбейеді: бакалавриатта - 70%-ға дейін, магистратурада - 80%-ға дейін, ал докторантурада - 90 - 95%-ға дейін. Біздің елімізде алғаш рет ЖОО-ның автономдығы мәселесі көтеріліп отыр. Болон процесінің қағидаларына сәйкес, оларға білім беру, ғылыми, қаржылық, халықаралық және өзгеде қызметтерін жүзеге асыруда еркіндік беріледі.

Білімнің мемлекеттік-қоғамы басқару жүйесін қалыптастыру білім беру жүйесін жаңғыртудың бір міндеті болып табылады. Қазақстанның жоғары мектебі бұнда шешуші рольді орындау керек. Бүгінгі таңда көптеген қазақстандық университеттердің стратегиялық даму жоспарларын әзірлеу және қоғам алдында қаражат жұмсау туралы ашық ақпаратты ұсыну тәжірибелері жоқ.

Өз кезегінде әлемдік үздік тәжірибе басқарудың корпоративтік қағидастарын енгізудің тиімді механизмдерін түсінуге және әзірлеуге мүмкіндік береді. Халықаралық рейтингтерде халықты жоғары біліммен қамту көрсеткіштері және сапалы білім беру қызметтерін көрсету бойынша жоғары позицияларды алатын АҚШ-тың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі ерекше қызықтырады.

«Әлемдік деңгейдегі университеттер» атты өз кітабында Д.Салми «АҚШ-тың үштілік білім беру жүйесі - әлемдегі ең үздік жүйе. Оның

табыстылығы қаржылық дербес болуымен және мемлекеттен толық тәуелсіз болуымен түсіндіріледі. Адал бәсекелестіктің рухы оның барлық институттарын қамтиды және оқу процесін және оның нәтижелерін қоғам үшін маңызды әрі пайдалы етеді» деп атады.

Жоғары оқу орындарын басқарудың тым либералдық жүйесі институционалдық автономияның абсолюттік басымдылығына және мемлекеттің ең аз араласуына негізделеді. Басқарудың «мемлекеттік емес» тәсілдері бұл - америкалық қоғамның тарихы және көптеген жоғары оқу орындарының конституциялық мәртебесінің болуы.

АҚШ университеттерінің дербестігі транспаренттіліктің және есеп берудің ойластырылған және сауатты жүйесімен сүйемелденеді. Шынайы әкімшілік және қаржылық билік америкалық университеттердің Қамқоршылық кеңесіне тиесілі.

Жоғары білім берудің басты аспектілерінің өзара қарым-қатынасы - Басқару және Қаржыландыру - Дьюк Университеті мен Солтүстік Каролина Институты (Чапел Хил) екі америкалық университеттердің табысты болудың факторлары болып табылады. Олар «мықты орталықтар» (зерттеу, академиялық орта) болып табылады, олар тиімді басқарумен ерекшеленеді. Жекеменшік Дьюк Университеті (қ. Дарем, Солтүстік Каролина штаты) әлемнің 20 үздік жоғары оқу орындарының рейтингінде көшбасшы орындарды алады. Оның құрылымына инженерия, медицина, құқық, мемлекеттік саясат, бизнес, қоршаған ортаның әйгілі мектептері және өнер мен ғылымдардың екі бөлімі кіреді. Университетте әлемнің 90-нан астам мемлекетінен келген студенттер мен аспиранттар білім алады. Университет Сингапур, Қытай, Үндістан, Біріккен Араб Әміршілігі сияқты серіктес елдермен 300-ден астам білім беру бағдарламаларын жүргізеді. Дьюктің ақпараттық құрылымы - Қазақстанның көптеген жекеменшік университеттері үшін үлгі: бірнеше ірі кітапхана, ақпараттық онлайн жеңіл қолжетімділігі, іздеу жүйесі, электронды кітапхана, бейнежүйе [11].

Дьюк университетінің басты стратегиялық құжаты - «Making a Difference: The Strategic Plan for Duke University» [12]. Стратегиялық жоспар Дьюк университетінің әкімшілігі, декандары, әрбір мектептің оқытушылары және студенттерінің бірлескен бірегей шығармашылық еңбегі. Бұл - Университеттің бүкіл командасының елдің, ұлттың және әлемнің дамуына өз үлесін қосуға ниеті. Бұнда «пәнаралық білімдерді әзірлеу бойынша университеттің әлеуетін жоғарылату, студенттерді білімді жасау және беру процесіне тарту, оқытушылар мен зерттеушілерді ғылыми ресурстар саласында қолдау арқылы білім беру әлемінде шынайы көшбасшылықты қамтамасыз ету» университеттің миссиясы белгіленді.

Студенттер мен оқытушыларды ынталандыратын білім беру саясаты, университетте бизнесті қолдау жүйесі, материалдық база мен инфрақұрылымы Дьюкке «мықты орталық» болуға мүмкіндік береді. Дьюк университеті барлық команданың ұжымдық көрінісі және келісімділігі болып табылады. Дьюк орталықтары мен мектептері білім беру қызметін мемлекеттік саясат, ғылым, техника және медицинамен диалог режимінде

жүргізеді.

Мысалы, Санфорд мемлекеттік саясат мектебі балалардың амандығын қамтамасыз ету, қауіпсіздіктің жаһандық зерттеулері және халықаралық даму сияқты салаларында қолданумен теориялық зерттеулер өткізеді. Экологиялық саясат институты үкіметтің, бизнес пен үкіметтік емес сектордың академиялық ғылым және экологиялық саясаттың ынтымақтастық орталығы болып табылады.

Солтүстік Каролина Research Triangle Institute Ұлттық гуманитарлық институты, Каролина биотехнологиялар орталығы, Ұлттық экология-медицина ғылымдары мен қоршаған ортаны қорғау институты сияқты атақты орталықтар мен институттар шоғырланған жері болып табылады.

Солтүстік Каролинаның Мемлекеттік институты (Чапел Хил) - University of North Carolina System - Солтүстік Каролина штатының Университеттік жүйесінің флагманы [13].

«Білім беру - инновациялар - зерттеулер» - UNC-Chapel Hill қызметінің қағидаты. Ол мемлекеттік зерттеу университеттерінің бірі ретінде белгілі, ол ҒЗТКЖ федеральдық қаржы шығыстарында елдің 100 ірі институттарының ішінде 16-орынды алады.

Университеттің зерттеу жұмысы бұл – мектеп түлектерін экономиканы білуге негізделген көшбасшылыққа дайындау, өз зерттеулерін оқытумен және тәлімгерлікпен сабақтастыратын оқытушыларды қолдау.

UNC ғалымдары елдің басқа ЖОО-ына дәріс оқуға және ғылыми зерттеулер өткізуге тартылады.

Америкалық университет профессорларының жеке табысы - олар оқытатын студенттерге жақсы үлгі. Мысалы, UNC профессорларының көптеген кәсіби жетістіктерінің азғантай ғана тізбесі:

- Оливер Смитис, патология және зертханалық медицина профессоры, Нобель сыйлығының иегері, оның жұмысы генетикалық медицина ғылымын түбегейлі өзгертті, миллиондаған адамдарға анағұрлым салауатты өмір салтын ұстануға көмектесті;

- Джессика Ли, балалар стоматологиясы кафедрасының доценті, 2010 жылғы Президенттің «Ерте мансап» сыйлығының иегері, бұл АҚШ-та ғалымдар мен инженерлерге арналған өзінің зерттеу мансабының басындағы ең жоғарғы марапат болып табылады;

- Иосиф DeSimone, химия профессоры, 2008 жылы жасыл химия саласындағы жұмысы үшін «Lemelson-MIT» сыйлығымен марапатталды. Бұл «өз бастамаларын өнертабыстарға және инновацияларға айналдыратын тұлғаларға» арналған жүлде.

Мәртебесі әртүрлі екі университеттің инновациялық және зерттеу қызметі Солтүстік Каролина штаты үшін «зияткерлік алтынның кен орны» болып табылады. Дьюк және Солтүстік Каролина университеттері студенттердің білім алуын табиғи жалғасуын және олардың академиялық білімін дамыту сияқты әлеммен өзара қарым-қатынасын қарастырады. Concentration of talent: universities as «think tanks» - олардың білім беру және зерттеу қызметін осылайша сипаттауға болады.

Американың екі университетінің тәжірибесін Қазақстанның университеттері жоғары мектептің ашықтығының және транспаренттілігінің бірегей үлгісі ретінде пайдалана алады. Қазіргі таңда білім беру қызметтерін тұтынушылар - студенттер мен олардың ата-аналары біздің альма-матерлерімізден анағұрлым үлкен дербестікті және есеп беруді күтеді.

Қазақстанның жоғары оқу орындары стратегиялық даму жоспарларын әзірлеуге университеттің өміріне қатысы бар, «екінші үйінің» болашағына немқұрайлық танытпайтын барлық тұлғаларды: декандар, оқытушылар, әдіскерлер, студенттерді барынша кірістіру керек.

Жоспар стратегиялық құжат болып табылады, өйткені бұл университеттің күшті жақтарын және артықшылықтарын қолданумен жасалған карта және іс-әрекеттер өрісі болып табылады. Бұл - жоғары мектептің барлық командасының елдің дамуына жеке үлесін қосу туралы "ашық мәлімдемесі" және міндеті.

«Utility curve» («тиімділіктің қисықтығы») әйгілі қағидатын жүзеге асыруды назарға алу маңызды. Жоспар іс-шараларды күнделікті жоспарлау үшін ғана әзірленбеу тиіс. Бұндай стратегиялық көз-қарассыз даму өз-өзін сәтсіздікке тіреуді білдіреді. Академиялық құндылықтардың және дәстүрлі университеттік мәдениеттің сақталуы маңызды.

Өз кезегінде ЖОО қызметінің келесі құрамдас бөліктерін ескеру маңызды:

- академиялық мақсаттарды «Білімді беру» ретінде дамыту, пәнаралықтық (дәстүрлі пәндердің шегарасымен қиысатын бағдарламалар),

- зерттеулердің «тік бірігуін» жасау (докторанттар, магистрлер, бакалаврлардың зерттеу топтарында өзара қарым-қатынас жасауы),

- оқытушылар мен студенттердің бастамашыл жобалық топтарын қолдау, профессорлар мен оқытушылар құрамын қалыптастыру ерекшеліктері және тәлімгерлікті дамыту (the Dean's Award for Excellence in Mentoring),

- студенттер мен магистранттарды қабылдау стратегиясы, мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмысы, студенттерге академиялық қауымдастықта қолдау көрсету, түлектердің әлеуетін пайдалану,

- инфрақұрылымды жетілдіру (студенттік жатақханалар және оқу бөлмелері),

- Республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана арқылы қазақстандық студенттердің әлемнің жетекші шетелдік университеттерінің үздік білім беру ресурстарына қолжетімділігі,

- университеттердің басқа білім беру ұйымдарымен серіктестігі (мектеп – колледж - ЖОО),

- университеттердің өңірлік даму стратегияларына қатысуы («Бұл - менің тұратын, білім алатын және жұмыс істейтін қалам» қағидаты),

- жұмысберушілермен өзара қарым-қатынас жасау (университеттердің өз түлектерін жұмысқа орналастыруға үлес қосуы).

Университет дамуының стратегиялық жоспары қиындықтарға қарсы тұру және оларды жеңу арқылы табыс пен көшбасшылыққа тізбектеп

жетудегі ұжымның көз-қарасын көрсетуге тиіс (сыртқы факторларға тәуелділік).

Бұндай басқару жобасының қаржы аспектісі ақшаны «жұмсау» сияқты қарастырылмай, қатаң нарықтық жағдайларда өзінің дамуына табыс табудың механизмі ретінде қарастырылу керек.

Жоғары оқу орындарды басқаруды жетілдіру үшін кейбір қазақстандық университеттердің қолданыстағы Қамқоршылар кеңесінің жұмысын қайта қарастыру маңызды. Оның құрамына мүдделі тұлғалар кіру керек (негізгі жұмысберушілер, ата-аналар қауымының өкілдері, студенттік жастар). Қамқоршылар кеңестері қағаз жүзінде емес, іс жүзінде Басқару кеңестеріне айналу керек.

«Жоғары білім берудің және мамандарды даярлаудың сапасы тізбекпен жоғары ілгерілеуге талпынатын экономикалар үшін шешуші мәнге ие» деп Дүниежүзілік экономикалық форумның сарапшылары белгілейді.

Әр мемлекет саяси және экономикалық бағытталудың өз жолын таңдайды. Табысқа жетудің әмбебап үлгісі - бірыңғай нұсқаулығы болу мүмкін емес. 21-ғасырдың жаңа ақиқаттары, ең алдымен, тексерілген мемлекеттік білім беру саясатын талап етеді.

Ең алдымен білім саласындағы әлемнің барлық елдеріне ортақ заңнамалардан, халықаралық конвенциялардан бастаған дұрыс. Халықаралық білім заңнамаларындағы негізгі құжат 1948 жылдың 10-шы желтоқсанындағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтары жөніндегі Жалпыға ортақ Декларация болып табылады. Ол құжатта білім мәселелері 3 ережеден тұратын арнайы статьяда көрсетілген.

Біріншіден, адамның білім саласындағы құқықтары айқындалып, бастапқы және жалпы білім берудің ақысыздығы, бастапқы білімнің міндеттілігі, техникалық және кәсіби білімнің қолжетімділігі жөніндегі ереженің ерекшелігі анықталады.

Екіншіден, тұлғаның дамуындағы, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы, қоғамдық прогресс пен бейбітшілікті қамтамасыз етудегі білімнің позитивті бағыты айқындалады.

Үшіншіден, баланың білім түрін таңдау кезіндегі ата-ананың басымдылығы көрсетіледі. Жалпы алғанда, Декларация мемлекеттер мен халықтар арасындағы білім мәселелері жөніндегі келешектегі келісімдердің саяси-моральдық негіздерін салды.

Білім, ғылым, мәдениет және ақпарат саласындағы жаһандық және аймақтық халықаралық-құқықтық актілерді жасау құқығына ие әлемдегі жалғыз ұйым ЮНЕСКО болып табылады.

Білім саласындағы соңғы онжылдықта ЮНЕСКО қабылдаған барлық халықаралық құжаттарды келесідей құрылымдарға бөлуге болады:

1) Білім саласындағы кез келген формадағы дискриминация саясаты мен тәжірибесін жою, мысалы, «Білім саласындағы дискриминациямен күрес жөніндегі конвенция» (1960);

2) Бейбітшілік, халықаралық өзара түсіністік, демократия мен гуманизм, адам құқықтарын сыйлау рухында тәрбиелеу;

3) Сәби құқықтарын қорғау, білім саласы қызметкерлерін кәсіби және әлеуметтік қорғау, мысалы, «Мұғалімдер жағдайы жөніндегі ұсыныстар» (1966);

4) Білім беруде халықаралық ынтымақтастықты дамыту, оның жекелеген салаларын ұштау, осы саладағы халықаралық статистика мен есептіліктің пайда болуы, мәселен, «Техникалық және кәсіби білім жөніндегі конвенция» (1989), «Ересектерге білім беруді дамыту жөніндегі ұсыныстар» (1976), «Білім саласындағы статистикалық мәліметтерді халықаралық стандарттау жөніндегі ұсыныстар» (1959), оқу курстарын мойындау жөніндегі аймақтық конвенцияла, ғылыми атақ және білім жөніндегі құжаттар және т.б.

Білім саласын Ұлттық деңгейде реттейтін өз еліміздегі заңдарға тоқталатын болсақ, сөзсіз Ата заңымыз – Конституциядан бастаған жөн. Конституциямыздың 30-бабы толықтай дерлік Қазақстан азаматтарының білім алуына арналған, мәселен осы баптың 2-тармағында былай делінген: «Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар», бұл бойынша жыл сайын мемлекет белгілі бір көлемде талапкерлерге арнап грант бөледі және ол конкурс негізінде іске асады. Ал 30-баптың 3-тармағында: «Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады» [1] – деп жазылып, мемлекеттік грантқа ие болу мүмкіндігіне қол жеткізе алмаған азаматтарға білім алудың жолы көрсетіледі. Конституцияның толықтай бір бабының білімге арналуы, азаматтардың білімі мемлекет үшін өте маңызды дүние екендігін көрсетеді.

Дегенмен, қазіргі тағда ҚР Конституциясын түбегейлі жетілдіру арқылы ғылым мен жоғары білім саласын трансформациялау барысында негіз болатын арнайы норма жоқ. Алыдыңғы қатарлыдамыған елдердің тәжірибесіндегі икемді норма осы тұста біздің елге де қажет, бірақ оған конституциялық негіз керек.

Ата заңымыз қабылданғалы быйылғы 29-жылдығында Конституциямыз еліміздің ішкі және сыртқы қарым қатынастарын реттеуде ең негізгі орынды иеленіп отыр. Әрине ол тәуелсіздік алған еліміз үшін алғашқы Конституциямыздың мәні мен мағынасы өте зор еді. Дегенмен, еліміз өз даму жолын нарықтық экономикаға негізделген капиталистік даму бағытын ұстануына орай және өтпелі экономикалық кезеңдегі кедергілерге төтеп беру мақсатында 1995 жылы Жаңа қазырғы қолданыстағы Конституцияны республикалық референдумда қабылдауға мәжбүр болған еді.

Қазақстан Республикасының конституциясы екі рет қабылданды соңғы ата заңымызға 6 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Алғаш рет 07.10.1998ж., 21.05.2007ж., 02.02.2011ж., 10.03.2017ж., 23.03.2019ж., 08.06.2022 ж.

2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум нәтижесі бойынша Конституциямыздың 35-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Дегенмен, ата заңымыздағы 6 рет жасалған өзгертулер мен толықтырулар Ғылым мен жоғары білім беру саласына қатысты айтылған норманы әлі күнге өзгертусіз қалып отыр. Осы тұрғыдан алғанда екі түрлі көзқарас байқалады алғашқысы ғылым мен жоғары білім беру саласының дамуы үшін заңдық негізде тұрықтылықтың болғанын қажет десе, ал екіншілері оған қарсы. Ғылым мен жоғары білім беру саласын тиісінше қоғамның барлық салаларымен бірге кешенді даму үшін конституцияны тиісінше толықтырылуды қажет ететіндігін алға тартады. Мысалы, ҚР Білім туралы заңы 27.07.2007 жылғы 95 рет жаңартылған болса ал ҚР Ғылым туралы 18.02.2011 жылғы заңы 18 рет жаңартылған екен.

Конституциямызда ғылымды және оған байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге негіз болатын бірде де бір арнайы бап қарастырылмаған. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары туралы да тиісінше бап жоқ.

Жоғарыда көрсетілген 30-бап негізігін орта білімді яғни, мектеп мен арнайы ортабілім деп түсінуге болады, олар оны реттеуге бағытталған. Оның өзінде де, заман талабына сай көптеген өзгерістер мен толықтыруларды қажет ететіндігін анықталып зерттеліп келеді. Қарапайым мысал, 1 тармақ бойынша, тегін және ақылы білім алу туралы мәселенің соңғы нүктесін әлі күнге ата заңда нақтыланбаған.

Ал, Конституцияның шынайы Ата Заңға айналуына және елде конституционализмнің қалыптасуына ықпал ететін басты институт – конституциялық бақылау екені сөзсіз.

Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде, яғни ХХІ ғасырда конституциялық бақылау адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуші ең басты құқықтық институтына айналып отыр.

Бұл институттың халықаралық құқықтық жүйеде де, ұлттық құқықтық жүйеде де алатын орны ерекше.

Әр мемлекетте конституциялық бақылау органдары моделін таңдауда әртүрлі формаларды қалайтынына назар аударма келе, белгілі ғалым Ж.Д. Бұсырманов, кейбір елдерде конституциялық соттар болса, келесі елде конституциялық кеңестердің, ал кейбірінде – конституциялық трибуналдардың құрылғанына назар аударады [14, 201 б.].

Конституциялық бақылау институтының жаңа мыңжылдықта құқықтың даму тенденциясына әсерін бейнелей келе, профессор Гарик Арутюнянның оны қоғамның жаңа, сапалы иммунно жүйесі деп атауы да тегін болмас [15,59 б.].

Жалпы, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, оларды қорғау және бұзылған жағдайда қалпына келтіру конституциялық бақылау органдарының алдындағы басты міндет.

Енді конституциялық бақылауды жүзеге асыру тәсілдеріне назар аударатын болсақ, ең алдымен мына мәселеге тоқтала кеткен жөн.

Конституциялық бақылаудың ең басты функциясы конституцияның елдің ішкі құқықтық жүйесіндегі үстемдігін орнату. Бұл функция негізінен

заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін немесе керісінше, олардың конституцияға қайшылығын анықтау және сол арқылы олардың күшін жою. Сонымен қатар, конституция нормаларына түсініктеме беру арқылы олардың құқықтық жүйедегі үстем күшін орнықтыру, оларды дұрыс қолдану жолын анықтау және конституциялық нормалардың мазмұны мен мәнін құқық қолдану практикасы үшін кеңінен ашып бекіту. Қажет болған жағдайда билік салалары арасында туындаған конституциялық дауларды шешу. Мысалы, заң шығарушы билік органдары мен атқарушы билік органдарының арасындағы құрамдас өкілеттіктердің қай органға тиесілі екенін немесе тежемелік және тепе-теңдік қағидаларын ұстана отырып билік органдары арасындағы байланысты орнықтыру.

Осы мәселелерді реттеудегі конституциялық бақылау органдарының құзыреті негізінен екі – алдын-ала және кейінгі бақылау формаларында жүзеге асырылады.

Осылай өзара шектеудің негізгі критеріі болып олардың жүзеге асырылу уақыты табылады. Алдын-ала бақылау конституцияға сәйкестігі тексерілуге тиісті акті күшіне енгенше жүргізіледі. Ал, кейінгі бақылауда құзыретті органмен қабылданып, күшіне енген актілер тексеріледі, яғни конституциялық бақылау объектісі болып қолданысқа түскен актілер табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. (17.09.2022 жылғы толықтырулармен қоса) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_.
2. Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. 01.09.2022 түзетулермен қоса. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
3. Ғылым туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV Заңы. (31.08.2022 жылғы толықтырулармен қоса) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407>
4. Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. (03.05.2022 жылғы толықтырулармен қоса) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>.
5. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000413>.
6. Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 мамырдағы № 336 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000336>.
7. Баймаханов М.Т., Аюпова З.К. и др. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан: Монография. — Алматы: КазГЮА, 2001. — 346 с.
8. World education report 2000 - UNESCO, Paris, 2000 –P.116
9. World education report 2000 - UNESCO, Paris, 2000 –P.118
10. 2011 - 2020 Жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010ж.
11. Құлтуманова А. Жоғары білімді дамытудың стратегиясы: АҚШ университеттерінің тәжірибесі. /"Высшее образование в Казахстане" журналы, 2011ж.

12. Ресми сайт // URL: <https://www.duke.edu/>
13. Ресми сайт // URL: <http://www.unc.edu/>
14. Бусурманов Ж.Д. О некоторых особенностях и проблемах конституционного контроля в Республике Казахстан // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция: Личность, общество и государство». 30-31 августа 2005 года. С. 479.
15. Арутюнян Г. Конституционная культура XXI века и новые вызовы системного развития конституционной юстиции // Вестник Конференции органов конституционного контроля стран молодой демократии «Конституционное правосудие». Выпуск 2 (40)-3(41), 2008. Центр конституционного права Республики Армения. Ереван-2008. С. 51.

XFTAА 34.03.47

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ БҰЗУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ВОПРОСЫ ПРОФИЛАКТИКИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С НАРУШЕНИЕМ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ТРЕБОВАНИЙ

Кошкинбаева Алия Сержановна

PhD, қауымдастырылған профессор, Алматы қаласы Тұран университетінің құқықтану және халықаралық құқық кафедрасы
PhD, ассоциированный профессор, кафедры юриспруденции и международного права университета Туран г.Алматы
ankin2022@bk.ru

Аннотация: Мақалада экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылық ұғымы, қылмыстылықтың жай-күйі, қылмыстылықтың негізгі себептері мен оған ықпал ететін мән-жайлар, қылмыстылықтың алдын алу шаралары қарастырылады.

Түйінді сөздер: экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, экологиялық талаптарды бұзу, қылмыстық жауаптылық, қылмыстылықтың алдын алу.

Аннотация: В статье рассматриваются понятие преступности, связанное с нарушением экологических требований, состояние преступности, основные причины преступности и обстоятельства, способствующие этому, меры профилактики.

Ключевые слова: экологические уголовные правонарушения, нарушение экологических требований, уголовная ответственность, профилактика преступности.

Заман талабына сай қылмыстық заңнаманы жетілдіру аясында Қазақстанда экологиялық құқық бұзушылықтармен күрес өзекті мәселелердің бірі саналады. Елдегі экологиялық саясат осы тұста көпшілік назарында жүр. Экологиялық заңнамалардағы түбегейлі өзгерістер нәтижелі жетістікке қол жеткізбеді. Елдің экологиялық жағдайы жақсара қоймады. Қоршаған ортаның ластануынан ұлттық экологиялық қауіпсіздікке қауіп

төніп, халықтың денсаулығына, өміріне нұқсан келуі жалғасуда.

Өндіріс еліміздің экономикасының маңызды құрамдас бөлігі бола тұра, оның қоршаған ортаға жағымсыз ықпал етуші негізгі қайнар көз екендігін де терістей алмаймыз. Мемлекеттік статистика деректері соңғы жылдары жылу энергетика саласындағы кәсіпорындардың, мұнай-газдардың әсерінен қоршаған ортаның ластану жағдайының елеулі түрде өскенін растайды. Бұл ауаны, жерді, суды ластайтын шығарындыларын тастау күйінде көрінеді.

Қазақстандағы қалалардағы ауаның ластануы 15 қалада нормадан асқан, атап айтсақ, Өскемен, Лениногор, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Теміртау, Шымкент, Тараз, Петропавл, Қарағанды т.б. Күні бүгінге дейін республикамызда 20 млрд. тоннадан астам өндіріс және тұрмыс қалдықтары жиналып қалған [1].

Байқап отырғанымыздай, өндірістердің қоршаған ортаға техногенді әсерінің басым бөлігі экологиялық заңнамаларды бұзудың салдарынан болып отыр. Табиғат байлығына қылмыстық қолсұғушылықтың кеңінен етек жаюы, латенттік деңгейінің жоғарылығы және қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылықтан қашып құтылмаушылық қағидатының іске асырылуының қанағаттандырылмауы экология саласындағы қылмыстық іс-әрекеттермен күресудің тиімді амалдарын қарастыруды қажеттігі туындайды. Алайда, елдегі криминогендік жағдайдың жылдан жылға нашарлауынан әлі күнге дейін экологиялық қылмыстылықпен күресте құқық қорғау органдары басты күшке ие емес.

2019 жылдың 2 қыркүйегінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Үкімет экологияны жақсартуға, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту, қоршаған ортаны сақтау ісін дәріптеу жұмыстарын жандандыруы керек. Осы орайда «Бірге – Таза Қазақстан» науқаны – қолдауға тұрарлық жоба. Бұл жұмысты жалғастыру керек» делінген болатын [2].

Сәйкесінше, елімізде экологиялық саясат басты назарға алынып, жүйелі қайта құруларды жүзеге асыру басты мақсатқа айналды. Жоба Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыруды және қоршаған ортаны сақтай отырып, мемлекетімізді дамыған 30 елдер қатарына кіргізу көзделуде.

Таза қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралардың қатарында экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтармен күрестің де үлесі бар.

Қылмыстылықтың алдын алу – қылмыстылықтың төмендеуі тенденциясын және оның сипаты мен құрылымының оң өзгерістерін сақтап қалу; қылмыстылықтың себептерін жою сынды шараларды қамтиды. Ал экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың алдын алу шараларының жүйесі, ұғымдық аппарат ретінде, ықпал ету шараларының ынталандыру мен шектеу сынды екі әдісіне негізделген.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңына сай, құқық бұзушылық профилактикасы жалпы, арнаулы және жеке шараларымен

жүргізілуі тиіс [3].

Экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың жалпы алдын алу шараларына жалпы мемлекеттік экологиялық саясатты қалыптастыру және кезекті іске асыру; сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы мен іс-қимылына кедергі келтіретін мемлекеттік экологиялық бақылау органдары жүйесінің қызметтерін оңтайландыру және тұрақтылығын қамтамасыз ету; қолданыстағы қылмыстық, әкімшілік және экологиялық заңнамаларды жетілдіру; осы саладағы нормативтік актілерге криминологиялық сараптама жүргізуді міндеттеу; халықтың қоғамдық экологиялық-құқықтық санасының деңгейін арттыруды жатқызуға болады. Бұл жалпы алдын алу шаралары адамның қоғамда лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге, қалыпты қажеттіліктерге (тұрғын үйге, материалдық жеткіліктілікке, жұмысқа және демалуға) заңды жолмен қол жеткізуге жағдай жасауға бағытталады.

Ал енді экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың алдын алудың арнайы шараларына келсек, ол экономикалық, әлеуметтік, мәдени-тәрбиелік, ұйымдастырушылық, құқықтық сипатқа ие және өзіндік ерекшеліктері де бар. Біріншіден, олардың барлығы қылмыстылықтың себептері мен оған итермелейтін мән-жайларын еңсеруге, қылмыс жасаған немесе қылмысқа оқталған адамдарға, сондай-ақ осындай әрекетке бейім адамдарға оларды түзету және қайта тәрбиелеу мақсатында ықпал етуге тікелей бағытталған. Екіншіден, мұнда жалпы әлеуметтік шаралармен салыстырғанда мәжбүрлеу элементтері басым. Үшіншіден, осы шараларды қолданудың ауқымы мен олардың нәтижелері салыстырмалы түрде шектеулі.

Экологиялық қылмыскерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту саласындағы құқық қолдану практикасын жетілдіруге, оның ішінде жазадан құтыла алмаушылық қағидатын іске асыруға бағытталған шаралардың (мысалы, экологиялық қылмыстар жасағаны үшін осы қылмыстық әрекеттердің қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкес келетін жаза тағайындаудағы сот тәжірибесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің) мәнісі зор. Соттардың қылмыскерге тағайындалатын жазаны негізсіз жеңілдетуі немесе оған қатысы бар қылмыстық қудалаудың негізсіз тоқтатылғанын ескермеу фактілері жазаның қылмыстылықтың алдын-алудағы орнын айтарлықтай төмендетеді.

Кейбір еңбектерде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін экологиялық талаптарды бұзудың салдарынан келген зардаптарды қалпына келтіруге бағытталған қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі қылмыстық жазаны қолдану мақсатқа сай, деген пікірлер кездеседі. Мұнда қоршаған ортаны қалпына келтіруге байланысты қолданылған іс-әрекеттер жайлы халықты тұрақты түрде хабардар етіп отырған маңызды саналады.

Қылмыстылықпен күресте мемлекеттік табиғатты қорғау және құқық қорғау органдарына елеулі көмек болатын қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асырудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін нығайту қажет. Экологиялық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардағы

сыбайлас жемқорлық әрекеттері қауіпті фактор болып табылады. Қоршаған ортаға нормадан тыс шығарындыларды тастаудың бір себебі лауазымды тұлғалар түрлі коммерциялық құрылымдардың пайдасына (тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды жасыру) өз лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланатын, рұқсат беру құжатынсыз табиғат пайдалануды жүзеге асыруға жол беретін сыбайлас жемқорлық қылмыстармен байланысты. Осы тұста табиғатты қорғау саласындағы сыбайлас жемқорлықпен күресетін арнайы органды құрудың маңызы ерекше. Ғылыми еңбектерде маманданған органды түрлі нысанда құру мәселесі көтеріледі. Мысалы, ҚР ПМ құрамынан мүмкін болса Экологиялық полиция Комитетін бөлектеп, ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы тектес ҚР экологиялық полиция бюросын құру, сондай-ақ адам, қоғам, мемлекеттің заңды экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін экологиялық юстиция жүйесін құруды М.Д. Қаражанов ұсынған [4].

Субъектілердің экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың алдын-алудағы қызметтері қылмыстылықтың объективті себептері мен оған итермелейтін мән-жайларға, жекелеген аймақтардағы қылмыстық қолсұғушылықты арандататын криминогенді жағдайларға, сондай-ақ жағымсыз жеке қасиеттерге тікелей ықпал етуі керек.

Аталған қылмыстылық түрімен күресті тек құқық қорғау органдарына жүктеп қойып, көзделген мақсаттарға қол жеткізу мүмкін емес. Оған барлық күштер мен құралдарды толық жұмылдара отырып қана қол жеткіземіз, яғни құқық қорғау органдарымен қатар табиғат қорғау органдары да.

Қоршаған ортаны қорғау функциясын мына органдар бірлесіп жүзеге асырады: ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігі (Су ресурстары жөніндегі комитеті; Геология комитеті; Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитеті; экологиялық реттеу және бақылау комитеті); ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігі (Жер ресурстарын басқару комитеті, Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті, Аграрлық-өнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті); ҚР Энергетика Министрлігі (Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті).

Сонымен қатар, экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың алдын алу субъектілеріне Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жатады.

Елдегі экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жолында мемлекеттік экологиялық бақылау шаралары іске асырылады. ҚР ЭК-тің 178-бабына орай, мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар: экологиялық заңнамадағы қарастырылған талаптардың сақталуын бақылайды; жалпы елдегі заңнамалардағы талаптарды сақтауды; экология саласындағы заңнамаларды бұзудың салдарынан қылмыстық іс-әрекеттің белгілері бар фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлайды; экологиялық заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуде өзге мемлекеттік органдармен, сонымен қатар жеке, заңды тұлғалармен өзара

әріптестікте болады; инспекторлық ақпарат құпиялылығын және мемлекеттік қызметші ретінде қызметтік әдеп ережелерін сақтайды.

Табиғат пайдалану құқығы жүйесінде бақылауды қатаңдату жөнінде шаралар қабылдап, бақылаушы құзыретті органдарға қоршаған табиғи ортаға зиян мен залал келтірумен байланысты құқық бұзушылық жағдайларын жою жөнінде қосымша өкілеттіктер берген жөн. Сондай-ақ мемлекеттік табиғат қорғау органдары ұйымдардың тәртіптік практикасына ықпалын күшейтуі тиіс, сондай-ақ ұйымдарды тәртіптік жазалардың есебін жүргізуге, оның есебін уәкілетті органға статистиканы құрастыруға және тәртіптік шаралардың тиімділігін арттыру шараларын анықтау үшін беруге міндеттеу керек.

Зиянды өтеуге қарағанда, экономикалық және экологиялық тұрғыдан оның алдын алуға негізделген орынды. Бұл мәселелерді экономистер мен экологтар егжей-тегжейлі қарауы тиіс. Құқық міндеті – заң нормалары мен ережелерін белгілеу, оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті енгізу, тәртіп бұзушылардың міндеттерін орындауын қамтамасыз ету, әсіресе, келтірілген зиянды толық өтеудің тетіктерін енгізу заман талабы болмақ.

Құқық қолдану тәжірбиесін талдау нәтижелері көрсеткендей, бұл саладағы қылмыстылықтармен күрес аса тиімді болмай отыр. Бұл тек әлеуметтік, экономикалық, саяси сипаттағы факторларға ғана емес, сонымен бірге заңнаманың жетілмегендігіне де байланысты, бұл өз кезегінде құқық қорғау органдарының тиісті қызметі деңгейінің төмендігін білдіреді. Кейінге қалдырылмайтын ұйымдастыру іс-шараларының қатарына құқық қорғау және бақылаушы органдарының қызметтерінің тиімділігін арттыруды жатқызамыз (атап айтсақ, алдын алу субъектілерінің өзара іс-қимылдарын күшейту, үйлестіру және осы құрылым қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру арқылы).

Экологиялық қылмыстық істер бойынша мәселе күрделі: мұнда экологтың, биолог, ихтиолог, метеоролог немесе геолог кім екенін ешкім біле бермейді. Экология саласында кеңес беру, ауаның ассимиляциялау қабілеті, ауаны токсикологиялық бақылау, ауадағы зиянды заттардың белгілерін шектейтін биотестілеу, бұл юридикалық ұғымдар емес, сондықтан тергеушілерге ол белгісіз. Қызметкерлерге қосымша білім беру жүйесі қолға алынуы тиіс, өйткені заң саласындағы білім басты орында, ал экологиялық білім қосымша болуы керек. Әу бастан-ақ құқық қорғау органдары, сот жүйесінде мамандандырылған құқық органдарын құра отырып, мамандандырылған органдардың қызметкерлерін даярлайтын арнайы оқу орындары мен біліктілікті арттыру орталықтарын сайлап алған жөн. Бұл саланың қызметкерлері үшін арнайы мамандықтар ашу артық етпес еді. Мысалы, бұрынғы қаржы полициясы Академиясы сынды.

Солтүстік Еуропа елдерінде де экологиялық қылмыстылықпен күресте құқық қорғау органдарын арнайы дайындықтан өткізіп отырады. Мысалы, Норвегияда барлық полиция округтерінде экологиялық қылмыстарға қатысты өзара іс-қимылдар үшін жауапты лауазымды тұлға, ал әрбір полиция учаскесінде экологиялық қылмыстарды тергейтін мамандандырылған

қызметкер болады. Мұндай қызметкерлер Ұлттық полиция академиясында арнайы дайындықтан өтеді [5].

Құқық қолдану тәжірибесін талдау нәтижелері көрсеткендей, экологиялық істердің 90%-ы (браконьерлік істерді қоспағанда) сотқа жетпейді немесе сотта «тоқтайды». Бұл көбінесе экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының ерекшеліктеріне және тергеушілердің осы ерекшеліктерді білмеуіне байланысты. Экологиялық құрамдардан кінәнің абайсыз нысанын алып тастау тергеу жұмысындағы елеулі қиындықтарға алып келді. Қылмыстық істі жүргізу барысында тергеуші қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғаның кінәсін дәлелдегенде оның тек менмендігі немесе немқұрайдылығын дәлелдейтін фактілерге сүйену жеткіліксіз, ол қылмыс құрамның барлық белгілерін сипаттайтын, мысалы, атмосфералық ауаның ластануы фактісі бойынша субъектінің қылмыстың жанама ниеттінің болғанын дәлелдегені де дұрыс.

Барлық табиғат қорғау іс-шараларының түпкі мақсаты – қоршаған табиғи ортаны сақтап қалу, оған тек белгіленген табиғат қорғау шараларының бұзылуына жол берілмейтіндігіне сенім-нанымды, жауаптылықты қалыптастырмай қол жеткізу қиын. Алайда, нақты жауапкершілік көзделмейінше сенім де маңызды емес, тіпті міндетті емес болып қала береді.

Қоршаған ортаға антропогендік әсердің өсуі және осыған орай экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар санының өсуі; онан келетін зардаптың күрделілігі; осы зардаптардың «жинақталуы» және ұзақ уақыт өткеннен кейін ғана байқалуы; осы салдарды жоюдың қиындығы, көптеген азаматтардың бір мезгілде зиян шегуі – осының барлығы қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігін сипаттайды. Сәйкесінше, бұл экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік тұжырымдамасын одан әрі әзірлеуді талап етеді.

Іс-тәжірибеде экологиялық талаптарды бұзу фактілері тіркелінгенімен де, қылмыскердің кінәсін айғақтайтын қоршаған ортаның, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің қырылып, жойылуының шынайы себебі әшкереленбейді, әсіресе, экологиялық қылмыстық іс-әрекеттердегі басты айғақтардың бірі саналатын сараптама қорытындыларында әділ тұжырым жасалмайды. Бұл құжаттың көмегімен қылмыстық істі ашуға әрі қарай ілгек тауып алуға болатын еді. Сондықтан да экологиялық сараптама беруден жалтару, экологиялық маңызы бар мәліметтерді қасақана жасыру және бұрмалау іс-әрекеттері үшін ҚР ҚК-де жауаптылықтың көзделуі қажет болып отыр. Мысалы, Украина қылмыстық кодексінің 238-бабымен (Халықтың экологиялық жай-күйі немесе сырқаттануы туралы мәліметтерді жасыру немесе бұрмалау) елдің экологиялық, оның ішінде радиациялық жай-күйі туралы, сондай-ақ экологиялық қауіптілігі жоғары аудандардағы халықтың сырқаттанушылық жай-күйі туралы мәліметтерді жасырғаны немесе қасақана бұрмалағаны үшін жауаптылық қарастырылған [6].

Экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың алдын алуда прокуратура қызметінің орны ерекше екендігін атап кетуге болады. Дегенмен де іс-тәжірибеде табиғатты қорғау прокуратураларының жұмысын ұйымдастыруда қызметкерлердің енжарлығы жұмыстарының тиімсіздігі, экологиялық заңнаманың бұзушыларға дер кезінде мән берілмейтіндігі жайлы жағдайларды кездестіруге болады [7].

Қорытындылай келе экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың алдын алуда жалпы және арнайы шаралар негізге алынады. Жалпы алдын алу шаралары елдің қалыпты өмір сүру жағдайын, жағымды рухани қатынастарды қалыптастыруға арналса, ал арнайы - криминологиялық сипаттағы шаралар экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың алдын алуға тікелей бағытталады.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігі (Су ресурстары жөніндегі комитеті, Геология комитеті, Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитеті, экологиялық реттеу және бақылау комитеті); ҚР Ауыл шаруашылық Министрлігі (Жер ресурстарын басқару комитеті, Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті, АӨК мемлекеттік инспекция комитеті); ҚР энергетика Министрлігі (Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті) және ҚР Ішкі істер Министрлігі (табиғат қорғау полициясы) экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстылықтың арнайы алдын алу субъектілері болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Названы города Казахстана с самым высоким уровнем загрязнения воздуха // <https://kursiv.kz/news/kompanii-i-rynki/2017-02/nazvany>.

2 Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев. Сындаларлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі: Қазақстан халқына жолдауы // https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president.

3 Қазақстан Республикасының Заңы. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы: 2010 жылдың 29 сәуірі, №271-IV қабылданған (19.12.2020 берілген өзгер. мен толық.) // https://kodeksy-kz.com/o_profilaktike_pravonarushenij/1.htm.

4 Қаражанов М.Д. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстармен күресу мәселелері // Л.Н. Гумилев атынд. ЕҰУ Хабаршы. – 2012. – №5(90). – Б. 162-166.

5 OECD Environmental Performance Reviews: Norway, 2011 // <https://www.oecd.org/env/country-reviews/47689079.pdf>.

6 Уголовный кодекс Украины: принят 5 апреля 2001 года, №2341-III (с изм. от 28.07.2022. года) // <https://meget.kiev.ua/kodeks/ugolovniy>.

7 Бас Прокурор табиғатты қорғау прокурорларының қызметін сынға алды // <https://aigak.kz/2018/03/13/bas-prokuror-tabiatt-oraу>.

АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

АКТУАЛЬНОСТЬ ЦИФРОВИЗАЦИИ АДВОКАТСКОЙ СФЕРЫ УСЛУГ

Долда Жақсылық Жұмаханұлы

Туран университетінің аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,

Алматы облыстық адвокаттар алқасының адвокаты

магистр юридических наук, преподаватель университета Туран

г.Алматы, адвокат

E. mail: zh.dolda@turab-edu.kz

Аннотация. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандырудың бүгінгі тиісінше жағдай жасалынған. Цифрлы технологияның көмегімен көптеген қызмет түрлері онлайн режимде қолжетімді болды. Мемлекеттік билік құрылымдары мен азаматтық қоғамның арасындағы алшақтық азайды. Заң көмегі, оның ішінде адвокаттық қызмет нысаны да цифрландыру арқылы жаңаша түрленді. Бұл мақала, осы цифрландыру қызметінің қалыпты адвокаттық қызметке тигізер әсерін зерттеуге бағытталған. Мұнда цифрландырудың тиімді көріністерімен қатар, оның келеңсіз тұстары да баяндалған. Зерттеу қорытындысы, адвокаттық қызметті тұтастай автоматтандырудың нәтижесі бұл қызметтің сапа көрсеткішіне қаншалықты әсер ететіндігін бекітеді.

Кілттік сөздер: Электронды құжат айналымы, Электронды Үкімет, Заң көмегі, Адвокатура, Адвокаттық қызмет, Цифрландыру, Е-өтініш ақпараттық жүйесі, “Е-Заң көмегі” бірінғай ақпараттық жүйесі.

Аннотация. Автоматизация государственных служащих в Республике Казахстан имеет большое значение. Многие услуги для технических специалистов стали доступны онлайн. Разрыв между государственной властью и гражданским обществом сократился. Юридическая помощь, в том числе в форме адвокатуры, была преобразована цифровизацией. Эта статья направлена на изучение влияния этой деятельности по оцифровке на обычную практику защиты интересов. Наряду с положительными сторонами цифровизации здесь описаны и ее недостатки. Вывод исследования, результат автоматизации службы адвокатуры в целом подтверждает, насколько эта служба влияет на показатель качества.

Ключевые слова: Электронный документооборот, Электронное правительство, Юридическая помощь, Адвокатура, Юридическая служба, Цифровизация, Электронно-заявительная информационная система, Единая информационная система «Электронная правовая помощь».

Әлемдік өркениеттің қарқынды дамуы ақпарат саласын айналып өтпегені белгілі. Ақпарат көлемі ұлғайып, қағаз құжаттарының үлесі екі есеге артты. Халықаралық зерттеулер әлемде жыл сайын шамамен 6 миллиард жаңа құжат жасақталатынын анықтады. Мұндай көлемдегі ақпарат айналымын ескі үрдіспен өңдеп, сақтау мүмкін емес болды. Сол себепті, әлем мемлекеттері, соңғы жылдары, қағаз құжаттарынан ішінара бас тартып,

электрондық құжат айналымына өтті. Тоқсаныншы жылдардың ортасы құжаттардың тек он пайызы ғана цифрлы формада болса, бүгінгі күні бұл көрсеткіш жетпіс пайызға өсті.

Электронды құжат айналымының тиімділігі қағаз шығынының азаюынан және де электронды құжаттардың шапшаңдығынан байқалды. Сондай-ақ, электронды құжаттардың орындалу барысының бақылану мүмкіндігі де, бұл жүйенің артықшылығын бекітті.

2004 жылы көтерілген бастаманың негізінде 2006 жылы Қазақстан, Оңтүстік Кореяның тәжірибесін негізге алып, «Электронды үкімет» порталын іске қосты. Мақсат - мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынасты барынша оңтайландыру, мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі сапалы көрсету.

Іске қосылған сәтінен бастап, бүгінгі күнге дейін бұл жоба қалыптасу мен дамудың іргелі төрт кезеңінен өтті, олар: ақпараттық, интерактивті, транзакциялық және түрлендірмелі кезеңдер. Соңғы кезеңнің міндеті, электронды көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалу мерзімін жылдамдату. Кейбір қызмет түрлерінің нәтижесі саналы секундтарда орындалатын жағдайға жетті, бұл қуанарлық жетістік. Халықтың игілігі үшін жасалған жоба, өзінің оң нәтижесін берді. Дүниежүзілік қауымдастық тарапынан да ұлттық жобамыз оң бағаланды.

Жаңа үрдіс, құқықтық қызмет саласын да айналып өтпегені анық, адвокаттық қызмет саласындағы цифрландырудың алғашқы және маңызды жетістіктерінің бірі нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық құқықтық жүйесінің қалыптасуы, яғни осы саланың автоматтандырылуы болды. Бүгінгі күні елімізде құқықтық нормалардың біріңғай жүйесін қалыптастырған «Zan» деректер базасы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі, **Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі**, «Best Profi» ақпараттық жүйесі (2010) сынды жобалар тұрақты жұмыс жасайды. [1]

Заң қызметін цифрландырудың тағы бір көрінісі - «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі. Бұл жүйе Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында жасалды. Жүйенің негізгі қызметі - мемлекеттік органдарға келіп түсетін барлық өтініштердің бірыңғай базасын қалыптастыру және онлайн режимде өтініш берушімен кері байланыс жүйесін орнату. Платформаны BTS Digital компаниясы әзірледі, негізгі операторы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы.

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесі -16 түрлі өтінім түрін, оның ішінде арыз, ұсыныс, адвокаттардың сұрау салуы, шағым секілді өтінім түрлерін қамтыған, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске негізделген сервис. Жүйе автоматтандырылған негізде жұмыс жасағандықтан, ондағы ақпараттарға талдау жүргізу арқылы оператор, өңірлер бойынша адамдардың проблемаларын жүйелеуге, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін анықтауға, проблемалардың жалпы көрінісін көруге мүмкіндік алды. Бұл, уақытында іске қосылған өте ыңғайлы платформа. Жүйеге кіру, өтінім

жіберу арнайы тіркелуді, жеке ақпараттарды ұсынуды қажет етпейді. [2]

2018 жылғы 5 шілдеде “Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы” ҚР заңы қабылданды. [3] Жобалану кезеңінен бастап, қабылдануына дейін қоғамдық сынға ұшыраған заңның бірі. Негізгі қарсылық еліміздегі адвокаттық қауымдастық тарапынан болды. Жаңа заң, Конституциямен бекітілген адвокаттық қызметтің тәуелсіздігіне қол салып, қызмет аясын тарылтты. Заң жобасына қатысты пікірлер қақтығысы, жобаның ата заңға сәйкестігін тексеру үшін Конституциялық кеңеске жолдануына негіз болды. Кеңестің оң қорытындысынан кейін, заң бекітіліп, қабылданды.

Жаңа заңның 24 бабымен “Заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі” ұғымы енгізілді. Оны жүзеге асыру мақсатында “Е-Заң көмегі” бірыңғай ақпараттық жүйесі әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Бастапқы пилоттық жобаның қызметі 2020 жылы мұнайлы өлке Маңғыстау облысын және Алматы мен Астана қалаларын қамтыды. [4] Тиімділігі іс жүзінде ақталғаннан кейін, жүйеге республиканың басқа өңірлері қосылды. Жоба операторы - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы. Жүйе мақсаты - сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында адвокат тағайындау процесі мен қызмет құнын есептеу және оның ақысын төлеу процестерін автоматтандыруға арналған. Сонымен қатар қағазсыз құжат айналымына көшуге, адвокаттарды тағайындауының ашықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етуге бағытталды.

Қолданыста болған екі жыл мерзім, “Е-Заң көмегі” бірыңғай ақпараттық жүйесінің халық үшін оның ішінде адвокаттар мен заң консультанттары үшін тиімділігін бекітті. Әсіресе мемлекеттік кепілдендірілген заң көмегін көрсету саласын автоматтандыруға зор үлес қосты. Соттар мен, сотқа дейінгі тергеу органдары кәсіби заң көмегіне мұқтаж адамдарды тиісті қызмет түрімен қамтамасыз ету үшін бұрынғыдай қағаз нысанындағы қаулыларын адвокаттардың аймақтық кеңсесіне тасу, нәтижесін күту секілді артық әрекеттерден арылды. Барлық іс-қимыл онлайн режимде жасалады.

Әділет министрінің есебіне сүйенсек 2021 жылғы көрсеткіш бойынша, еліміздің 122 мыңнан астам азаматы “Е-Заң көмегі” бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы 1,8 млрд теңгеге мемлекетпен кепілдендірілген көмек алған. Әлеуметтік жағдайы төмен 11 мыңнан астам азамат өтеусіз заң көмегін алған.

Ақпараттық цифрлы технологияның қалыпты және қарқынды дамуы халқымыздың әлеуметтік жағдайына оң әсер беріп, заманауи жаңа үрдістердің қалыптастыратыны анық. Жоғарыда келтірілген сандық және сапалы көрсеткіштер соның дәлелі. Әйтсе де цифрландыруды әр қызмет түрінің өзіндік табиғаты мен болмысын ескере отырып жүргізген дұрыс. Қызмет көрсетуші субъектінің тікелей қатысуымен ғана орын алатын қызмет түрлері жетерлік. Соның бірі адвокаттық қызмет.

Адвокаттық қызметті, онымен сабақтас өзге қызмет түрлерінен ерекшелетін бір белгісі - адвокаттық құпия мәселесі. Бұл ұғым арнайы заң нормаларымен бекітіліп, қорғалады. Адвокат пен оған жүгінуші тұлғаның арасындағы қарым-қатынас сенімге негізделеді. Сенім – құпияға жол ашады.

Құпияның сақталуы, ол адвокаттың – кәсіби міндеті. Демек, адвокаттық құпияның сақталуы мен қорғалуы бұл адвокаттық қызмет сапасының негізгі көрсеткіші.

Интернет әлеміндегі ақпараттық кеңістік толықтай қауіпсіз аймақ деп ешкім кепілдік бере алмайды. Технологияның қарқынды дамуы, осы саладағы құқық бұзушылықтардың дамуы мен жаңаша түрленуіне жол ашып отыр. Мұндай жағдайда ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету жеке адам тұрмақ, мемлекеттің өзіне қиындық тудырып отыр. Осы тұрғыда бекітілетін алғашқы тұжырым, қызмет саласын толықтай цифрландыру адвокаттық құпия институтының қалыпты қызметіне нұқсан келтіруі мүмкін. [5]

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңымен Ақпараттық қауіпсіздік ұғымы бекітілген, бұл дегеніміз – электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қатерлерден қорғалуының жай-күйі. [6] Осы анықтама арқылы заң шығарушы кез келген электронды ақпаратқа әлде бір тосын көзден қауіптің туыныдауы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Бұл жағымсыз болса да, бар құбылыс. Одан сақтанудың, қорғалудың мүмкіндігі, ол екінші бір мәселе.

2019 жылы 11 миллион қазақстандық азаматтардың жеке деректері интернет желісінің ашық көздеріне тарап кеткені мәлім. Арнайы жүргізілген тексеріс, ақпараттардың Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының дерек қорынан қолды болғанын бекітті. Бұл деген үлкен қауіп. Жеке құрылымдар былай тұрсын, мемлекеттік органның арнайы дерек қорынан ақпараттардың ұрлануы, тиісті қорғаныстың жоқтығын бекітеді.

Бүгінгі күннің өзінде арнайы уәкілетті органдар, азаматтарымыздың дербес дерек көздерінің ұрлануы болмаса, заңсыз өзгертілуіне қатысты түрлі арыз-шағымдарын қарастыруда. Меншік иесінің келісімінсіз пәтерге заңсыз тіркеуге отырғызу, азаматтың атынан негізсіз мемлекеттік қызметтерді алу, заңсыз несиелерді рәсімдеу, осының барлығы күнделікті өмірде орын алып жатқан келеңсіздіктер.

Заң көмегін толықтай цифрландыру мақсатында, адвокат пен клиент арасындағы деректердің арнайы дерек қорына енгізілуі көзделсе, оның қауіпсіздігіне, адвокаттық құпияның сақталуына адвокат дербес жауап бере алмайды. Бұл өз кезегінде құқық қорғау қызметінің төмендеуіне, қызмет сапасының әлсіреуіне алып келеді. Сол себепті, адвокаттық қызметті цифрландыру міндетті қағидаларды сақтай отырып жүргізілуі тиіс. Бұл қызметті толықтай цифрландырудың қажеті жоқ. Адвокаттық қызметтің ұйымдастырылуы сатысы ғана цифрландырудың объектісі бола алады. Қызметтің өзге бөлігі қалыпты қатынас аясында шешілуі тиіс.

Егер заң көмегі саласындағы уәкілетті орган адвокаттық қызмет саласын толықтай цифрландыруды жүзеге асыруды көздеген болса, онда әрбір адвокатқа автоматтандырылған ақпараттық жүйедегі дерек көздерінің жеткілікті қорғалғандығына қатысты кепілдеме беріп, өздеріне жауапкершілік алу қажет. Сондай-ақ, әрбір адвокаттың қызмет мүддесіне дербес IT-маман бекітілу қажет.

Адвокаттық қызметті цифрландырудың екінші бір келеңсіздігі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүргізілетін онлайн қатынастар қанша түрленсе де, ол адамдардың арасындағы қалыпты қатынасты алмастыра алмайды. Белгілі адвокат, Алматы қалалық адвокаттар алқасының мүшесі И.А.Меерзонның пайымдауында «Никто и ничто не заменит человеческого общения и сострадания, поэтому профессия адвоката, сродни профессии врача. Ни «цифровизация», ни компьютер не в состоянии сострадать и сочувствовать человеческому горю». [6]

Адвокатқа заң біліктілігін қалыптастырған тұлға есебінде ғана қарау, ол бұл қызметті толық бағаламау. Адвокаттың кәсіби қызметі психология ілімімен тікелей байланысты. Құқықтық көмекке жүгінген тұлғамен тікелей сұхбат жүргізу арқылы, адвокат оның мәселелсін жан-жақты зерттей алады. Бұл тұста клиенттің сөзін тыңдап, ойын бағдарлау, сұхбаттың бүркемеленген тұстарын анықтау, көзқарас пен іс-қимылдың мәнісін түсіну адвокат үшін маңызды. Цифрлы технология көмегімен жүретін сұхбаттарда, адвокат мұның ешбірін анықтап, байқай алмайды. Нәтижесінде адвокат, толық емес немесе жалған ақпараттың жетегінде, шынайы көріністі қалыптастырмастан қорғаныс қызметін түзеуге мәжбүрлі болады.

2020-2021 жылдары орын алған карантин кезеңінде адвокаттық қызмет алғаш рет онлайн режиміндегі сот істерін бастан өткерді. Тек қана сот жүйесі емес, қоғамның барлық саласы онлайн қатынасқа көшкен тұста, еліміздегі интернет қызметінің шекті мүмкіндігі белгілі болды. Шалғай орналасқан елді-мекендерді қоспағанда, Алматы секілді ірі қалалардағы интернет желілерінің өзі, сол тұста болған қызмет жүктелімін көтере алмады. Интернет желісінің баяу жұмыс жасауы, байланыстың жиі үзілуі желінің шамадан тыс жүктелмеге дайын еместігінен орын алды. Бұл өз кезегінде сот қызметінің де, адвокаттық қызметтің де сапа көрсеткішінің төмендеуіне алып келді.

Негізі, адвокаттық қызмет саласында ұзақ уақыт қызмет еткен мамандардың басым бөлігі онлайн режиміндегі сот отырысын қабылдамады. Көптеген адвокаттар сол кезеңде, өз қызметтерін уақытша тоқтатуға немесе өз жүктелімдерін азайтуға мәжбүр болды. Жалғыз себеп – олардың онлайн сот отырысын, қалыпты сот отырысындай сезіне алмауы. Сот залындағы адвокат, кәсіби біліктілігіне қарай, сотқа қатысушылардың барлығының айтқан сөздерін, жасаған әрекеттері мен іс-қимылдарын, олардың көңіл-күйлерін сүзгіден өткізгендей бақылап, талдап отырады. Соның нәтижесінде ғана сапалы қызмет көрсетеді. Ал онлайн режиміндегі сот отырысы ондай мүмкіндік бермейді.

Цифрлы технология көмегімен өткізілетін сот отырыстарына қатысушы адвокат үшін, оның техникалық қамтамасыз етілуі де аса маңызды. Айталық, қатысушылар саны он адамнан асатын үлкен істерді, қолда бар ұялы телефон құралы арқылы өткізу, бұл қисынға сыймайтын жағдай. Ұялы телефонның шағын экранынан барлық қатысушыны бір сәтте көру мүмкін емес. Сол себепті, әрбір адвокат, цифрлы технологияның заманауи құрылғыларымен, оның ішінде үлкен экранды

смарттеледидарларымен болмаса үлкен диагональды мониторлармен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл іс-шараны жеке адвокат жүзеге асыра алмайды. Тіптен адвокаттық қауымдастық үшін де бұл күрделі шығынды көздейтін шара. Мемлекеттің қолдауымен ғана жүзеге асуы мүмкін.

Адвокаттық қызметті цифрландырудың тиімділігін тек цифрлық сауаттылықты меңгерген азаматтар ғана пайдалана алатындығы, айтпаса да түсінікті. Демек бұл саланы тұтастай цифрландыруға көшірместен бұрын, мемлекет, әрбір азаматтық күнделікті өмірде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана алу қабілетін және мүмкіндіктерін арттыру қажет.

«Электронды үкімет» ұлттық платформасы іске қосқанымызға он алты жыл болса да, осы платформада тиісті тіркеуден өтпеген, электронды-цифрлық қолтаңбаны алмаған азаматарымыз жетерлік. Оның басым бөлігі ауылды жерлерде тұрады. Автоматтандырылған заң көмегіне қол жеткізудің барша үшін оңтайлы жағдайын жасағымыз келсе, бірінші осы азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыруымыз қажет.

Қолданыстағы «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі әлі де болса толық жетілдіруді қажет етеді. Бұл жүйенің, тек Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске негізделуі, оның қызмет аясын тарылтуда.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, қылмыстық-процестік заңнамасында, азаматтық процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында реттелетін қатынастарға қолданылмайды. Демек құқықтық қатынастардың бұл салалары бойынша «Е-өтініш» ақпараттық жүйесін қолдану мүмкін емес. Олай болса, тығырықтан шығар екі жол бар, бірі әр құқық саласына жеке, дербес ақпараттық жүйе енгізу, немесе, қолданыстағы «Е-өтініш» ақпараттық жүйесін барлық құқық салаларына қатысты бейімдеу. Меніңше соңғысы тиімді болады.

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесінің кемшіл тұстарының бірі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде “өтініш” немесе “өтінішхат” секілді өтінімнің түрі бекітілмегені. Өтінімнің бұл түрі «Е-өтініш» ақпараттық жүйесіне де енбеген. Демек адвокат өз өндірісіндегі азаматтық немесе қылмыстық істер бойынша, «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы өтінішхаттарын жібере алмайды. Өтінішхаттың нысанын өзгертіп көрсетіп, арыз немесе ұсыныс кейпінде жіберуге болады, бірақ ол жағдайда жүйе, өтінішхаттың мерзімін, Қылмыстық процестік кодексінде бекітілген 3 тәулікпен емес, айлық мерзіммен есептейді. Бұл өз кезегінде құжаттың шұғыл қаралып, шешілу мүмкіндігін жояды. Екіншіден, «Е-өтініш» ақпараттық жүйесінде орындаушы жайлы ақпарат толық берілмейді, онда тек орындаушының аты-жөні мен қызметі ғана көрсетіледі. Цифрландырудың бүгінгі жағдайында, әрбір мемлекеттік қызметкерде қызметтік электронды адрес пен қызметтік телефон номері бар. Осы ақпараттар, жүйеге енгізіліп, өтініш берушіге қол жетімді болса, бұл кері байланыстың қызметін арттырған болар еді.

«Е-өтініш», «Е-Заң көмегі» секілді ақпараттық жүйелер ақпараттық технология мамандарымен, яғни жүйелі программисттермен (системный

программист) жасалады. Қалыпты құқықтық қатынастардың барлық мәселесі, оның ішінде тәжірибелік және практикалық мәселелері технология тілімен ұштасқан кезде ғана сапалы ақпараттық жүйе қалыптастыруға болады. Біздерде бұл үрдіс біршама керісінше жасалады. Көп жағдайларда адвокаттар мұндай жобалардың әзірленуі мен жасалуы жұмыстарына қатыстырылмайды. Жоба жасалып, әзірленгеннен кейін барып, адвокаттар қауымдастығына таныстырылады, қолданысқа енгізіледі. Осы тәжірибе күрделі өзгеруі қажет. Сын айтып, уақыт жоғалтып, қалыптасқан жүйені өзгерткеннен бұрын, оның жасалу сәтінде барлық ұсыныстар мен пікірлердің ескерілуі, сол арқылы барлық қатысушылар үшін оңтайлы жүйенің жасалуы, цифрландырудың бастапқы талабы болу қажет.

Қолданылғын әдебиеттер тізімі:

1. «Ақпараттық-құқықтық жүйелер», КАЗГЮУ Университеті АҚ-ның халықаралық кітапханасы, (https://academy.kazguu.kz/kz/informat_sionnyeresursy/informatio-no-pravovye-sistemy/);
2. «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі, (<https://eotinish.kz/>);
3. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 5 шілде 2018 жылғы ҚР заңы;
4. «Е-Заң көмегі» бірінғай ақпараттық жүйесі, (<https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/press/news/details/116567?lang=kk>);
5. «Ақпараттандыру туралы» 24 қараша 2015 жылғы №418-V ҚР Заңы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>);
6. А.С.Советкина, А.В.Лошкарёв. Развитие цифровизации в сфере адвокатуры и адвокатской деятельности: преимущества и возможные недостатки. (<https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-tsifrovizatsii-v-sfere-advokatury-i-advokatskoy-deyatelnosti-preimuschestva-i-vozmozhnye-nedostatki>)
7. Меерзон И.А. Несколько мыслей на (животрепещущие) темы. /журнал Адвокаты Алматы №01-2(6364)06 2020, стр.16-24 (https://www.agka.kz/cms/wp-content/uploads/2020/06/01_2020.pdf);
8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 1 Нормативтік қаулысы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ
КОНТЕКСТІНДЕГІ БИЗНЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ**

**ЧАСТНО - ПРАВОВЫЕ КОНЦЕПЦИИ СОЦИАЛЬНОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА В КОНТЕКСТЕ УСТОЙЧИВОГО
РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

МРНТИ 10.27.41

**НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ
ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЯМ ПРИ РЕАЛИЗАЦИИ ДОЛЕЙ В ПРАВЕ
ОБЩЕЙ СОБСТВЕННОСТИ**

**ОРТАҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ҮЛЕСТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДА ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ КЕЙБІР
АСПЕКТІЛЕРІ**

*Абсалямова Ольга Николаевна
преподаватель кафедры частного права
Алтайского филиала РАНХиГС
РАНХиГС Алтай филиалының
жеке құқық кафедрасының оқытушысы
e-mail: olgagavrisenko@mail.ru*

Аннотация: В данной статье проведен анализ изменений в правилах реализации долей в праве общей собственности, способствующих противодействию «квартирному рейдерству». Выявлены положительные стороны в борьбе с недобросовестными субъектами рынка недвижимости. Установлены некоторые проблемы реализации долей, возникшие в связи с принятием изменений в законодательстве.

Ключевые слова: долевая собственность, отчуждение доли, регистрация недвижимости, защита интересов собственника.

Аннотация: Бұл мақалада «пәтерлерді басып алу» әрекетіне қарсы тұруға ықпал ететін ортақ мүлік құқығындағы үлестерді сату ережелеріндегі өзгерістер талданады. Жылжымайтын мүлік нарығының жосықсыз субъектілерімен күрестің оң жақтары анықталды. Заңнамадағы өзгерістерді қабылдауға байланысты туындаған акцияларды сатудың кейбір мәселелері анықталды.

Түйінді сөздер: үлестік меншік, үлесті иеліктен шығару, жылжымайтын мүлікті тіркеу, меншік иесінің мүдделерін қорғау.

Юристы говорят, что долевая собственность – от лукавого, ибо порождает огромное количество правовых конфликтов. Действительно, часто покупка долей в жилом помещении выступала способом обогащения для черных риелторов и квартирных рейдеров [1, с.160]. Имея незначительную

долю в праве общей собственности на недвижимое имущество, они прописывали в помещении лиц, которые делали невозможным нормальное использование жилья и вынуждали или продать его за бесценок или выкупить свою долю за значительную сумму. И правовых средств борьбы практически не существовало. Спасала только осмотрительность многих участников оборота и использование принципа публичной достоверности как основы государственной регистрации [2, с.174].

Поэтому законодатель установил правило: чтобы продать свою долю постороннему лицу, продавцу необходимо было соблюсти правило ст. 250 Гражданского кодекса РФ [3] (далее – ГК РФ) о праве преимущественной покупки. Т.е., при продаже доли в праве общей собственности постороннему лицу, остальные участники долевой собственности имеют преимущественное право приобретения продаваемой доли по цене, за которую она продается и на прочих равных условиях. Сам продавец доли обязан известить в письменной форме остальных участников долевой собственности о намерении продать свою долю постороннему лицу с указанием цены и других условий, на которых продает ее.

Часто в обход данной гражданско-правовой нормы недобросовестный продавец заключал две сделки.

Первой сделкой было совершение юридических действий по безвозмездному отчуждению, к примеру – дарению 1/100 доли в праве общей долевой собственности на жилое помещение. Соблюдение правила, предусмотренного ст. 250 ГК РФ, в данном случае не требовалось, так как оно установлено, только для сделок по возмездному отчуждению долей. Такая сделка не являлась ничтожной, так как носила реальный характер. Переход права собственности на «маленькую» долю подлежал регистрации в Росреестре. Также, сделка по такому безвозмездному отчуждению 1/100 доли в праве общей собственности имела иные юридические последствия, например, возлагала бремя содержания имущества (ст. 210 ГК РФ). Собственник, в соответствии с действующим законодательством, имел право пользоваться, владеть и распоряжаться такой долей (ст. 246 ГК РФ), а также получал право пользования общим имуществом в квартире – кухней, ванной комнатой и другими общими местами пользования (ст. 247 ГК РФ).

После проведения государственной регистрации сделки по безвозмездному отчуждению «маленькой» доли, заключалась основная сделка по возмездному приобретению оставшихся долей, имеющих в собственности у продавца. Только теперь она совершалась уже с сособственником жилого помещения.

Федеральный закон от 21.07.1997 № 122-ФЗ «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним» [4] такие сделки не запрещал. Никаких дополнительных затрат, кроме уплаты государственной пошлины не требовалось. Такой «порядок» был очень распространённым среди сделок по отчуждению долей посторонним лицам. Такие сделки совершались и после вступления в силу Федерального закона от 13.07.2015 № 218-ФЗ «О государственной регистрации недвижимости» [5]

(далее – Закон о регистрации).

Но! Федеральным законом от 01.05.2019 № 76-ФЗ "О внесении изменений в отдельные законодательные акты Российской Федерации в части особенностей изменения условий кредитного договора, договора займа, которые заключены с заемщиком - физическим лицом в целях, не связанных с осуществлением им предпринимательской деятельности, и обязательства заемщика по которым обеспечены ипотекой, по требованию заемщика" внесены изменения в ч. 1 ст. 42 Закона о регистрации, согласно которым, сделки по отчуждению долей в праве общей собственности на недвижимое имущество подлежат нотариальному удостоверению, за исключением небольшого количества поименованных сделок по отчуждению сразу всех долей, ипотеке, изъятию имущества для государственных и муниципальных нужд и т.п.

Это было значительным шагом в сторону защиты интересов собственников долей в праве общей собственности. Нотариусы, руководствуясь в своей деятельности Основами законодательства РФ о нотариате, в случае необходимости предоставления согласия третьих лиц для совершения сделки по отчуждению доли в праве общей собственности, в порядке, установленном ст. 250 ГК РФ, обязательно такое согласие истребуют.

Конечно, ч. 1 ст. 42 Закона о регистрации с этого момента накладывала на стороны дополнительные расходы по удостоверению договоров. В свою очередь, продавец и покупатель, являясь сторонами договора, удостоверенного нотариусом, были защищены от рисков сделки.

Но законодатель пошел дальше, приняв Федеральный закон от 14.07.2022 № 310-ФЗ «О внесении изменений в Семейный кодекс Российской Федерации и отдельные законодательные акты Российской Федерации» [6] и введя в действие с 01.09.2022 часть 1.1 ст. 30 Жилищного кодекса РФ (далее – ЖК РФ). В соответствии с вышеуказанной нормой, собственник жилого помещения не вправе совершать действия, влекущие возникновение долей в праве собственности на это помещение, а обладатель доли в праве общей собственности на жилое помещение не вправе совершать действия, влекущие разделение этой доли в праве общей собственности, если в результате таких действий площадь жилого помещения, приходящаяся на долю каждого из собственников и определяемая пропорционально размеру доли каждого из собственников, составит менее шести квадратных метров общей площади жилого помещения на каждого собственника.

Законодатель справедливо указывает на ничтожность сделки при несоблюдении вышеуказанного правила. И, как следствие, на ее недействительность, независимо от такого признания ее судом (п. 1 ст. 166 ГК РФ).

В настоящее время, продолжает свое действие норма, закрепленная в ч. 1.1 ст. 42 Закона о регистрации (в последней редакции), а это значит, что удостоверяя договор, нотариус должен убедиться в его действительности и провести необходимую правовую экспертизу поданных ему документов.

В свою очередь, п. 13 ч. 1 ст. 26 Закона о регистрации, регламентирует совершение определенных действий по приостановлению государственной регистрации прав по решению государственного регистратора прав в случае, если сделка, подлежащая государственной регистрации или являющаяся основанием для государственной регистрации права, ограничения права или обременения объекта недвижимости, является ничтожной.

Данное указание в законе, требует от государственного регистратора прав проводить полную правовую экспертизу, а руководствуясь ч. 1.1 ст. 30 ЖК РФ, также производить расчеты площадей в соответствии с долями, указанными в договоре, независимо от проведения нотариального удостоверения. Представим ситуацию, в которой собственник 5/10 долей в праве общей собственности на квартиру, общей площадью 50 кв.м., имеет намерение продать или подарить 1/10 долю в праве от имеющейся у него. Простым арифметическим действием, путем умножения площади квартиры на размер отчуждаемой доли ($50 \cdot 1/10 = 5$ кв.м.), получаем ничтожную сделку, так как у одного физического лица возникает доля, равная 5 кв.м., то есть, менее 6 кв.м.

В свою очередь, при возникновении права общей долевой собственности на жилое помещение в результате наследования по любому из оснований, а также в случаях приватизации, и исходя из возникновения права общей долевой собственности на жилое помещение по закону, как-то, сделки, заключаемые в соответствии с ч. 4 ст. 10 Федерального закона от 29.12.2006 г. № 256-ФЗ «О дополнительных мерах государственной поддержки семей, имеющих детей», указанное в ч. 1.1 ст. 30 ЖК РФ правило не применяется.

Несомненно, это сыграет свою роль в борьбе с недобросовестными субъектами рынка недвижимости. Но на сегодняшний день остается нерешенным вопрос, как быть тем собственникам, у которых такие доли возникли до 01.09.2022, и как их реализовывать, или как реализовывать те доли, которые возникли после 01.09.2022 в силу закона. Нам остается только ждать разъяснений от Росреестра и от вышестоящих судов.

Список использованной литературы

1. Хужин А.М. Некоторые вопросы совершенствования законодательства в сфере противодействия правонарушениям со стороны арбитражного управляющего и иных лиц, участвующих в деле о банкротстве // Алтайский юридический вестник. – 2016. – № 3. – С. 158-162.
2. Чесноков А.А. Публичность имущественного реестра как гарантия безопасности добросовестного приобретателя / А. А. Чесноков // Юридическая наука и практика: Вестник Нижегородской академии МВД России. – 2019. – № 3. – С. 171-176.
3. Гражданский кодекс Российской Федерации (часть первая) от 30.11.1994 № 51-ФЗ (ред. от 25.02.2022) // Собрание законодательства РФ, 05.12.1994, № 32, ст. 3301.
4. Федеральный закон от 21.07.1997 № 122-ФЗ «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним» (утратил силу) // Собрание законодательства РФ, 28.07.1997, № 30, ст. 3594.
5. Федеральный закон от 13.07.2015 № 218-ФЗ «О государственной регистрации недвижимости» (ред. от 14.07.2022) // Собрание законодательства РФ, 20.07.2015, № 29 (часть I), ст. 4344.
6. Федеральный закон от 14.07.2022 № 310-ФЗ «О внесении изменений в

Семейный кодекс Российской Федерации и отдельные законодательные акты Российской Федерации» // Собрание законодательства РФ, 18.07.2022, № 29 (часть III), ст. 5277.

7. Формирование и развитие отраслей права в исторической и современной правовой реальности России: В 12 томах / А. А. Демичев, Р. Л. Хачатуров, Д. Х. Валеев [и др.]. – Москва: Издательство «Юрлитинформ», 2022. – 512 с.

МРНТИ 10.23.21

СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Амирова Меруерт Аскаровна

*магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры
гражданско - правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University
заң ғылымдарының магистры, азаматтық құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы Alikhan Bokeikhan University*

Аннотация. В данной статье рассматриваются тенденции развития и перспективные направления социальной ответственности бизнеса в Казахстане. В настоящее время в Казахстане еще только начинает формироваться философия корпоративной социальной ответственности бизнеса, усиливается внимание к социально ответственному имиджу казахстанских компаний, разрабатываются корпоративные этические стандарты. Все это направлено на изменение отрицательного отношения в обществе к бизнесу, формирование положительной репутации казахстанского бизнеса на международной арене. Эта тенденция требует научного сопровождения, предметного анализа и практических рекомендаций. Несомненно, для казахстанского общества понятие социальной ответственности бизнеса важно с позиции гармонизация взаимоотношений между интересами бизнеса, общества и государства для успешного решения общенациональных задач, а именно для поддержания сложившегося уровня социально-трудовых гарантий и обеспечения новых задач, стоящих перед инновационной экономикой.

Ключевые слова: социальная ответственность, социальное партнерство, предпринимательство, бизнес, управление.

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстандағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің даму тенденциялары мен перспективалық бағыттары талқыланады. Қазіргі уақытта Қазақстанда бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі философиясы енді ғана қалыптаса бастады, қазақстандық компаниялардың әлеуметтік-жауапты имиджіне көңіл бөлінуде, корпоративтік этикалық стандарттар әзірленуде. Мұның барлығы қоғамдағы бизнеске деген теріс көзқарасты өзгертуге, халықаралық аренада қазақстандық бизнестің оң беделін қалыптастыруға бағытталған. Бұл үрдіс ғылыми қолдауды, пәндік талдауды және практикалық ұсыныстарды қажет етеді.

Қазақстандық қоғам үшін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тұжырымдамасы ұлттық мәселелерді табысты шешу, атап айтқанда, әлеуметтік және еңбек кепілдіктерінің

қазіргі деңгейін сақтау мақсатында бизнестің, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің өзара байланысын үйлестіру тұрғысынан маңызды екені сөзсіз. және инновациялық экономика алдында тұрған жаңа міндеттерді қамтамасыз ету.

Негізгі сөздер: әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік серіктестік, кәсіпкерлік, бизнес, менеджмент.

В современном обществе роль бизнеса и предпринимательства уже не ограничивается лишь созданием рабочих мест, материальных ценностей и извлечением прибыли. Достигнув в своем развитии определенного уровня, бизнес должен ставить перед собой новые задачи. И чем бизнес цивилизованнее, тем значительнее становится его участие в социальной жизни своего города, региона, государства.

Общество, оценивая деятельность предпринимательской организации, рассматривает не только производственные и финансовые показатели, но и то, как организация ведет свою деятельность, заботится о собственных работниках, насколько ее деятельность соответствует интересам других участников рынка, жителей территорий ее присутствия, а также общества в целом.

Социальная ответственность представляет собой реализацию не только своих экономических интересов и целей, но и воздействия деловой активности на собственный персонал, потребителей и организации, совместно с которыми осуществляется та или иная деятельность. Социальная ответственность – это обдуманная, взвешенная деятельность. Проявляется она в долгосрочном участии в конкретных проектах, направленных на улучшение мира вокруг. Это некий вклад. Какой бы сильной не была коммерческая структура, она не может существовать вне своей среды. А среда – это город, страна, люди, которые там живут [1, с.11].

Следовательно, социальная ответственность – это своеобразный вклад организации в собственный фундамент. Однако сегодня предпринимательские организации осознанно или нет, игнорируют ответственность перед своими работниками и задачами, которые они выполняют в обществе.

В связи с этим, в настоящее время проблема социальной ответственности бизнеса превращается в весьма актуальную.

Совершенно очевидно, что корпоративная социальная ответственность в Казахстане находится пока в начальной стадии своего развития. Поэтому - за некоторыми исключениями - заметно недопонимание чисто практической ценности корпоративной социальной ответственности. В этой связи существует опасность подменить положительно зарекомендовавшую себя на практике концепцию корпоративной социальной ответственности на конвейер по производству документации по квазиположительной социальной отчетности. В целом, создается впечатление об отсутствии у большинства казахстанских компаний осмысленной долгосрочной стратегии в корпоративной социальной ответственности.

Таким образом, по источникам регулирования, практике и драйверам

казахстанский вариант корпоративной социальной ответственности представляет собой смесь британской модели (добровольное инициирование бизнесом) и континентальной схемы (желание предприятий получить от государства четкие законодательные рамки корпоративной социальной ответственности). В силу начальной стадии развития корпоративной социальной ответственности в стране имеет место недопонимание ее целостной концепции, апробированных практик и полезности. Корпоративная социальная ответственность ориентировано на ближний круг стейкхолдеров - государство, собственников и сотрудников. Более широкий круг заинтересованных сторон - местные сообщества, поставщики, и пр. - пока не является системным признаком. По мере развития рынка и взросления общества, придет понимание необходимости сотрудничества с другими стейкхолдерами [2].

Определение социальной ответственности предпринимательства как только добровольного вклада его в развитие общества в социальной, экономической и экологической сферах, связанного напрямую с основной деятельностью компании и выходящего за рамки определенного законом минимума, не дает полной и достаточной характеристики данного понятия. В отличие от этого распространенного определения, мы считаем, что вклад предпринимательства в развитие общества, носит как добровольный, так и обязательный характер.

В Казахстане нормы корпоративной социальной ответственности внедряет, как правило, только крупный бизнес. При этом, несмотря на то, что КСО - понятие обширное, большинство инициатив в этой области ограничиваются только благотворительной помощью. Хотя могут включать в себя и другие сферы: защита прав потребителей, социальные и экологические проекты.

Сейчас основной двигатель процесса внедрения КСО — это государство. Именно оно регулирует законодательные акты (например, закон о защите прав потребителей), рекомендованные нормы КСО, льготы для бизнеса и юридические нюансы. Однако именно благодаря участию бизнеса процесс можно ускорить. Ведь социально ответственный бизнес — это столб, на котором должна строиться предпринимательская деятельность [3, с.45].

К особенностям казахстанской модели КСО можно отнести следующее: Во-первых, цель бизнеса – прибыль и выполнение обязательств, прежде всего, перед непосредственными участниками бизнес-процесса словом, все те, кто инвестировал капитал. После достижения этих задач возникает ответственность перед обществом. Простыми словами, само существование компании это уже плюс, она обеспечивает население рабочими местами и платит налоги, просто так компания не может себе позволить тратить активы. Во-вторых, социальная ответственность имеет место быть в компаниях, имеющих долгосрочные планы развития и активно работающих на конкурентном рынке, а также исправно платящих налоги.

В-третьих, имеется перекос в последовательности «власть – бизнес – общество» между отношением к собственному персоналу и внешним

атрибутам социальной ответственности. Под внешними атрибутами понимается проявление социальной ответственности в виде акций, благотворительных мероприятий и т.д. Отношение к собственному персоналу проявляется в виде поощрительных и компенсационных мер по различным мотивам и исходя из конкретной ситуации. Например, помощь семье работника ввиду его временной болезни. В-четвертых, нет универсальной формулы в цепочке «власть – бизнес – общество». Есть свои плюсы и минусы, остается лишь взвешенно подойти к выполнению обязательств. Мы не можем ввести единый стандарт для всех компаний, без учета специфики региона и структуры компании. То, что для национальной компании хорошо, не совсем подходит для частных. Также и с международными компаниями, уровень развития и возможности которых намного больше локальных предприятий. В-пятых, может сложиться впечатление, будто государство переложило ряд своих функций на общество и бизнес, скорее это следствие расширения института гражданской ответственности. В целом данный механизм является саморегулирующимся, если же все стороны ведут конструктивный диалог и находят точки соприкосновения, то это позитивно для всей системы. В-шестых, нет доступной единой базы данных с реальными отчислениями компаний на развитие социальных проектов, если нет показателей, трудно оценить ситуацию и делать выводы. В-седьмых, КСО – это не панацея от «болезней» капитализма, не следует думать, что данная философия одобрительно принимается всем бизнес - сообществом. Также не мало фактов, когда компания создает лишь иллюзию активности. В-восьмых, проявление социальной ответственности по силам лишь крупным и транснациональным компаниям, как правило, от малого и среднего бизнеса никто и не требует соблюдения принципа социальной ответственности. Хотя практика показывает, что МСБ эффективно решает проблемы местного сообщества, ввиду информированности о тех или иных проблемах. В-девятых, есть различные факторы, которые обязывают и тяготят производство, заставляя, по сути, содержать местное сообщество, так происходит в моно производственных городах [4, с.18].

Казахстанская модель корпоративной социальной ответственности. В-десятих, важно не перегнуть палку, между отстаиванием интересов общества, с одной стороны, и соблюдением прав бизнеса на саморазвитие и определения вектора развития – с другой. Естественность процесса, вот ключ к развитию, любые искусственные условия приведут к неэффективности всего комплекса КСО.

Казахстанский бизнес уже сейчас проявляет социальную активность и делает шаги в сторону большей социальной ответственности и социальной отчётности. В основе бизнеса лежит не только стремление к наживе, сама природа бизнеса предполагает развитие и расширение своей капитализации за рамками «домашних стен». Вмешательство государства в область социальной ответственности бизнеса должно исключать императив и носить рекомендательный характер. На данном этапе важна именно моральная

поддержка данных процессов со стороны государства – учреждение премий, медалей, также есть смысл в налоговых послаблениях, что лишь подстегнет интерес со стороны бизнеса. Деловое сообщество для защиты своих интересов должно выступать единым фронтом в лице всевозможных союзов, это поможет при разработке критериев и механизмов социальной отчетности. Несомненно, в этих сферах происходит множество конфронтаций между бизнесом и обществом, которые носят латентный характер и остаются не отраженными в теории и практиках КСО компаний.

Список использованной литературы:

1. Социальные программы социальной ответственности бизнеса [Электронды ресурс] // Деловой журнал «Устойчивый бизнес». - 2008.
2. «Предпринимательский кодекс РК» от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК.
3. Короткова Э.М. Корпоративная социальная ответственность, Учебник для бакалавров, — М., изд-во «Юрайт», -2013, -с.45.
4. Благов Ю.Е. Концепция корпоративной социальной ответственности и стратегическое управление // Российский журнал менеджмента. 2014. № 3. С. 18–20.

XFTAА 10.27.55

**МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТІ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ
ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ОТНОШЕНИЙ В
СФЕРЕ УПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СОБСТВЕННОСТЬЮ**

Исмагулов Аскербек Еркинович

*азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
Alikhan Bokeikhan University*

*старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин
Alikhan Bokeikhan University*

askerbek_ismagulov@inbox.ru

Аңдатпа. Азаматтық құқықтық қатынастарда мемлекеттік меншікті басқару мәселелерін анықтайтын алғашқы кешенді ғылыми-құқықтық зерттеулердің бірі болып табылады. Бұл мақалада мемлекеттік меншік құқығының дамуы зерттеліп, мемлекеттік мүлікті азаматтық-құқықтық тұрғыдан қорғауды жетілдіру тетіктері мен қазына мүлкін басқару және мемлекеттік секторды реформалау қорын құру жөнінде тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: мемлекеттік меншік, мемлекеттік мүлік, ұлттық компания, экономика, мемлекеттік қазына.

Аннотация. Государственная собственность - является экономической категорией и определяется как общественное отношение по поводу государственного имущества. В данной статье изучено развитие права государственной собственности, сделаны выводы о механизмах совершенствования гражданско-правовой охраны государственного имущества и создания фонда управления имуществом казны и реформирования государственного сектора.

Ключевые слова: государственная собственность, государственное имущество, национальная компания, экономика, государственная казна.

Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Ал мемлекет жер қойнауын пайдаланушылар мен арада жасалған келісімшарттар негізінде қазақстандық және шетелдік жеке және заңды тұлғаларға келісімшартта көрсетілген аумақтың шегінде жер қойнауына иелік ету мен пайдалануға құқық береді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы аса ірі мұнай мен газ кен орындарын шетелдік инвесторлар сонау 90-жылдардың басы мен ортасында жасалған екі жақты ұзақ мерзімді келісімшарттарға сәйкес игеріп отыр. Ол кезең заңдылықтың дұрыс жетілмегендігімен, мәртебесі мен қызмет аясы жиі өзгерген сан алуан мемлекеттік органдардың болуымен, Қазақстан экономикасына шетелдік инвестиция тартудың ауадай қажеттілігімен сипатталады. Яғни, ресейлік зерттеушілердің айтуынша, Қазақстан Республикасы шегірткедей қаптаған трансұлттық мұнай корпорацияларының жаппай жаулауына ұшырады. Олармен келісімшарттар тиісті дәрежедегі заңды негізсіз, Қазақстан үшін үлкен қаржылық, ұйымдастырушылық және құқықтық тиімсіз формаларда жасалды [1].

Бүгінгі таңда мемлекеттік мүлікті қорғау мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл, бірінші кезекте мемлекеттік мүліктің мазмұнының және оларды басқару тәртібінің өзгеріске түсуімен тығыз байланысты. Егер, бұрын жоспарлы экономика тұсында мемлекет өзінің меншігіне тиесілі мүлікті мемлекеттік мекеме-кәсіпорындарға жедел басқаруға немесе шаруашылық жүргізу құқығына беріп келген болса, қазір мемлекеттік мүлікті жеке меншікке беру оқиғалары қалыпты жағдай. Яғни, енді мемлекет жеке заңды тұлғаның, соның ішінде, көбінесе акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысына айналады. Бұл жерде, әрине, акциялардың мемлекеттік пакеттері мен шаруашылық серіктестіктеріне қатысу үлестері мемлекеттік мүліктердің санатына жатады. Алайда, мұндай мүліктің құқықтық режимі мемлекеттік кәсіпорын немесе мекеме мүлкінің құқықтық режимімен салыстырғанда түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Акционерлік қоғамда акциялар пакетіне немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікте үлеске ие бола отырып, мемлекет заңды тұлғаға қарапайым қатысушы мәртебесін алады. Сол себепті, мемлекет азаматтық заңдылықпен реттелетін қатынастарға заңды тұлғалардың қатысуын, соның ішінде жеке заңды тұлғаларға қатысуын анықтайтын ережелерге толыққанды бағынады.

Сонымен бірге, мемлекет экономика үшін айрықша маңызға ие мекеме-ұйымдардың акцияларына немесе олардағы белгілі бір үлестерге иелік ете алады. Бұлар: ірі өндіріс ошақтары, көлік кәсіпорындары, энергетикалық компаниялар және т.б. Сондықтан, қазіргі кезеңде, мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру барысында, ең алдымен, мемлекеттік акциялар пакетін немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі үлестерді тиімді

басқару мәселелері басты орынға шығады. Осыған орай, мүліктердің аталмыш санатын анықтап, нақты көрсету үшін заңдылықта түсінуге ыңғайлы – «мемлекеттік активтер» деген ұғым кеңінен қолданылып жүр.

Мемлекеттік активтерді жеке меншікке бергендегі негізгі мақсат оларды басқарудың тиімділігін арттыру еді. Өкінішке орай, бұл мақсатқа жүз пайыз жету мүмкін болмады. Жеке инвесторлар өздеріне берілген нысандардың, мүліктердің функцияларын, мақсаттарын ескерместен, қысқа мерзімде мол пайда табуға пайдаланды. Бірқатар білім беру, электр қуатын өндіру, көлік компаниялары, телерадиотарату корпорациялары, өндірістік, әлеуметтік сипаттағы нысандар осындай жағдайлардың «кұрбаны» болды. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру бойынша сот практикасы көрсеткендей, мемлекеттік нысандарды иеліктен шығару көп жағдайда өрескел заң бұзушылықпен жасалған, жекешелендіру заңдылығын заңсыз айналып өту схемалары қолданылған, жеке меншікке мүлде берілмейтін мемлекеттік мүлікті пайдалану фактілері орын алған.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде іргетасы бекітген мемлекет енді өзіне тиесілі меншік құқығын жүзеге асырудың саясаты мен тәртібін жоспарлы және мақсатты түрде қайта қарастырып, бұл қатынастарды реформалауда. Біріншіден, ол шикізат секторына қатысты. Себебі, республика экономикасына түсетін түсімдердің елеулі бөлігі Қазақстанның қазба байлықтарын экспорттаудан құралады (негізінен мұнай, газ, рудалар).

Мысалы, тәжірибеде жер қойнауын пайдалану үшін келісімшарт моделі ретінде - өнімді бөлу шарты барынша кең қолданылды. Бұл шарт өзінің жер қойнауындағы байлықты өз алдына дербес игеруге техникалық, қаржылық жағынан мүмкіндігі жоқ дамушы немесе өтпелі экономикасы бар елдерге тән жағдай. Өндірістің өзіндік құнының жоғары болуына, көлік қатынасының қиындығына, ішкі өңдеу көлемінің шектелгендігіне байланысты өнімді бөлу шарты мемлекет үшін тиімсіз және жер қойнауын пайдалану шарттарының ішінде қолдануға күрделі. Бүгінге дейін жасалған өнімді бөлу шарттарының іс-тәжірибесі көрсеткендей, мұнайға баға жоғары болғанның өзінде республика бұл жобалардан мол үлес ала алмайды. Салыстыру үшін айта кетсек, Ресей Федерациясының заңдылығында да өнімді бөлу шарты моделі қарастырылған. Нақты айтқанда, 1995 жылғы 30 желтоқсанда «Өнімді бөлу шарттары туралы» Ресей Федеральдық заңы қабылданған. Алайда, Қазақстаннан айырмашылығы Ресейде мұндай келісімшарттар өте сирек жасалады (Сахалин-1, Сахалин-2, Хартыгинское мұнайгаз кеніштері) және шарт жасасу тәртібі өте күрделі, өйткені, өнімді бөлудің әрбір шартына заң шығарушы органның келісімі керек. Қазақстанда қазір өнімді бөлу шарты негізінде оннан аса кен орындары игерілуде. Бірақ, алдағы уақытта отандық заң шығарушылар жер қойнауын пайдаланудың мұндай шарттарынан бас тартулары тиіс. Ол үшін өнімді бөлу шартына мораторий жариялауға болады.

Қазақстандағы жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеудің тағы бір маңызды аспекті – жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарт ережелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, әсіресе, салық салу мәселелерін негізінде біржақты шешу қажеттігі. Бұл сұрақ әлі күнге дейін отандық

заңдылықта да, құқықтық доктринада да толыққанды шешімін таппай келеді [2, 55 б.].

Расымен, қазіргі кезде Қазақстанда мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында ағымдағы заңдылық талаптарын қайта қарау бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, 2004 жылы отандық заңдарда жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылатын құқықтарын және жер қойнауын пайдаланушы компаниялардағы қатысу үлестерін (акцияларын) сатып алуға басымдық құқығы туралы норма пайда болды. Заң шығарушы бұл норманы бұған дейін жасалған барлық келісімшарттарға қатысты деп белгіледі. 2005 жылы Азаматтық кодексте мемлекеттік меншік құқығының пайда болуына әкелетін жаңа негіздеме пайда болды. Ол: жеке меншіктегі мүлікті өз еркімен, өтемақысыз мемлекеттік меншікке беру. 2007 жылы кері күші бар заң қабылданды. Оған сәйкес, Үкімет енді жер қойнауын пайдаланушылардан елдің мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келетіндей жағдай туындаса, жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардан біржақты бас тарта алады.

Жалпы, мемлекеттік мүліктің құқықтық режимі жиі өзгеріп отырады, онда мүлдем жаңа режимдерді талап ететін, мүліктің айрықша санаттарына арналған құқықтық нормалардың блоктары пайда болады. Мысалы, егер, кеңестік кезеңде жедел басқару және шаруашылық жүргізудің құрылымын қалыптастыруға, негізгі және айналым қаржыларының, табыстың құқықтық режимін жасақтауға, кәсіпорындарды көтермелеуге аса қажеттілік туындаса, қазіргі кезеңде саяси-экономикалық мақсаттар тұрғысынан мүліктің жаңа санаты бөлініп шықты. Яғни, мемлекет үшін айрықша мәнге ие мүліктер санаты «стратегиялық нысандар» деп аталады. 2007 жылдың 7 тамызында қабылданған Қазақстан Республикасы «Экономика саласындағы мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша, Қазақстан Республикасының жекелеген заңдылық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде «Стратегиялық нысандар» атты жаңа бап пайда болды. Осыған сәйкес, қазақстандық қоғамның тұрақты дамуына әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ықпал ететін, ол мүлікті иелену, пайдалану немесе сату арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келетін мүліктер стратегиялық мүлік нысаны болып белгіленді (магистралды теміржол желісі; магистралды мұнайқұбырлары; магистралды газқұбырлары; ұлттық электр желісі; магистралды байланыс желілері; ұлттық пошта қызметі; халықаралық әуежайлар; халықаралық маңызы бар теңіз порттары; әуе қозғалысын басқаратын аэронавигациялық құрылғылар; кеме қозғалысы қауіпсіздігін реттейтін құрылғылар мен навигациялық белгілер; атом энергетикасы нысандары; ғарыш саласы нысандары; су шаруашылығы нысандары; жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары; сондай-ақ, меншігіне стратегиялық нысандар кіретін заңды тұлғалардағы акциялар пакеттері (қатысу үлестері, пайлар); меншігіне стратегиялық нысандар кіретін заңды тұлғаларға тікелей және жанама ықпал ете алатын жеке және заңды тұлғалардағы акциялар пакеттері (қатысу үлестері, пайлар). Бұл

жағдайда Азаматтық кодекс Үкіметке стратегиялық нысанды сатып алуда басымдық құқық береді.

Күні бүгін экономиканың мемлекеттік секторындағы субъектілердің коммерциялық қызметі реформалануымен қатар, ол субъектілерді мемлекет тарапынан басқару тәртібі де жетілдірілуде. Мәселен, соңғы кездері Қазақстандағы экономиканың мемлекеттік секторында мемлекеттік кәсіпорын түріндегі ұйымдастырушылық-құқықтық формадан бас тарту үрдісі байқалуда. Олардың орнын жеке заңды тұлғалар – мемлекеттік басымдау қатысуымен жасақталатын акционерлік қоғамдар басуда. Кәсіпкерліктің мұндай ыңғайлы формалары «жариялы және жеке құқықтағы өзіндік субъект, коммерциялық заңды тұлғаның айрықша бөлек ұйымдастырушылық-құқықтық формасы» [3, 47 б] - ұлттық компаниялардың пайда болуына әкелді.

Ұлттық компания түсінігі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік» Заңының 1-бабы 34-тармағында былай келтірілген: «ұлттық компания – Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке тиесілі және қызметін ұлттық экономиканың негізін құрайтын салаларда жүзеге асыратын немесе өңірлердің экономикасын дамытуға жәрдемдесу үшін құрылатын (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар) акционерлік қоғам». Алайда, ұлттық компаниялардың ерекше құқықтық мәртебесі бола тұра, олардың қызметін реттейтін әлі дербес заңдылық база жоқ. Бұл саладағы әрекет ететін заңдылықтар, көбінесе, мұнай операцияларымен айналысатын салалық жекелеген ұлттық компаниялардың мүддесіне жұмыс істеуде. Мұнда ұлттық компаниялардың өкілеттіліктерін белгілейтін, жиі-жиі қайта құрылуын көрсететін нормативтік актілер саны ұдайы өсуде.

Негізгі назар осы салада жұмыс істейтін ұлттық компаниялар мен мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіліктерін шектеуге, сондай-ақ, экономиканың осы саласында мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыратын ұлттық компаниялардың стратегиялық мәселелерді шешудегі функцияларына аударылады.

Мемлекеттің қатысы бар ұлттық компаниялар мен өзге де заңды тұлғаларды басқару үшін Қазақстанда холдинг жүйесі енгізілуде. Бұл жағдайда мемлекет тарапынан холдинг құрылады да, оларға меншік ретінде мемлекеттік акциялар пакеті және шаруашылық етуші субъектілердегі үлестер беріледі.

Мемлекеттік компаниялардағы корпоративтік басқаруды жетілдіру үшін көптеген елдер мемлекеттік холдингтер құру жүйесін таңдаған. Холдингтік компаниялар – бұл өзге коммерциялық ұйымдардың акцияларын (үлестерін) ұстаушы ұйымдар. Холдингтер әлемде кең таралғанымен, «холдингтік компания» термині негізінен англо-американдық жүйеде жиі қолданылады. Мәселен, Германияда осындай өндірістік-шаруашылықтық кешендер жүйесі «концерн» деп аталады [4, 25 б.].

Мемлекеттік холдингтердің белсенді құрылған кезеңі 2002-2003 жылдар. Осы кезде бірден бірнеше холдингтік ұйымдар Малайзия, Норвегия, Ұлыбритания және Қытай мемлекеттерінде дүниеге келді [5, 100 б.].

Дегенмен, құқық қолданудың іс-тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік активтердің құқықтық режиміне қатысты көптеген сұрақтар әлі де заңдық тұрғыдан өз шешімін таппай отыр. Мәселен, мемлекеттік активтердің заң тұрғысынан елеулі айырмашылығы деп олардың мақсатын құқықтық жағынан бекітуді айтуға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 27.12.1994
2. Гражданское право. Том. 1. Учебник для вузов (академический курс) / Ю.Г. Басин, М.К. Сулейменов. - Алматы: Изд. КазГЮА, 2000
3. К вопросу о понятии государственного имущества / Ю.Г. Басин // Юрист. - 2003. - № 8.
4. М.К. Сулейменов. Право и собственность в Республике Казахстан. - Алматы: Жеты Жаргы, 1999.
5. Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности в Республике Казахстан. - Алматы: Жеты Жаргы. 2001

МРНТИ 10.63.37

ПРАВОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ЗАКЛЮЧЕНИЯ ИДИОСИНКРАЗИЧЕСКИХ СДЕЛОК (I-DEALS) В РАМКАХ ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ЕРЕКШЕ МӘМІЛЕЛЕР (I-DEALS) ЖАСАСУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кайшатаева Асель Куандыковна

*кандидат юридических наук, старший преподаватель кафедры
гражданско-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University
заң ғылымдарының кандидаты, азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University
e-mail: aselkz@list.ru*

Баязитова Расима Тлеубергеновна

*докторант Alikhan Bokeikhan University,
e-mail: rassima@gmail.com*

Аннотация. Статья посвящена вопросам правовых возможностей заключения i-deals в трудовых отношениях. Предпринята попытка показать, что добровольные персонализированные соглашения нестандартного характера, заключенные между отдельными работниками и их работодателями на условиях, выгодных каждой из сторон являются важным инструментом современного мира.

Ключевые слова: трудовые отношения, i-deals, работник, работодатель, гибкий график.

Түйін. Мақала еңбек қатынастарында i-deals жасаудың құқықтық мүмкіндіктеріне арналған. Осы зерттеу жеке жұмыскерлер мен олардың жұмыс берушілері арасында тараптардың әрқайсысына тиімді шарттарда жасалған стандартты емес сипаттағы ерікті дербестендірілген келісімдер қазіргі әлемдегі маңызды құрал болып табылатынын көрсетуге бағытталған.

Кілтi сөздер: еңбек қатынастары, i-deals, жұмыскер, жұмыс беруші, икемді кесте.

Запросы на гибкие методы работы стали обычным явлением современной жизни. Большое значение, в особенности после пандемии коронавируса, приобретают правовые конструкции, которые могут быть эффективными для сочетания личной и профессиональной жизни. Сотрудники сталкиваются с новыми проблемами на стыке работы и дома. Демографический состав рабочей силы меняется: люди вступают в брак и заводят детей в более позднем возрасте, чем предыдущие поколения [1]. Эти тенденции в сочетании с продвижением гендерного равенства в рабочей силе и высшим образованием привели к возникновению определенных проблем для лиц, сочетающих работу с домашними обязанностями. Например, сотрудники теперь должны заботиться о престарелых родителях, а также о детях и, в некоторых случаях, без помощи партнера или родственника [2]. Поскольку людям необходимо активно управлять этими требованиями и сбалансировать их, важность индивидуального доступа к гибкому графику работы возросла и, вероятно, будет становиться все более актуальной. Один из способов, с помощью которого работники удовлетворяют свою потребность в гибкости, заключается в том, чтобы заключать идиосинкразические сделки или «i-сделки» - это обсуждение индивидуальных условий работы со своими работодателями.

Идиосинкразические сделки — это «добровольные персонализированные соглашения нестандартного характера, заключенные между отдельными работниками и их работодателями на условиях, выгодных каждой из сторон» [3]. Среди прочего, эти соглашения могут предоставить сотрудникам большую гибкость в разрезе планирования работы, что помогает им сбалансировать свою профессиональную и личную жизнь. С практической точки зрения, гибкость i-deals представляет собой важный инструмент вмешательства для менеджеров и специалистов по кадрам (HR) в решении рабочих и нерабочих дилемм.

Часть общественной тенденции к индивидуализации условий найма посредством i-deal являются предметом растущего числа исследований. Существующие исследования преимущественно подчеркивают преимущества идиосинкразических сделок (i-deals) как для сотрудников, так и для организаций. Известно, что работодатели используют i-deal для привлечения, мотивации и удержания работников, в то время как сотрудники используют i-deal для улучшения своей трудовой жизни и карьерных возможностей.

Имея в виду эти аргументы, мы хотели бы рассмотреть каковы в Казахстане законодательные возможности распространения подобного рода

сделок при найме на работу, а именно возможно ли реализовать в Казахстане право требовать FWA (flexible work arrangement – гибкий график работы).

«Право требовать» гибкий график работы является вопросом критической важности для семей, сотрудников, менеджеров, организаций и экономики [4]. Как и любое государство, стремящееся к устойчивому экономическому развитию, Казахстан стремится сократить структурное отставание на институциональном уровне в вопросах, касающихся как гендерного равенства, так и важности семьи для экономики. Несмотря на тот факт, что Казахстан – это страна, где существует устойчивая традиция модели «мужчина-кормилец, а женщина-домохозяйка» в последние годы развиваются настойчивые правовые предпосылки к гендерному равенству. Параллельно общественный и управленческий дискурс часто способствует гибкости на рабочем месте, не только подразумевая, что это способ повысить гендерное равенство, но и механизм облегчить проблемы, связанные с сокращением и старением рабочей силы.

Согласно обзору МОТ «Временная занятость, при которой работники заняты определенный период времени, включает в себя работу по срочному трудовому договору, договору на выполнение проекта или определенных работ, а также сезонный труд и труд от случая к случаю, в том числе поденную работу». В большинстве стран работа по срочному трудовому договору регулируется специальными нормами о максимальной продолжительности трудового договора, возможностях продления срока действия договора, и критериях применения таких договоров.

В Казахстане данные вопросы урегулированы Трудовым кодексом ст. 30 [5], где закреплено заключение трудового договора на неопределенный срок, на определенный срок, не менее года; на время выполнения определенной работы; на время замещения временно отсутствующего работника; на время выполнения сезонной работы; в пределах устанавливаемых законодательством Республики Казахстан сроков разрешения на привлечение иностранной рабочей силы, разрешения трудовому иммигранту и справки о соответствии квалификации для самостоятельного трудоустройства, выдаваемых местными исполнительными органами в порядке, определяемом уполномоченным органом по вопросам миграции населения.

Однако в данном случае речь идет о сроке трудового договора, при этом вопросы организации гибкого графика имеет отношение скорее к организации рабочего времени. В данном случае занятость на неполный рабочий день, не должен означать «случайный труд», а именно занятость работника в течение очень короткого времени или на непостоянной основе. Часто это работа на несколько часов, дней или недель за оплату, установленную в рамках договоренности об оплате за день или за рабочий период. В данном вопросе речь идет скорее о гражданско-правовых отношениях, которыми характеризуются ставшими достаточно приемлемыми на сегодняшний день формы организации трудовой деятельности как краудсорсинг, занятость по требованию, e-занятость. Эти формы занятости

связаны с работой по вызову либо с другими договорными отношениями и в ряде стран называются «договорами с нулевой нормой рабочего времени».

Рабочее время - это время, в течение которого работник в соответствии с актами работодателя и условиями трудового договора выполняет трудовые обязанности, а также иные периоды времени, которые в соответствии с Трудовым Кодексом Республики Казахстан отнесены к рабочему времени (Глава 6 ТК РК).

Анализ законодательства Казахстана дает основание предполагать, что у субъектов трудовых отношений есть возможность установления гибкого графика работы в рамках индивидуального регулирования, при этом гибкость относительна, так как ограничена пределами категорий «нормальная продолжительность рабочего времени», «продолжительность ежедневной работы», «рабочая неделя». Однозначно, данные нормы закреплены для недопущения злоупотребления, привлечения к свурхурочным работам, а также безосновательного установления ненормированного режима рабочего времени. Также ст. 74 ТК РК устанавливает «для работников, в том числе занятых на дистанционной работе, может устанавливаться режим гибкого рабочего времени в целях сочетания их социально-бытовых и иных личных потребностей с интересами производства». Более того по сравнению с предыдущими нормами учетный период при гибком рабочем времени увеличен до 6 месяцев. Хотелось бы отметить что, на сегодняшний день, использование таких форм организации трудовой деятельности как удаленная работа, дистанционная работа является весьма ожидаемым к распространению. Почему же запрос на гибкий график работы, которую можно выполнять удаленно не достаточно развивается в Казахстане.

Здесь хотелось бы согласиться с мнением некоторых авторов, которые считают, что «проблемой внедрения гибкого графика работы является то, что изменение графика работы - это сложный и дорогостоящий процесс для компании. Его используют только в сфере высоких технологий, где новые идеи воспринимаются легко. Перед применением нового графика работы нужно согласовывать позицию трудового коллектива и руководителей. Необходим координатор процесса внедрения нового графика, консультации с профсоюзами и юристами, проведение совещаний с большинством служащих, информационные материалы. Немногие руководители готовы и хотят на это идти». [6]

Закон стабилизирует трансакционные отношения, защищая имплицитные ожидания сторон договоров с помощью различных приемов, включая введение императивных и дополнительных норм. Установленная в трудовом договоре схема защиты ожиданий сотрудничества от работника и справедливого обращения со стороны работодателя оказалась под угрозой в результате растущих ожиданий работодателя в отношении функциональной гибкости и предпринимательской активности со стороны работника. Чтобы защитить эти новые ожидания в отношении неопределенности и непостоянства занятости, общения и консультаций, а также систем оплаты на

основе стимулов, правовые системы должны разработать новые нормативные стандарты, которые могут сформулировать и стабилизировать эти новые формы трудовых отношений. Использование i-deals в данном случае поможет решить эти вопросы, подготовить работодателей к организации гибкого графика работы и далее оптимизировать многие процессы с экономической точки зрения. Важно определить какие нормативные стандарты и методы регулирования будут подходящими для стабилизации и защиты новых гибких трудовых отношений. Основная цель этого правила — обеспечить справедливое отношение к работникам, чтобы они были готовы сотрудничать с новыми гибкими формами занятости, что, в свою очередь, должно способствовать повышению конкурентоспособности.

С ростом осведомленности общественности об условиях и последствиях гибкости на рабочем месте возникает потребность в текущих эмпирических данных, иллюстрирующих детерминанты, связанные с внедрением гибкого рабочего графика и этот инструмент нужно использовать организациям в полной мере.

В заключении хотелось бы привести доводы МОТ: «В краткосрочной перспективе технологические достижения угрожают еще больше усугубить и без того сложную ситуацию. Настало время действовать. Наилучшие доступные эмпирические данные показывают, что сокращение продолжительности рабочего дня в сочетании с базовыми гарантиями минимального рабочего времени для работников, занятых неполный рабочий день, может привести к многочисленным положительным результатам для работников, предприятий и общества в целом: меньше проблем с гигиеной труда и снижение затрат на здравоохранение; больше и лучше рабочих мест; лучший баланс между работой и личной жизнью; и более удовлетворенные, мотивированные, продуктивные сотрудники, что приводит к более устойчивым предприятиям» [7].

Устойчивые предприятия способствуют реализации принципов устойчивого развития, ведь использование нестандартных форм организации режима рабочего времени может внести важный вклад в «озеленение» экономики, поскольку чем больше мы работаем, тем больше наш «углеродный след». Сокращая количество дней, в течение которых мы работаем, и, следовательно, количество времени, которое нам приходится добираться из дома на работу, положительное влияние на окружающую среду бесспорно.

Таким образом, реализация форм организации труда на основе закрепления сбалансированной организации рабочего времени, может стать следующим шагом на пути построения общества, следующего принципам устойчивого развития.

Библиография

1. M. Ní Bhrolcháin, É. Beaujouan Fertility postponement is largely due to rising educational enrolment //Population Studies, 66 (3) (2012), pp. 311-327
2. OECD family database Retrieved from <http://www.oecd.org/els/family/database.htm> (2017), Accessed 7th Oct 2017 [Google Scholar](#)

3. D.M. Rousseau, V.T. Ho, J.Greenberg I-deals: Idiosyncratic terms in employment relationships // Academy of Management Review, 31 (4) (2006), pp. 977-994
4. Cooper, R. and Baird, M. (2015), "Bringing the "right to request" flexible working arrangements to life: from policies to practices", *Employee Relations*, Vol. 37 No. 5, pp. 568-581. <https://doi.org/10.1108/ER-07-2014-0085>
5. Трудовой кодекс Республики Казахстан. Кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V ЗРК. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414#z67>
6. Лихтарович А.Н. Гибкий график рабочего времени // 55-я Юбилейная Научная Конференция Аспирантов, Магистрантов и Студентов БГУИР https://www.bsuir.by/m/12_100229_1_136988.pdf#page=169
7. Jon Messenger. Working time and the future of work // http://www.ilo.int/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---cabinet/documents/publication/wcms_649907.pdf

XҒТАА 10.31.01

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТӘРТІПТЕ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ВРАЧЕЙ В ДОСУДЕБНОМ ПОРЯДКЕ

Каражанова Жанат Кокеновна

азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық бойынша философия докторы (PhD) Alikhan Bokeikhan University доктор PhD, старший преподаватель кафедры гражданско- правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University e-mail: zhanat.karazhanova@mail.ru

Түйін: Медициналық тәжірибе көбінесе пациенттердің көрсетілетін медициналық көмектің нәтижелеріне қанағаттанбауынан туындайтын даулы жағдайлардың пайда болуымен бірге жүреді. Дауларды сотта шешудің және пациенттің құқықтарын қорғаудың белгілі бір тәртібі бар - шағымдар мен арыздарды қараудың талап қою тәртібі бар. Науқастардан түсетін шағымдардың жеткілікті саны медициналық қызмет көрсету сапасының жеткіліксіздігімен байланысты. Мақалада істерді сотқа дейінгі тәртіпте қараудың ерекшеліктері көрсетіледі.

Негізгі сөздер: пациенттердің құқықтарын қорғау, медицина, сотқа дейінгі реттеу.

Аннотация: Медицинская практика нередко сопровождается возникновением спорных ситуаций, нередко возникающих из-за неудовлетворенности пациентов результатами оказанной медицинской помощи. Существует определенный порядок разрешения споров в суде и защиты прав пациента – существует претензионный порядок рассмотрения жалоб и заявлений. Достаточное количество жалоб от пациентов связано с недостаточным качеством медицинских услуг. В статье будут представлены особенности рассмотрения дел в досудебном порядке.

Ключевые слова: защита прав пациентов, медицина, досудебное урегулирование.

Медициналық тәжірибе жиі даулы жағдайлардың пайда болуымен

бірге жүреді, көбінесе пациенттің алынған медициналық көмектің нәтижелеріне қанағаттанбауына байланысты пайда болады. Науқас әрдайым медициналық мекемеге және/немесе дәрігерге шағыммен сотқа дереу жүгіне бермейді. Дауларды сотқа дейін шешудің және пациенттің құқықтарын қорғаудың белгілі бір тәртібі - шағымдар мен өтініштерді қараудың талап қою тәртібі бар.

Науқастардан түсетін шағымдардың жеткілікті саны медициналық қызмет көрсету сапасының жеткіліксіздігімен байланысты.

«Жыл сайын медициналық көмектің сапасына қатысты 5,6 мыңнан астам шағым тіркелсе, бірінші жартыжылдықта осындай 2,8 мың шағым түскен. 30%-дан астам жағдайда бұл расталады. Жағдай жақсы жаққа өзгермейді. Бірқатар өңірлерде медицина қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындауға адалсыз қарауы және медициналық ұйымдар басшыларының басшылықтағы әлсіз жұмысы фактілеріне жол беріледі», - деді - Денсаулық сақтау министрлігінің басшысы. Медициналық сақтандыру қорының 1406 бірыңғай байланыс орталығына бірінші жартыжылдықта денсаулық сақтау мәселелері бойынша тұрғындардан 400 мыңнан астам өтініш келіп түскен. МКМК және МӘМС пакеттері аясында медициналық қызметтерге шағымдар саны 1,7 есеге – 6,5 мыңнан 11,1 мыңға дейін өсті. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 11 мыңнан астам адам аз қамтылған тұрғындарға шағыммен жүгінді. медициналық қызмет көрсету сапасы, медициналық қызмет көрсетуден бас тарту, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету. [1].

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, шағымдардың себептері бойынша құрылымы медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етудегі проблемаларды анықтайды – бұл шағымдардың үлесі 26% (2021 жылы 20,6%) құрады. Медициналық көмектің сапасына шағымдар 23,2% (2021 ж. – 38%), медициналық көмекті ұзақ күту – 8,5% (2021 ж. – 8,4%) құрады [1].

Ашық шетелдік статистикаға сәйкес, шағымдардың 70%-ға дейіні медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасына, 20%-ы медициналық ұйымдардың басшылығына, 10%-ға жуығы медицина қызметкерлері мен пациенттердің қарым-қатынасындағы проблемаларға қатысты.

Медициналық мекемелер мен қызметкерлердің заңды жауапкершілігінің негізгі түрлері: медициналық көмекке жүгінген адамдардың, пациенттердің ауруларының алдын алу, диагностикалау, емдеу жөніндегі өз міндеттерін орындамау, тиісінше орындамау болып табылады [2].

Қазақстан мен шет елдерден келіп түскен шағымдарға салыстырмалы талдау жүргізген кезде, барлық елдерде келіп түскен шағымдардың ең көп саны клиникалық көмектің қауіпсіздігі мен сапасы (медициналық қызметтердің көрсетілуі және сапасы) болып табылатындығы байқалады.

Қазақстан Республикасында басқа ТМД елдеріне қарағанда сотқа дейінгі тәртіпте өзіндік ерекшеліктері бар. Егер медициналық мекеме мемлекеттік мекеме болса, барлық сотқа дейінгі шағымдар мен арыздар сотқа дейінгі тәртіпті өту керек. Алайда, кейін бұл істер Қазақстан

Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қаралады.

Медициналық мекеме жеке меншік болса, онда сотқа дейінгі тәртіпте қарау ішкі ережелермен және «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңымен реттеледі.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы дауларды, оның ішінде медиаторлар (медиаторлар) қатысатын медициналық дауларды шешу тәртібін реттейді.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңының 17-бабына сәйкес медиация тараптар мен медиатордың өзара келісуі бойынша:

1) тараптардың медиатормен жеке-дара және (немесе) бірлескен кездесулері түрінде;

2) тараптардың медиатормен жеке-дара және (немесе) бірлескен телефонмен әңгімелесулері арқылы;

3) тараптардың медиатормен бейне-конференц-байланыс арқылы жеке-дара және (немесе) бірлескен әңгімелесулері түрінде;

4) тараптар мен медиатор арасында электрондық хабарлар алмасу арқылы;

5) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланыла отырып, осы Заңның талаптарына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен жүргізілуі мүмкін [3].

Дауларды шешудің баламалы процедурасы кейбір жағдайларда тиімді. Егер емхана пациенттің талаптарының негізді екенін және орынды екенін түсінсе, онда бұл талаптарды кез келген дәрежеде қанағаттандыру үшін келісім-шартта бекітілген болса, келіссөздер жүргізіп, медиатордың қызметтеріне жүгінген жөн. Медиатор тәуелсіз тұлға, яғни медициналық ұйымда жұмыс істей алмайды. Бұл кәсіби негізде қызметті жүзеге асыратын адам болуы мүмкін немесе медицина, құқықтану және басқа да мәселелер бойынша белгілі бір білімі бар, тараптар осы даулы жағдайды шешуге сенетін кәсіпқой болуы мүмкін.

Егер медиация азаматтық, әкімшілік не қылмыстық процесс шеңберінен тыс жүзеге асырылатын болса, медиатор мен тараптар аталған рәсім күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде тоқтатылуы үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға тиіс. Айрықша жағдайларда шешілетін даудың (дау-шардың) күрделілігіне, қосымша ақпаратты немесе құжаттарды алудың қажеттілігіне байланысты медиацияны жүргізу мерзімі медиация тараптарының уағдаласуы бойынша және медиатор келіскен кезде ұлғайтылуы мүмкін, бірақ ол күнтізбелік отыз күннен аспайды [3].

Қарастырып отырған мекеме, мемлекеттік медициналық мекеме болса онда сотқа дейінгі тәртіп Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 62-бабына сәйкес әкімшілік рәсімді қозғау үшін негіздер:

1) жолданым;

2) әкімшілік органның, лауазымды адамның бастамасы.

Әкімшілік рәсім жолданым қабылданған кезден бастап қозғалды деп есептеледі. Ауызша нысанда берілген жолданымды әкімшілік органның жолданымды қабылдаған лауазымды адамы немесе жұмыскері жекелеген хаттамаға енгізеді. Жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда берілген жолданымда, хаттамада: жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде), пошталық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде); жолданым берілетін әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы; жолданымның мәні; жолданымның берілген күні; арыз иесінің немесе оның өкілінің қолы; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер көрсетіледі. Егер арыз иесі жолданымды әкімшілік орган, лауазымды адам белгілеген мерзімде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтірмесе, әкімшілік орган, лауазымды адам оны қайтарады. Жолданымды қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді [4].

Әкімшілік рәсімге қатысушы тыңдау немесе әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де іс-шаралар өткізілетін уақыт пен орын туралы хабардар етіледі. Хабарлама (хабархат) тапсырыс хаттың табыс етілгендігі туралы хабарламамен тапсырыс хатпен, телефонограммамен немесе телеграммамен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабармен немесе электрондық мекенжай бойынша не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып жіберіледі. Егер әкімшілік рәсімге қатысушы көрсетілген мекенжайда іс жүзінде тұрмаса, хабарламалар (хабархаттар) заңды мекенжай бойынша немесе оның жұмыс орны бойынша жіберілуі мүмкін. Заңды тұлғаға арналған хабарламалар (хабархаттар) оның орналасқан жері бойынша жіберіледі. Әкімшілік рәсімге қатысушы өзі көрсеткен тұрғылықты жері (орналасқан жері) жұмыс орны мекенжайының, ұялы байланыстың абоненттік нөмірінің, электрондық мекенжайының дұрыс екендігімен, ал көрсетілген контактілерге жіберілген хабарлама (хабархат) тиісті және жеткілікті деп есептелетіндігімен танысқандығын өзінің қолтаңбасымен растайды.

Әкімшілік істі қарау Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 10-тарауына сәйкес жүргізіледі. Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті, бұл туралы әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала, бірақ әкімшілік акт қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау:

1) әкімшілік рәсімге қатысушыны әкімшілік іс бойынша тыңдауға шақыру, оның ішінде бейнеконференц-байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы;

2) ақпараттық жүйелерді пайдалану;

3) әкімшілік рәсімге қатысушыға өзінің ұстанымын баяндауға

мүмкіндік беретін өзге де байланыс тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге қарсылықты алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде оны беруге немесе білдіруге құқылы. Әкімшілік рәсімге қатысушы өз қарсылығын ауызша білдірген жағдайда, әкімшілік орган, лауазымды адам тыңдау хаттамасын жүргізеді. Әкімшілік істі қарап, әкімшілік орган, лауазымды адам:

- 1) әкімшілік актіні қабылдау;

- 2) әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімдердің бірін шығарады.

Әкімшілік істі қарау аяқталғаннан кейін жазбаша нысанда шешім шығарылады, ол әкімшілік рәсімге қатысушыға жіберіледі.

Мемлекеттік медициналық мекеменің әкімшілік актісі пациентті қанағаттандырмаса, ол сотқа жүгіне алады. Әкімшілік істі қарау Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 4-бөліміне сәйкес әкімшілік сот ісін жүргізуді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүзеге асырады. Жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына жатады.

Жалпы ереже бойынша, пациенттің өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілсе, деликттік жауапкершілік тараптар мен пациент арасында келісімнің болуына қарамастан туындайды, деликттік жауапкершілік туралы ережелерге сәйкес зиянды толық көлемде өтеуге құқылы [5].

Жеке меншік медициналық мекеменің дәрігерлері тарапынан қызмет көрсету сапасына шағым келтірудің сотқа дейінгі тәртібі медиация рәсімімен немесе сол мекемеге шағымдану мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, жеке меншік медициналық мекеме іс-әрекеттеріне, шешімдеріне жоғары тұрған қадағалайтын органға – қалалалық және облыстық денсаулық сақтау басқармасына шағымдануға болады.

Пациент ары қарай шағымданғысы келсе, қалалық (аудандық) сотқа (зиянды өтеу және медициналық қызметтің сапасы бойынша) жүгінуге болады. Жеке меншік медициналық мекеменің істерін азаматтық істерді қарайтын қалалық (аудандық) қарайды.

Сонымен, медицина қызметкерлерінің іс-әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымдармен азаматтардың одан әрі жүгінуінің және даулы жағдайлардың алдын алудың негізгі элементі азаматтардың денсаулығын қорғаудың негізгі қағидаттарының бірі – пациенттің мүдделерінің басымдылығы қағидатын қатаң сақтау болып табылады. Бүгінгі таңда, бұл қағида кез келген медицина қызметкерінің күнделікті өмірінде үлкен практикалық маңызға ие және азамат медициналық көмекке жүгінген сәттен бастап жүзеге асырылуы тиіс, ол әрбір дәрігердің ғана емес, орта және кіші медицина қызметкерлерінің іс-әрекетінде көрініс табуы тиіс, - деп есептейміз.

Осылайша, пациенттердің шағымдарының статистикасын талдай отырып, медициналық мекемелердің жұмысын жақсарту, медициналық

көмекті жақсарту және қолжетімді ету қажеттілігі туралы айтуға болады. Сондай-ақ барлық медицина қызметкерлерінің рухани, мейірім мен науқасқа жанашырлық негізінде құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында жүйелі түрде міндетті оқытуды өткізу қажет.

Пациентпен қарым-қатынасты жоғарыда аталған қағидаттар бойынша құру кезінде жоғары ықтималдықпен даулы жағдайлардың пайда болуына кедергі қойылады. Қазіргі уақытта дәрігерлік мамандықтың рухани аспектілері бұрынғыдан да көбірек ынталандыруды және нығайтуды қажет етеді. Медицина қызметкерінің дәл осы қасиеттері халыққа сапалы медициналық көмек көрсетудің негізіне айналуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Худшие регионы и медорганизации по жалобам населения назвала глава Минздрава РК // https://www.inform.kz/ru/hudshie-regiony-i-medorganizacii-po-zhalobam-naseleniya-nazvala-glava-minzdrava-rk_a3971657

2. Агапкина С.С., Гарин Л.Ю. Гражданско-правовая ответственность медицинского персонала за ненадлежащее исполнение обязанностей. Особенности врачебной деятельности, взаимное доверие пациента и врача // Актуальные проблемы управления здоровьем населения. Тематический сборник научных трудов по результатам третьей всероссийской научно-практической конференции под общей редакцией И.А. Переслегиной, В.М. Леванова. - Издательство: Приволжский исследовательский медицинский университет. - 2020. - Том 1. - с. 180-185.

3. Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>

4. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>

5. Методы досудебного урегулирования спора с пациентом [Электронный ресурс] // URL: <https://www.zdrav.ru/articles/4293659747-qqv-19-m05-06-metody-dosudebnogo-uregulirovaniya-spora#pz2//>

XFTAА 10.53

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВАЯ ПРАКТИКА РЕГУЛИРОВАНИЯ ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Нурекешов Талан Кайратович

*PhD доктор, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға
оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University*

*доктор PhD, старший преподаватель кафедры гражданско-правовых
дисциплин Alikhan Bokeikhan University*

e-mail: nurekechovt@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада жанартылатын энергия көздерін мемлекеттік дамытуға байланысты жүзеге асырылатын шетелдік тәжірибе, басқару нысаны және қол жетімді

дамытуға құқықтық сипаттама берілген.

Түйін сөздер: энергия, жаңартылатын энергия көздері, энергетикалық сектор.

Аннотация. В этой статье представлен зарубежный опыт, форма правления и правовая характеристика доступного развития, осуществляемого с государственным развитием возобновляемых источников энергии.

Ключевые слова: энергия, возобновляемые источники энергии, энергетический сектор.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган бұл, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган [1].

Жаңартылатын энергия көздерін дамытумен айналысатын шет мемлекеттерінің органдарының құқықтық мәртебесі мемлекеттің басқару нысаны мен құрылым нысандарына байланысты ерекшеленеді.

Мәселен, АҚШ мемлекетінде жаңартылатын энергетика саясатында құзырлы орган федералды орган және әрбір штатының жекелеген органдары қызмет атқарады. АҚШ мемлекетінде жаңартылатын энергия саласындағы бірден бір құзырлы орган Энергетика министрлігін болып табылады (Department of Energy). АҚШ энергетика министрлігінің негізгі миссиясы ұлттық, экономикалық және энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізе отырып энергия, қоршаған ортаны қорғау және ядролық мәселелерді ғылыми және технологиялық шешімдерді қабылдау негізінде Американың қауіпсіздігі мен жетілуін қамтамасыз етуге бағытталған. АҚШ энергетика министрлігі тиімді, таза және қолжетімді энергетиканың дамуын қолдау арқылы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Министрлік сонымен қатар, америкалық экономикалық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және американдықтардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында инновациялар мен жаңалықтар ашу үшін, ғылыми зерттеулердің федералды қаржыландырылуын басқарады.

Жаңартылатын энергия көздеріне қатысты бағдарламалық басқарма құрамында энергетикалық тиімділік және жаңартылатын энергия көздері басқармасы (Office of Energy Efficiency and Renewable Energy) қызмет етеді. Бұл басқарма Америка энергетика министрлігінің бір бөлігі ретінде жаңартылатын энергия көздерінен алынатын энергияның экономикадағы дәстүрлі энергетикамен бәсекелестігін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологиямен ғылыми зерттеу желілерін басқара отырып энергетика стратегиясы арқылы американың дамуында елеулі орынды иеленеді.

АҚШ энергетика министрлігінің құрамына сонымен қатар ұлттық жаңартылатын энергетика зертханасы да кіреді. Оның қызметінің мәні экологиялық таза энергия көздерін өндіру мен технология және әдістердің энергетикалық тиімділігін қамтамасыз ету, солармен байланысты ғылым мен техниканы дамыту, барлық деңгейде энергетикалық желілердің интеграциясы үшін инновация мен білімді қалыптастыру.

Австралия үкіметі әрдайым заңи тетіктер арқылы алдыңғы қатарлы

технологиялар енгізу, арнаулы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру энергия тұтыну саласын қадағалауда заңнамалық бастамашылық ету құқығын пайдалану арқылы энергетиканын тиімділігін арттыру мен үнемдеуде кең ауқымды қолдау жасап отыр. Австралияда энергетикалық тиімділік пен энергетиканың үнемделуі мен тікелей айналысатын мемлекеттік органдар бар. Энергетикалық тиімділік және энергетиканы үнемдеудегі негізгі органдарға мыналарды жатқызамыз:

Энергия жөніндегі үкіметтік кеңес (the Ministerial Council on Energy) – Австралия үкіметінің үкімет аралық кеңесі қабылдайтын ұлттық энергетикалық саясатының нәтижесі негізінде Австралия үшін экономикалық және экологиялық басымдықтар ұсынуға жауапты австралия энергетика нарығының ұлттық саяси және үкіметтік органы.

Австралия энергия жөніндегі үкіметтік кеңесі австралия үкіметінің бастамасымен 2001 жылы маусым айында құрылды. Оның негізгі мақсаттары:

- Австралия энергетикалық секторының болашақта орын алуы мүмкін мәселелерін шешуде саясат қалыптастыру мен оның жұмысын үйлестіру және оған ұлттық қадағалауды қамтамасыз ету;

- Энергетикалық сектордың интеграциясы барысында қоршаған ортаға қолайлы ықпал ету жөніндегі кең ауқымды мәселелерге ұлттық жетекшілік ету.

Австралия Үкіметтерінің Кеңесі (The Council of Australian Governments (COAG)) - Австралия үкіметаралық форумының жүйесі. Аталған орган Федералды үкімет пен штаттар үкіметінің өзара бірлесе отырып әрекет етуді қажет ететін салалар бойынша ұлттық сипаттағы реформалардың орындалуына мониторинг жасау және дамыту, бастамашылық жасау қызметін атқарады. Австралия Үкіметтерінің кеңесі мүшелері құрамына премьер министр, штат және аумақ басшылары мен министрлері, австралия жергілікті өзін-өзі басқару органдары ассоциациясының президенті кіреді.

Сонымен қатар премьер министр жанындағы энергетикалық тиімділікті арттыру саласы бойынша мақсатты топ (Prime Minister's Task Group on Energy Efficiency) – мақсатты топ үшін жобалар шешімі мен баяндама әзірлеу, кеңес беру, ақпараттандыру бойынша кеңесшілер тобы қызмет атқарады.

Жалпы, австралия үкіметі департаменттер және агенттіктерден тұрады. Соның ішінде жаңартылатын энергия көздеріне қатысты жұмыс жасайтын Австралия жаңартылатын энергетика көздері жөніндегі агенттік (Australian Renewable Energy Agency) 1 шілде 2011 жылы Австралия жаңартылатын энергия жөніндегі агенттік туралы заңының қабылдануы негізінде құрылды. Австралия жаңартылатын энергия агенттігі туралы заңы агенттіктің мақсаты мен міндеттерін анықтай отырып, агенттіктің қызметін ұйымдастыру, оның құзыреті, жаңартылатын энергия көздері технологиясына қатысты қаржылық қызмет секілді мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актісі. Аталған заң актісінің мақсаты мынандай:

- Жаңартылатын энергия көздері технологиясында бәсекелестікті қамтамасыз ету;

- Австралияда жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту. Осы заңның 8-бабына сәйкес, агенттіктің қызмет түрлері келесі мәселелер үшін қаржылық көмек көрсету:

- жаңартылатын энергия көздері саласында технологияны зерттеу; немесе жаңартылатын энергия көздері технологиясын жасау, демонстрациялау комерциялизациялау;

- жаңартылатын энергия көздері туралы ақпаратты сақтау немесе бірлесе отырып қолдану;

- қаржылық көмек көрсету мақсатында келісім шарттар жасасып ол келісімшарттарға жетекшілік ету;

- жаңартылатын энергия көздері технологиясына қатысты ақпараттарды анықтау, жинау және талдап тарату;

- жаңартылатын энергия көздері технологиясына қатысты министрге келесі мәселелер бойынша ұсыныстар мен кеңес беру: 1) жаңартылатын энергия көздері технологиясының бәсекеге қабілеттігін арттыру; 2) Австралияда жаңартылатын энергия көздері технологиясын арттыруға қатысты ұсыныстар;

3) Жаңартылатын энергия көздері секторындағы технология саласында тәжірибені жақсарту туралы ұсыныстар; 4) Жаңартылатын энергия көздері технолоиясын қолдануды кеңейу жөнінде ұсыныстар;

- ережелермен көзделген кез-келген функциялар;

- агенттікке осы заң арқылы немесе достастықтың өзге заңдарымен жүктелген кез келген функциялар;

- осы қызметтерді жүзеге асыру үшін кез келген қызмет түрін жасай алады.

Жаңартылатын энергия көздері саласындағы келесі құзыретті орган таза энергетикалық реттеуші (Clean Energy Regulator), яғни мемлекеттің энергетикалық нарығында жаңартылатын энергия көздерін қолдау бағдарламаларының жүзеге асырылуына қадағалау жасайтын органы. Осы органның құқықтық мәртебесімен қызметнің тәртібі 2011 жылғы №163 таза энергетикалық реттеуші туралы (Clean energy regulatorly act) заңымен ретеледі. Осы заңға сәйкес, реттеуші органның келесі қызметі мен құзыреттері анықталады:

- климат өзгерісі заңнамасымен берілген қызметтер;

- заң актілерімен бекітілген кез келген қызметтер;

- өзінің қызметін жүзеге асыру үшін кез келген әрекет жасай алады.

Реттеушінің құзыреттері:

- реттеуші өзінің функциясын орындау үшін кез келген әрекеттер жасауға құзыретті;

- өзінің құзыретін жүзеге асыру масатында реттеуші органның келісім шарт жасасу құзыреті шектелмеген;

- реттеуші жасаған кез келген келісім шарт достастық атынан жасалынған болып есептелінеді;

- реттеушінің кез келген нақты немесе меншігі Достастық атынан иеленеді;

- реттеушінің кез келген қарысы Достастық қаржысы болып саналады;
- реттеуші иелігінде Достастық меншігінен басқа ешқандай мүлік болмауы тиіс.

Үндістан жаңартылатын энергия көздері мемлекеттік органдарының тәжірибесі де өзіндік ерекшеліктерге ие. Үндістанның жаңа және жаңартылатын энергия көздері министрлігі жел энергетикасы, кіші гидроэнергетика, биогаз және күн энергетикасы секілді энергияның жаңартылатын түрлері саласында халықаралық ынтымақтастық орнату және осы салада интеллектуалдық меншікті қорғау, зерттеулер жасай мен осы саланың қызметін үйлестіру мен дамытуда жауапты мемлекеттік орган болып табылады. Министрлік жаңа және жаңартылатын энергия көздеріне қатысты мәселелердің барлығы бойынша шешуші роль атқарады. Министрліктің жалпы елдің энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жаңа және жаңартылатын энергия көздерін қолдануды жддамытуды көздейді. Министрліктің қысқаша тарихи даму сатыларына келетін келесіден тұрады:

- 1981 жылы Қосымша энергия көздері жөніндегі комиссия;
- 1982 жылы Дәстүрлі емес энергия көздері бойынша департамент;
- дәстүрлі емес энергетика бойынша министрлік 1992;
- 2006 жылы дәстүрлі емес энергетика бойынша министрлік жаңа және жаңартылатын энергия көздері бойынша министрлік болып атауы өзгертілді. Үндістанда жаңа және жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қызығушылық соңғы уақытта энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің артуымен байланысты.

Министрліктің миссиясы мыналарды қамтамасыз ету:

- энергетикалық қауіпсіздік: мұнай импортына тәуелділік деңгейін төмендету, отынның баламалы түрлерін енгізу (көмірсутек, биоотын, синтетикалық отын) және оларды енгізу арқылы мұнайға сұранысты төмендету;
- таза энергетика үлесін арттыру: энергияның жаңартылатын түрлері (био, жел, су, күн, геотермалды және ағынды);
- энергияның болуы және қолжетімділігі: Ауыл, қала, өндірістік және комерциялық секторда жылумен қамтамасыз ету және тағам жасауда қосымша энергиямен қамтамасыз ету;
- энергетикалық үнемділік: экономикалық және бәсекеге қабілетті, ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді жаңа және жаңартылатын энергия түрлеріне басымдық беру;
- энергетикалық құралдар: жеке басқа шаққандағы энергияның көлемін арттыру.

Сонымен жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытудағы мемлекеттік органдар дегеніміз – заңнамаға сәйкес бекітілген өзіндік құрылымы бар, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытуда мемлекеттік қызметін іске асыратын және сол қызметті атқару үшін биліктік құзыретке ие мемлекеттік аппаратының бөлшегі.

Қолданыстағы ҚР және шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесі

отандық жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытудың мемлекеттік органдары қызметін жетілдіруді қажет ететінін көрсетті. Осыған байланысты келесі ұсыныстарды келтіреміз:

ҚР энергетика министрлігінің министрлік миссиясы қатарына республикада жаңартылатын энергия көздерін дамытуға үнемі жағдай жасау арқылы жаңартылатын энергия көздерінің бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету деген міндет енгізген жөн.

Қазіргі кезде табиғи ресурстарды үнемдеу мақсатында жаңартылатын энергия көздерін жаппай енгізу үрдісі орын алып отыруына байланысты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту саласындағы мемлекеттік реттеу органдарының қызметі жетілдірілуі тиіс. ҚР энергетика министрлігі қарамағындағы жаңартылатын энергия көздері департаменті қызметін жетілдіру ұсынамыз. Департамент қарамағына қызмет ету ерекшелігіне қарай жаңартылатын энергия көздерін енгізу мен дамыту қатынастары қатысушыларының қызметін мемлекеттік қолдау басқармасын құру керек. Осы басқарманың қызметінің бағыттары келесідей болуы тиіс:

- жаңартылатын энергия көздері инвесторларымен байланыс орнату;
- жаңартылатын энергия көздері тұтынушыларымен жұмыс;
- жаңартылатын энергия көздері жөнінде құқықтық көмек көрсету;
- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды насихаттау.

Жергілікті атқарушы органның жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудағы қызметін жетілдіру мақсатында жаңартылатын энергия көздерін қолдау туралы заңына келесі нұсқада толықтырулар енгізген жөн:

- Жер заңнамасына сәйкес мемлекеттік кадастрға жаңартылатын энергия көздерін орналастыру бойынша ұсыныстар беруге құқылы;
- Жаңартылатын энергия көздері үшін жерді алып қоюға және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану үшін санаттарын ауыстыруға ұсыныс беру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі N 165-IV Заңы.
2. // <http://www.Energy.gov/mission>. 17.10.2022
3. Ministerial Council on Energy 11 December 2003 Report to the Council of Australian Governments Reform of Energy Markets // <http://www.efa.com.Au/Library/MinCouncilonEnergyRpttoCOAG.pdf>. 22.10.2022
4. Australian Renewable Energy Agency Act 2011 // <https://www.legislation.gov.au/Details/C2012C00629>. 15.12.2022
5. Clean Energy Regulator Act. – 2011. - №163 // <https://www.legislation.gov.au/Details/C2011A00163> 19.11.2022
6. // <http://mnre.gov.in/mission-and-vision-2/mission-and-vision/role-mnre/>. 23.12.2022

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ: ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рагиева Динара Багдатовна

доктор PhD, старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University

PhD доктор, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University

raziева@mail.ru

Аннотация. Актуальность исследуемой темы обусловлена возникшей в современном обществе необходимостью осмысления феномена корпоративной культуры, определением её роли в системе корпоративной социальной ответственности, обозначением её правовых конструкций.

Корпоративная культура, являясь ценностной основой построения бренда организации, подчеркивает её индивидуальность, создает конкурентное преимущество.

В статье раскрываются правовые основы формирования корпоративной культуры с целью повышения корпоративной социальной ответственности, эффективности функционирования и конкурентоспособности организации.

Ключевые слова: корпоративная культура, работник, работодатель, этические нормы, корпоративный кодекс

Түйіндеме. Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғамда пайда болған корпоративтік мәдениет феноменін түсіну, оның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүйесіндегі рөлін анықтау және оның құқықтық құрылымдарын белгілеу қажеттілігімен байланысты.

Корпоративтік мәдениет ұйымның брендін құрудың құндылық негізі бола отырып, оның даралығын атап көрсетеді және бәсекелестік артықшылықты тудырады.

Мақалада корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті, ұйымның қызмет ету тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың құқықтық негіздері ашылып қарастырылған.

Түйін сөздер: Корпоративтік мәдениет, қызметкер, жұмыс беруші, этикалық стандарттар, корпоративтік кодекс

Введение. В последнее время термин «корпоративная культура» все чаще проникает в содержание трудовых отношений, выступает ценностной основой поведения персонала, направляющим вектором в выстраивании корпоративных интересов и достижения корпоративных целей.

ҚР ҚК-не енгізілген ақпараттық саладағы қылмыстардың құрамын зерделеу ақпараттық саладағы қылмыстың негізгі мәні компьютерлік ақпарат болып табылатынын көрсетеді.

Ақпаратты, компьютерлік ақпаратты қылмыс нысаны ретінде анықтау мәселесі ғылыми заң әдебиеттерінде кеңінен талқыланатын тақырып болуы керек деп санаймыз өйткені қылмыстық заңнаманың нормалары Ақпарат, компьютерлік ақпарат деген не деген сұраққа нақты жауап бермейді. Айта кету керек, бұл мәселе тек қылмыстық құқық пен қылмыстық заңнама теориясының алдында тұр. Тұтастай алғанда, бұл құқық пен заңнаманың басқа салаларында ақпаратты құқықтық қатынастар объектісі ретінде анықтауға қатысты проблемалардан туындайды. ҚР Қылмыстық кодексінің бөлімін талдау және түсіндіру бізге қарастырылып отырған қылмыстардың нысанасы ретінде компьютерлік ақпарат ұғымын кеңейту және толық дұрыс түсіндірмеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ұғымдарды тар және нақты пайдаланбау салдарынан туындайтын бірқатар проблемаларды береді. Мәселен, соңғы жылдары құқық қолдану органдары машиналық тасығышқа жазылған компьютерге арналған бағдарлама компьютерлік ақпарат болып табылатындығына сүйене отырып, Сондықтан машиналық тасығыштағы бағдарламаға заңсыз қол жеткізу машиналық тасығыштағы, электрондық-есептеу машинасындағы (компьютердегі), компьютер жүйесіндегі немесе олардың желісіндегі ақпаратқа қол жеткізу ретінде сараланады заң шығарушы заңсыз қол жеткізу жойылуға, бұғаттауға, модификациялауға немесе көшіруге, сондай-ақ компьютерлік техниканы бұзуға әкеп соқтырды деп мәлімдейді, олардың желілері мен жүйелерін жоғарыда аталған объектілерге қол жеткізе алатын адам жасайды заңмен жазаланады, бұл мұндай құқық қолдану практикасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейтіндігіне және толық көлемде жүзеге асырылмайтындығына әкеледі.

Компьютерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізуді әр адам жасай алады және оған қол жеткізу құқығынсыз және мүмкіндігінсіз, сондай-ақ жоғарыда аталған заңсыз әрекеттердің әрқайсысы оларды жоюға, бұғаттауға, модификациялауға және т. б. әкелуі мүмкін емес, бұл көбінесе пайдаланушылардың өздері де, ұйымдар да, мемлекет те, тіпті бағдарламалық жасақтама да таппайды, мұндай қол сұғушылықтарды анықтауға арналған.

Компьютер жүйесін, желіні немесе компьютердің өзін жоюға, бұғаттауға, көшіруге, модификациялауға немесе бұзуға әкеліп қана қоймай, моральдық зиян келтірген, авторлық және сабақтас құқықтарды бұзған, пайдаланушының ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлаған немесе қарапайым

пайдаланушылардың өз мақсаттарына жетуіне кедергі болған әрекеттер заңсыз қол жеткізу немесе жай ғана заңсыз ену деп есептелуге тиіс. үзіліссіз тоқтаған кезде роботтар, немесе байқалмай және анықталмай қалды, бірақ пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келді.

Компьютерге арналған бағдарлама авторлық құқықтың объектісі болып табылады, бірақ оған қатысты заңсыз әрекеттер компьютерлік ақпаратқа заңсыз қол жетімділік болып табылмайды. Бағдарламаларды лицензиясыз пайдалану бағдарлама жасаушылардың авторлық және сабақтас құқықтарын бұзады және бұл бұзушылықтар заңсыз қол жетімділікке тікелей байланысты емес, бірақ бағдарламада немесе компьютерлік бағдарламаның көмегімен сақталатын нәрсе компьютерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізу арқылы ұрлау объектісі болып табылады және сонымен бірге Авторлық құқық объектісі бола алады [3].

Компьютерлік технологиялар және олармен байланысты қызметтер бүкіл адамзат өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Іс жүзінде көптеген заңсыз әрекеттер компьютерлік технологияны немесе жаңа технологияны қолдана отырып жасалады, онда компьютерлік бағдарламалар немесе компьютерлік ақпарат қолданылады, бұл компьютерлік ақпаратқа, компьютерге, компьютер жүйесіне және желісіне заңсыз қол жеткізу әдісі, құралы, тақырыбы және көбінесе қылмыс жасау әдісі бола алады деген ойға әкеледі. Сондықтан қылмыс жасаудың топтық белгілерінің бірі ретінде компьютерлік желіге, ақпаратқа және жүйеге рұқсатсыз қол жетімділікті қылмыстық заңнама мен құқықты зерттеудің жалпы бөліміне жатқызуға болады. Қылмыстық заңның Ерекше бөлігінде компьютерлік ақпаратпен байланысты бірқатар қылмыстық құрамдарды айыптау және жазалау, содан кейін жаңа технологияларды дамыту және осы саланың әдіснамалық және теориялық мәселелерін толық әзірлеу, сонымен қатар компьютерлік ақпаратқа және бүкіл компьютерлік жүйеге арналған бүкіл бөлімді бөліп көрсету [4].

Жүргізілген зерттеулердің қолда бар нәтижелері шеңберінде ғылыми әдебиеттерде «компьютерлік ақпарат» деген жалпы ұғым машина тасығышта не Ақпараттық-телекоммуникациялық желіде оларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар, меншік иесі не өзге де заңды иесі бар мәліметтердің (хабарламалардың, деректердің) ұйымдық реттелген жиынтығы ретінде қылмыс нысанасы ретінде тұжырымдалған [5].

Компьютерлік ақпарат ұғымынан туындайтын басқа категорияларды анықтауға байланысты мәселе анағұрлым проблемалы болып көрінеді. Бүгінгі таңда «интернет-ресурс» ұғымы (2009 жылы Қазақстандық заңнамада «сайт» ұғымын ауыстырған) 24 заңнамалық актіде қолданылады. Электрондық үкіметтің «веб – порталы» - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе сияқты ұғымды да атап өтуге болмайды. Сондай - ақ, «мемлекеттік сатып алу веб – порталы» ұғымы қолданылады-электрондық мемлекеттік сатып алудың электрондық қызметтеріне бірыңғай

қолжетімділік нүктесін ұсынатын мемлекеттік ақпараттық жүйе [6].

Осылайша, сайттың мәртебесін белгілейтін нормалар құқықтың бірқатар салаларында қамтылған, олардың әрқайсысының өзіндік пәні мен құқықтық реттеу әдісі бар, бұл бізге оларды кешенді құқық институты ретінде анықтауға негіз береді. Күрделі немесе кешенді құқық Институты-бұл құқықтың әртүрлі салаларына кіретін, бірақ өзара байланысты туыстық қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы. Құқықтық теориядағы құқықтық реттеу пәні реттеуге жататын нәрсені білдіреді, яғни. құқықтық әсер ететін қатынастар (осы қатынастарды қалыптастыратын әрекеттер, әрекеттер).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық - коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 шілдедегі № 178-IV Заңы және жақында Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 337 Заңы қабылданғаннан кейін

IV «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне» электрондық үкіметті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қазақстандық заң шығарушылар сайттардың қызметін осы саладағы құқықтық реттеу нысанасын түпкілікті бекіте отырып, реттеуге болады және қажет деп шешкені белгілі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Босхолов С.С. қылмыстық саясаттың негіздері: Конституциялық, криминологиялық, қылмыстық-құқықтық және ақпараттық аспектілер. - М.: ЮрИнфоР орталығы АҚ, 2004. - 303 б.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі: [Электрондық ресурс] - 2015-URL: <http://online.zakon.kz> / (өтініш берген күні 28.08.2015).
3. Степанов-Егиянц в. г. компьютерлік қылмыстар үшін жауапкершілік // заңдылық. - 2005. - №12-48-49 бб.
4. Крылов В. В. ақпарат қылмыстық әрекеттің элементі ретінде // Вестн. Мәскеу. ун-та. Сер. 11. Құқық. - 1998. - № 4. - Б.50-64.
5. Крылов В. компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарды бағалаудың криминалистикалық мәселелері // Қылмыстық құқық. - 1998. - № 3. - Б. 81-89.
6. Петухов Б. В. компьютерлік қылмыстар: қылмыстық-құқықтық тұжырымдаманы әзірлеу мәселесі // ресейлік тергеуші. - 2004. - № 9. - 35-37 б.

**КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕ СЕКТОРЛАРДАҒЫ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ КЕЙБІР
ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ**

**НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ
ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ В КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОМ
И ЧАСТНОМ СЕКТОРАХ**

Каражанов Малик Дулатович
заң факультетінің деканы, PhD,
қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының
доценті, Alikhan Bokeikhan University
декан юридического факультета, PhD, доцент кафедры уголовно -
правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University
e-mail: karazhanov_1982@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері ашылады. Отандық және шетелдік заңнама талданып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Түйінді сөздер: сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, заңнаманы жетілдіру, жеке сектор, квазимемлекеттік сектор.

Аннотация: В данной статье раскрываются актуальные вопросы противодействия коррупции в квазигосударственном и частном секторах. Проанализировано отечественное и зарубежное законодательство, даны точные рекомендации по совершенствованию законодательства в сфере противодействия коррупции.

Ключевые слова: коррупция, противодействие коррупции, совершенствование законодательства, частный сектор, квазигосударственный сектор.

Сыбайлас жемқорлық жылдар бойы мемлекеттік экономика секторына тән құбылыс болып есептеліп келген. Логикалық тұрғыдан алғанда халықаралық-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тек мемлекеттік экономика саласында болып есептелген. Халықаралық деңгейде квазимемлекеттік және жеке секторда іскерлік және іс атқаратын жеке компанияларда бұл көріністің бар екенін ең бірінші болып мойындаған 1997 жылғы «Сыбайлас жемқорлық туралы» АҚШ заңы. Тек бірнеше жылдан соң келесі халықаралық-құқықтық құжаттарда пайдаланған: Еуропа Кеңесінің 1997 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы 20 қолдану принципі, 1997 жылғы Халықаралық бизнес операцияларда шетелдік лауазымды тұлғалардың парасымен күрес туралы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Конвенциясы, Қылмыстық құқық бойынша Еуропа конвенциясының 1999 жылғы кеңесі, 1999 жылғы Азаматтық сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік және 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымы конвенциясы [1, б. 27].

Нормативтік деңгейде квазимемлекеттік және жекеше секторлардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі тәсілді түсіну 2014 ж. Қазақстанда қабылданған 2015-2025 жж. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын қабылдаудан басталады [2].

Негізгі институционалды сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар жазылған негізгі құжат 2003 жылдың 31 қазанында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы болып табылады [3].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенцияның 12-бабына сәйкес қатысушы елдер, өзінің ішкі негізгі заңнамасына сәйкес жеке сектордағы бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарын күшейту шараларын қолданады, қажет болған жағдайда ол талаптарды бұзғандар үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық санкциялар қолданады [3].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция берген нормаларға сәйкес Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың тамыры болып табылатын элементтерді анықтау және жою жұмыстарын жүзеге асырып келеді.

Қазақстан үшін аймақтық жемқорлыққа қарсы құжат ТМД елдері арасындағы жемқорлыққа қарсы тұру үшін Мемлекет аралық кеңесті құру жайлы Келісімі болып табылады, ол 2013 жылдың 25 қазанында қабылданды және 2014 жылы 30 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің №848 жарлығымен бекітілді.

Алайда, 2015 жылғы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңда квазимемлекеттік сектор субъектілері жөнінде сөз көтерілген. Заңшығарушы осы квазимемлекеттік сектор деген не, квазимемлекеттік сектордағы субъектілер кімдер жөнінде анықтама бермей отыр. Бұл үлкен кемшілік деп санаймыз, себебі нақты анықтамалардың болмауы қарсы іс-қимыл жүргізуге үлкен қиындық туғызады [4, б. 510].

Сонымен, осы кемшілікті жою мақсатында нормативтік құқықтық актілерді талдадық. Нақты анықтама Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде табылды. Кодекстің 3-бабының 31-тармағында көзделген: «квазимемлекеттік сектор субъектілері - мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар» [5].

Сондықтан, барлық заң актілерінде сәйкестік болу үшін осы анықтаманы ҚР ҚК-нің 3-бабына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 2.2 тармақшасын енгізу керек.

Осы бағытты дамыту жолында, «А. Шпекбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң қолданылатын адамдар тізіміне әкімдерге кандидаттар мен мемлекеттік сатып алуларға жауап беретін квазимемлекеттік компаниялардың қызметкерлерін жатқызу ұсынылған. Сол

мақсатта ҚР ҚК-нің 3-бабының 28-тармақшасына өзгерістер енгізу ұсынылып отыр.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет көрсету функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер анықталды, олардың негізгі міндеті тиісті ұйым мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету болып табылады. Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы сәйкестік қызметтерін құруға құқылы.

Сәйкестік дегеніміз - талаптар мен стандарттарды сақтау, бұл жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл. Басқаша айтқанда, бұл коммерциялық ұйымдардың қолданыстағы заңдарды, ережелер мен стандарттарды, соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ережелерді сақтау арқылы компанияның, инвесторлардың, тапсырыс берушілердің, қызметкерлердің мүдделерін қорғау» [6].

А. Шпекбаевпен осы бағытта келісуге болады, себебі әрбір квазимемлекеттік және жекеше секторларда осындай арнайы бөлімдер құру сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл жасауға және болдырмауға үлкен ықпалын тигізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабында берілген [7].

Сонымен қатар, осындай шаралардың бірі ретінде Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіндегі жемқорлыққа қарсы нормалардың қабылдануын айтуға болады.

С.Д. Красноусовтың пікірі бойынша, жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың екі негізгі нысаны бар: лауазымын асыра пайдалану және параға коммерциялық сатып алу, ал бұлар қоғамға қауіптілік деңгейі бойынша этикалық, корпоративтік, қызметтік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық нормалардан ауытқу ретінде қарастырылуы мүмкін [8, с. 8].

Мысалы, параға коммерциялық сатып алу үшін заңдық жауапкершілікті қарастыратын нормалар, П.И. Левченконың пікірі бойынша, коммерциялық және басқа да ұйымдардағы жұмыс тәртібін бұзып қана қоймайды, сонымен қатар оларға ұйымдастырушылық, мүліктік шығын алып келеді және мемлекет пен құқық қорғау органдарының мүддесіне қарама-қайшы келе отырып басқа да қылмыстардың, соның ішінде жария-құқықтық саласында бастауы болады [9, с.121].

«Параға коммерциялық сатып алудың тағы бір қауіпті жағы-оның салдары жекеше сектор мен мемлекетке залалын тигізуімен бірге бұл қылмыстың жасырындығында екенін айта кету керек.

Осыған байланысты, Қазақстанның Қылмыстық кодексінде параға коммерциялық сатып алуға байланысты жазаларды қатаңдату іске асырылуда. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 253 бабының бірінші бөлігіне сәйкес параға коммерциялық сатып алуға бес мың

айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл немесе сол көлемдегі түзеу жұмыстары, немесе бес жыл мерзімге дейінгі бостандығын шектеу немесе дәл осы мерзімге бостандығынан айыру қарастырылған.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бағыттары жоғарыда көзделген болатын, бірақ оны нақтылау бағытында, сондай-ақ жаңа бағыттарды ұсыну жасалынатын болады.

Сондықтан, осы бағытта шетелдік озық тәжірибе негіз болады. Бірнеше дамыған елдердің тәжірибесін - квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бағыттарын талдауды жөн көріп отырмыз.

Финляндияда қоғам сыбайлас жемқорлықтан толықтай бас тартып отыр, олар көбінесе Ресей мен Прибалтика елдерінің компаниялары тарапынан параға сатып алу жағдайларымен кездесіп жүр. Финляндияда осындай кері құбылыспен күресу үшін арнайы заңдар, органдар жоқ, тек кешенді шаралар жүйесі ғана бар [10, б.55].

Финдік заңнамада сыбайлас жемқорлық анықтамасы жоқ. Тека 1989 жылы қабылданған қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлық қылмыстарының құрамдары жөнінде ережелер бар. Бұл ережелерге кейін Еуропалық кеңестің және халықаралық актілердің шараларына сай өзгерістер енгізілді, әсіресе шетелдік жария лауазымды адам, жекеше сектордағы парақорлық ұғымдары енгізілді.

Финляндияның қылмыстық кодексінің 30 тарауының 7 және 8 баптарында жекеше сектордағы параға сатып алу жөнінде айтылған: пара берушінің және үшінші тұлғалардың пайдасына әрекеттер жасау үшін пара беру және алуға тыйым салынған [11].

Финляндияның қылмыстық заңы бойынша заңды тұлға кінәлі болып есептелсе, оған 850 000 евро айыппұл салынады. Сонымен бірге, бизнестегі операцияларға шектеу қойылады [12].

Алайда, мемлекеттік сатып алулар туралы заңның 53-бабына сәйкес ұйымның басшысы немесе басқару органының мүшесі парақорлықта кінәлі болса, онда конкурстық сатып алуларға бұл ұйым қатыспайды [13].

Финляндияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекетпен іс-қимылдың этикалық нормаларын құру мен бақылау жағдайларын туғызу, ашықтықты қамтамасыз ету, пара беру қабілеттігін төмендету және қадағалау тиімлігін жоғарлату жағдайларын қамтиды [13].

Финляндияда ресми сыбайлас жемқорлыққа қарсы билік органдары, жекеше сектор, ғылыми қауымдастық және үкіметтік емес ұйымдарды біріктеретін әділет министрлігі құрамындағы қозғалыс құрылған. Оның негізгі міндеттері: сыбайлас жемқорлық жөнінде халықтың білу жағдайын жоғарылату, халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы елдің міндеттемелерін жүзеге асыруға көмектесу, ғылыми зерттеулерді қолдау болып табылады.

Швецияның заңнамасында да сыбайлас жемқорлық анықтамасы жоқ.

Дэвид Востерфорстың айтуынша, сыбайлас жемқорлықтың заңды

анықтамасы мен нақты өлшемiнiң болмауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тиімсіз сипат береді. Сонымен бірге, қоғамда күдік білдіру жағдайын туғызады, соның салдарынан «кінәлілерді анықтауға бағытталған аңшылыққа» айналдырады - деп санайды [14].

Швецияның қылмыстық кодексінің 10 тарауының 5 бабында үшінші тұлғаларға артықшылықтар беру мақсатымен пара алғаны үшін санкциялар көзделген. Осы тараудың 5В бабында пара бергені үшін жауаптылық, 5D бабында – біреуге ақша немесе активтерді беру жолымен пара беруге көмектескені үшін трейдердің жауапкершілігі көзделген [15].

Швецияның қылмыстық заңында сенімді теріс пайдалану, өкілеттіктерді теріс пайдаланғаны үшін санкциялар көзделген. Бұл баптарда жекеше және квазимемлекеттік секторларда жасалған қылмыстар үшін жауаптылық бір бап көлемінде қамтылған.

Сөйтіп, Финляндия мен Швецияның тәжірибесі көрсеткендей, бұл елдерде көптеген құқықтық актілер жоқ екенін байқадық, бірақ бұл елдерде сыбайлас жемқорлық деңгейі өте төмен.

Осындай төмен деңгейдің болуының ең басты себебі қоғамның осындай құбылысқа кері көзқараспен қарауы және қоғамдық ұйымдардың осындай әрекеттерге қарсы іс-қимылда белсенді роль атқаруы болуы мүмкін, - деп есептейді мамандар. Бастысы жекеше және жария секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қоғамда тәрбиелеу болып табылады.

АҚШ-та жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында Сарбейнз-Оксли заңы қолданылады, ол бағалы қағаздар эмитент-компанияларымен есеп берудің құрамы мен тәртібін өзгертті, акционерлер, қоғамдастық және мемлекет тарапынан компанияның қызметі мен есеп беруіне бақылауды күшейтті. Бұл заң АҚШ-тың жария компанияларына, сондай-ақ АҚШ-та құрылған және басқа елде құрылған акциялары бар компаниялар қызметіне қатысты қолданылады. Сарбейнз-Оксли заңында келесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар көзделген: компания директорлары мен лауазымды адамдарына жеке қарыз беруге шектеу қою; компания директорлары мен лауазымды адамдарына лауазымдық қылмыстар нәтижесінде қаржылық есеп талаптарының елеулі сәйкес келмеуі салдарынан мадақтау сыйақылар алудан немесе бағалы қағаздардан айыру; корпоративтік ақпарат берушілерді, яғни компания жұмысындағы кемшіліктерді хабарлайтын қызметкерлерді компания басшылығы тарапынан кек алудан қорғау; аудиторлардың компания басшылығына емес, аудит жөніндегі комитетке бағынуы [16].

Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәжірибесі көрсеткендей, онда арнайы мемлекеттік орган – сыбайлас жемқорлық әрекеттерін тергеу бойынша бюро бар. Осы тәуелсіз мамандандырылған органның қызметкерлері мемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеумен айналысады. 1952 жылы құрылған бюро сыбайлас жемқорлық туралы Заңға сәйкес қызмет істейді. Сингапурда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған арнайы акт бар – 1960

жылғы Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы Заң. Осы заңға сәйкес бюро мемлекеттік сектордан басқа, жеке сектордағы қылмыстарды басқа елдерге қарағанда тергейді. Жеке секторға осындай көзқарас, Сингапур үшін әлемдік сауданың орталығы ретінде стратегиялық мағынасы бар. Сингапурда «сыбайлас жемқорлық презумпциясы» бар, яғни егер қызметшіні құқыққа қайшы мүлік алғандығы жөнінде айыпты деп тапса, ол айыпты емес екендігін өзі дәлелдеуі керек; сот кінәліге қатысты пара сомасын қайтарумен қатар, айыппұл және (немесе) бас бостандығынан айыру жазасын үкіммен шығара алады.

Сингапурдағы арнайы өкілеттігі бар орган Қазақстандағы арнайы органға қарағанда кең өкілеттікке ие және арнайы «сыбайлас жемқорлық презумпциясы» бар екендігін көрсетті.

«Осындай тәсілді бізде енгізу және оны жүзеге асыру кезінде шешілмейтін кедергі болатын бірнеше маңызды мәселелерді туындатады: 1. Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі. Бұл жағдайда осы норма тұлғаның жасаған әрекетіне кінәсі болмаса, қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігіне жол бермейді, сонымен қатар әділдік артуға тыйым салады. Бұл ретте Қылмыстық кодекс тек қоғамдық қауіпті әрекетпен жасалған қылмыстарды кінәлі деп есептейді, ал қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады. Осыған орай, ұсынылған тәсіл Конституцияның және содан туындайтын ҚК нормаларын амалсыздан бұзуға алып келеді, өйткені қылмыс жасамаған адамның, бірақ ол табысының немесе мүлкінің растығын және заңдылығын сенімді дәлелдей алмаса, кінәсін анықтау мүмкін болмайды; 2. Сонымен қатар, Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 6), 7), 8)-тармақшаларының ұстанымдары тұрғысынан келгенде, ұсынылған шаралар күмән туғызады.

Шынында, осы нормаларға сәйкес айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, ешкім өзіне-өзі қарсы айғақ беруге міндетті емес, адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез-келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады деген принциптері жарияланған. Істің мәні, ұсынылған жауапкершілік кінәсіздік презумпциясының принциптерін болғызбайды, өйткені қандай да болса табыс немесе мүлкі бар не алған барлық адамдарды кінәсіздіктен кінәлі деген жағдай туғызады. Бұл жағдайға біздің заңнама жол бере алмайды» [17, б. 515].

Сонымен, АҚШ, Швеция, Сингапур, Финляндия және өзге де сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл бойынша озық тәжірибесі бар елдерде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторларда өзара байланысты және бірыңғай қолданылады, себебі барлық экономика секторлары бір жүйенің компоненттері болып келеді.

Жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл бағытында БРИКС (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік-Африка Республикасы) елдерінің басты жетістігі

«таза компаниялар туралы заңнаманың» қабылдауы болып табылады.

2013 жылдың тамыз айында Бразилияда «Компаниялардың корпоративтік жауапкерлігі туралы» заң қабылданған, осы заң бойынша алғашқы рет бұл елде заңды тұлғалардың квазиқылмыстық жауаптылығы енгізілген. Осы заң бойынша мемлекеттік қызметшілерді параға сатып алған компанияларға компанияның толық табысынан 0,1 ден 20% дейін айыппұлдар салынады, сондай-ақ келітірілген залалды толық орнын толтыру міндеті жүктеледі. Компания қызметі тоқтатылады және барлық мүлкі тәркіленіп, компания арнайы Ұлттық сыбайлас жемқор компаниялар реестріне енгізіледі [18].

Еуропа елдерінде осындай қарсы іс-қимыл бағыттары ақшаларды жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында қаржылық жүйені қолданудың жолын кесу туралы Еуропалық кеңестің 2005/60 Директивасында анықталған [19].

Ұлыбританияда 2002 жылғы қылмыстық кірістер туралы Заңы құқық қорғау органдарына және қазынашылыққа кең өкілеттік берген (құралдарды тәркілеу және оған тыйым салу) [20].

Италия ақшаны жылыстатумен күрес бағытында 29 жылғы тәжірибесінде Еуропаның қаржылық орталықтарына жатпаса да, ондағы қылмыстық ұйымдардың орын алуы олардың жасап жатқан күресінің тиімді екенін көрсетіп отыр. Ақшаны жылыстату банк секторында және банктен тыс жерлерде казино, алтын нарығында орын алады. Ақшаны жылыстатуға салған адамдар банктік емес қаржылық ұйымдарды ақшаны елден шығаруға қолданады [24, с. 369].

Сонымен, шет елдерде жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл кәсіби және корпоративтік тәртіптің кодекстерін қабылдаудан, коммерциялық кәсіпорындар арасындағы қатынастарда озық коммерциялық тәжірибені мадақтаудан, жекеше сектордың ашықтығын қамтамасыз етуден, заңды тұлғалардың шынайы иелерін анықтауға бағытталған іс-шаралардан тұрады. Сонымен қатар, ішкі аудиторлық бақылау тетіктерін қолдану болып табылады.

Жаһандану дәуірінде жекеше секторда трансұлттық компаниялар көбеюде, олар өздерінің нарықтағы жағдайын пайдаланып максималды тиімді шарттарды ұсынады және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында ерекше роль атқарады. Сондықтан, дамыған елдерде жекеше сектор нарықта мемлекеттік сектордан үстем болып келеді.

Жекеше секторда сыбайлас жемқорлықтың дамуы елдің экономикалық дамуына кері әсер етеді. Мемлекетпен әртүрлі ресурстарды (экономикалық, табиғи, кадрлық және қаржылық) тарату экономиканың өсу қарқынын төмендетуге әкеледі. Жекеше секторда компанияны басқарушы өзінің билігін пайдаланып табыс табу мақсатымен әрекеттер жасайды, ол компания иелеріне экономикалық шығын әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Драго Кос (Drago Kos). Роль ГРЕКО и ОЭСР в установлении наилучшей

- правовой практики по предупреждению коррупции в частном секторе экономики //Мониторинг правоприменения. 2013. №2. - С.27-32
2. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы. // «Заң» ақпараттық базасы
 3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31 Заңы //«Заң» ақпараттық базасы
 4. Каражанова Ж.К. Квazимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстылығын алдын алудың өзекті мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №3 (118). – Астана: ЕҰУ, 2017. - Б. 509-512
 5. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі //«Заң» ақпараттық базасы
 6. Шпекбаев А. Как понятие «коррупция» распространяет на бизнес. Разбор законопроекта //https://informburo.kz/cards/kak-ponyatie-korruptsiya-rasprostranyat-na-biznes-razbor-zakonoproekta.html 05.11.2022.
 7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы //«Заң» ақпараттық базасы
 8. Красноусов С.Д. Коммерческий подкуп как форма коррупции в частном секторе: понятие и противодействие: автореф.... канд. юрид. наук. 12.00.08, Владивосток, 2012. - 27 с.
 9. Левченко П.И. Криминологическая и уголовно-социологическая характеристики коммерческого подкупа /П.И. Левченко // Юрист-правовед. - 2014. - № 5 (66). - С. 121–124.
 10. Joutsen M., Keränen J. Corruption and the Prevention of Corruption in Finland. Helsinki, 2009. – 120 p.
 11. The Criminal Code of Finland (39/1889, Amendments up to 766/201 5 Included). 2015. //https://www.unodc.org/res/cld/document/fin/the-criminal-code-of-finland_html/Criminal_code_of_Finland.pdf 05.11.2022.
 12. Laki liiketoimintakiellosta (1059/1985) // http: //www. finlex. fi/fi/laki/alkup/1985/19851059 05.11.2022.
 13. Laki julkisista hankinnoista (348/2007) https:// finlex.fi/fi/laki/kaannokset/2007/en20070348 05.11.2022.
 14. Korruption. Justitiekanslietens betänkande 2003/04:JuU21 // https://www.riksdagen.se/sv/dokument-lagar/ arende/ betanken de/ korruption_ GR01JU21 05.11.2022.
 15. Brottsbalk (1962:700) // https://lagen.nu/1962:700 05.11.2022.
 16. Corporate Accountability: Sarbanes-Oxley Act of 2002: (P.L. 107-204) // https://www.everycrsreport.com/files/20020827_RL31554_81c337259809bd1f90d40847697b5e8f16f923c1.pdf 05.11.2022.
 17. Каражанова Ж.К. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастырып алдын алуда мемлекеттік органдар қызметінің рөлі //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы.– 2017. – № 5(120). – Астана: ЕҰУ. – Б. 510-516.
 18. LEI № 12.846, DE 1e DE AGOSTO DE 2013. //http://www.planalto.gov.br/ccivil_03/_ato2011-2014/2013/lei/112846.htm 05.11.2022.
 19. Directive 2005/60/EC (OJ No L 309, 25.11.2005, p.15) of the European Parliament and of the Council. //http://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32006L0070 05.11.2022.
 20. Serious Crime Act 2015.// https:// www.gov. uk/ government /collections/ serious-crime-bill 05.11.2022.

21. Противодействие коррупции: новые вызовы : монография / С.Б. Иванов, Т.Я. Хабриева, Ю.А. Чиханчин [и др.]; отв. ред. Т.Я. Хабриева. - М. : Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации: ИНФРА-М, 2016. - 384с.

МРНТИ 10.31.41

ОБРАЩЕНИЕ ВЗЫСКАНИЯ НА ЕДИНСТВЕННОЕ ЖИЛОЕ ПОМЕЩЕНИЕ В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ И РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ТҰРҒЫН ҮЙ-ЖАЙҒА ӨНДІРІП АЛУ: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Процалыгин Роман Александрович

*доцент кафедры гражданского права, кандидат юридических наук
Новосибирского военного ордена Жукова институт
имени генерала армии И.К. Яковлева
войск национальной гвардии Российской Федерации;
Сибирский государственный университет путей сообщения*

*азаматтық құқық кафедрасының доценті, Новосибирск әскери
орденінің заң ғылымдарының кандидаты Жукова институт
армия генералы И. К. Яковлев атындағы
Ресей Федерациясының ұлттық гвардиясының әскерлері;
Сібір мемлекеттік қатынас жолдары университеті
e-mail: Rap83@mail.ru*

Аннотация: в научной статье рассматривается проблема обращения взыскания на единственное жилое помещение собственника-должника в Российской Федерации и Республике Казахстан. На основе проведенного анализа законодательства, судебной практики и доктринальных источников выявлены основные подходы к решению данной проблемы. По результатам научной работы сформулированы выводы и рекомендации, направленные на устранение существующей проблемы, путем совершенствования правового регулирования обращения взыскания на единственное жилое помещение собственника-должника в Российской Федерации и Республике Казахстан.

Ключевые слова: обращение взыскания, жилое помещение, прекращение права собственности, исполнительский иммунитет, собственник-должник.

Аннотация: ғылыми мақалада Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасындағы меншік иесі-борышкердің жалғыз тұрғын үй-жайына өндіріп алу мәселесі қарастырылады. Заңнаманы, сот практикасын және доктриналық дереккөздерді талдау негізінде осы мәселені шешудің негізгі тәсілдері анықталды. Ғылыми жұмыстың нәтижелері бойынша Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасында меншік иесі-борышкердің жалғыз тұрғын үй-жайына өндіріп алуды құқықтық реттеуді жетілдіру

жолымен бар проблеманы жоюға бағытталған тұжырымдар мен ұсынымдар тұжырымдалған.

Түйінді сөздер: өндіріп алу, Тұрғын үй-жай, меншік құқығын тоқтату, орындаушылық иммунитет, меншік иесі-борышкер.

Нестабильная геополитическая обстановка в мире, формирование многополярного мирового правопорядка, стремительно развивающийся финансовый и экономический кризис в мировой экономике требуют консолидации, развития и укрепления торгово-экономических отношений между государствами – странами участниками Содружества Независимых Государств. В целях преодоления надвигающегося кризиса и стагнации экономик государств необходимо, в том числе, адекватное правовое регулирование отношений экономического товарооборота. Увеличение уровня инфляции, снижение покупательской способности населения приводят не только к негативным финансовым, но и правовым последствиям для физических лиц. Одним из таких последствий выступает возможность обращения взыскания на имущество должника, в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательства. В законодательстве об исполнительном производстве Республики Казахстан, также, как и в Российской Федерации закреплена соответствующая возможность. Обращение взыскания на имущество должника в связи с неисполнением или ненадлежащим исполнением гражданско-правовых обязательств по своей сути представляет собой одно из оснований прекращения права собственности. При этом, как правило, речь идет о принуждении, которое является институтом характерным для публичных отраслей права. Однако действующее гражданское законодательство Российской Федерации и Республики Казахстан содержит правовые предписания, предусматривающие судебный, принудительный порядок обращения взыскания на имущество должника. При этом в рамках данных правоотношений происходит реализация мер гражданско-правовой ответственности, которая может носить как договорный, так и деликтный характер [1, с. 153-162].

В настоящее время в Российской Федерации, в практике реализации норм, регламентирующих возможность обращения взыскания на единственное жилое помещение собственника – должника сложилась неоднозначная ситуация и правовая неопределенность. Связано это с тем, что в отношении жилого помещения, которое является единственным, действует так называемый иммунитет от взысканий, установленный гражданским процессуальным законодательством. Следует согласиться с мнением Е.П. Чорновола и О.Е. Чорновол в том, что «безусловно, гражданско-правовой охране достоин всякий интерес, который не нарушает границ закона или индивидуальной свободы другой личности» [2, с. 140]. Вместе с тем, Конституционный Суд Российской Федерации в своем решении указал на то обстоятельство, что наличие норм об исполнительском иммунитете, действующем в отношении единственного жилого помещения, не является основанием безусловного отказа в обращении взыскания на жилое

помещение собственника – должника.

В законодательстве Республики Казахстан установлены иные правовые предписания. В ст. 61 Закона Республики Казахстан от 02.04.2010 г. № 261-IV «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» [3] приводится перечень имущества, обращение взыскания на которое не допустимо. При этом в данном перечне отсутствует указание на единственное жилое помещение должника.

Кроме того, ст. 250-1 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан [4] содержит правило, согласно которому при невозможности погашения задолженности за счет иного имущества либо при недостаточности имущества, взыскатель либо судебный исполнитель, вправе обратиться в суд с заявлением об обращении взыскания на недвижимое имущество должника. Буквальное толкование данной нормы, дает понять, что имеется в виду любое недвижимое имущество, включая жилые помещения.

Согласно п.п. 1 п. 1 ст. 29 Закона Республики Казахстан от 16.04.1997 г. № 94 «О жилищных отношениях» [5] (далее – Закон «О жилищных отношениях») допускается обращение взыскания на жилище вместе с земельным участком по долгам собственника. При этом каких-либо исключений для единственного жилого помещения в рассматриваемой норме не содержится. Однако, в силу правовых предписаний рассматриваемой статьи закона, сделана оговорка, согласно которой при принудительном прекращении права собственности граждан, относящихся к социально уязвимым слоям населения, на единственное жилище на территории Республики Казахстан, выселение в отопительный сезон запрещается.

Исходя из анализа указанных нормативных актов, какие-либо ограничения, установленные для обращения взыскания на единственное жилое помещение должника, в казахстанском законодательстве отсутствуют.

В Российской Федерации анализируемый вопрос приобрел особую актуальность в последние несколько лет, в связи с внесением в 2015 году в Федеральный закон Российской Федерации от 26.10.2002 года № 127-ФЗ «О несостоятельности (банкротстве)» [6] изменений, предусматривающих процедуру банкротства физического лица и обращения взыскания на имущество гражданина - должника. Представляется, что изменение действующего законодательства в указанной сфере и формирование соответствующей судебной и арбитражной практики, влекут за собой не только трансформацию отраслевого законодательства, но и пересмотр основополагающих принципов, которые были незыблемы на протяжении достаточно длительного времени. Одним из конституционных принципов, предусмотренных ст.ст. 25, 40 Конституции РФ является принцип неприкосновенности жилища и недопустимости его произвольного лишения. В жилищном праве данный принцип является основополагающим и находит свое развитие в ст. 3 Жилищного кодекса РФ (далее – ЖК РФ) одной из граней которого является формулировка о недопустимости выселения из

жилища или ограничения в праве пользования жилым помещением.

В развитие положений указанного принципа, правовые предписания ст. 446 Гражданского процессуального кодекса РФ (далее – ГПК РФ) устанавливают иммунитет от притязаний кредиторов гражданина на жилище, которое является единственно пригодным жилым помещением для должника и членов его семьи, за исключением жилых помещений, являющихся предметом ипотеки. «Данное законоположение, защищая интересы должника, в некоторых случаях игнорирует законные интересы кредитора, не отвечая принципам разумной достаточности, и дает должнику возможность для злоупотребления правом с целью увода имущества от обращения взыскания», - отмечает Г.Г. Павлова [7, с. 73].

В настоящее время законодательство Республики Казахстан подвергается активному реформированию, вносятся многочисленные изменения в нормативные правовые акты. На рассмотрение Мажилиса Парламента Республики Казахстан внесен проект Закона Республики Казахстан «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан» [8] в рамках которого предлагается установить запрет на обращение взыскания в отношении единственного жилого помещения должника. В п. 3 ст. 38 указанного проекта внесено правовое предписание, согласно которому, в состав имущественной массы не включается имущество, на которое не может быть обращено взыскание в соответствии с законодательством Республики Казахстан об исполнительном производстве, а также единственное жилище должника, не являющееся обеспечением исполнения обязательств.

Как представляется, данное законодательное закрепление о невозможности обращения взыскания на единственное жилое помещение, без каких-либо ограничений, может повлечь за собой шлейф правовых проблем и злоупотреблений, которые в настоящее время пытаются преодолеть правоприменительные органы в Российской Федерации.

В судебной практике Российской Федерации, практике высших судебных инстанций и юридической литературе правовые положения о недопустимости обращения взыскания на единственное жилое помещение неоднократно становились предметом дискуссии. Так, по мнению Д.В. Иванова и В.М. Огневенко: «в настоящее время на законодательном уровне не урегулирован порядок обращения взыскания на единственное жилое помещение должника, если оно не является предметом залога или ипотеки, что позволяет должнику чувствовать себя «безнаказанно», в т.ч. и при возбужденном исполнительном производстве» [9, с. 79].

Исходя из анализа точек зрения и материалов судебной практики, следует сделать вывод о том, что краеугольным камнем в данном споре является стоимость единственного жилого помещения и его общая площадь, на которое установлен иммунитет от обращения взыскания, при отсутствии иного имущества у должника – собственника данного жилья. В целом, исходя из анализа судебной практики и доктринальных источников, подходы

к решению данного вопроса можно сгруппировать следующим образом.

Первый подход предполагает недопустимость обращения взыскания на единственное жилое помещение собственника – должника, в связи с тем, что жилые помещения являются не только объектом экономического товарооборота, но и выполняют более важную социальную функцию по удовлетворению потребностей граждан в жилище.

Кардинально противоположный подход к решению рассматриваемого вопроса, состоит в возможности обращения взыскания на единственное жилое помещение высокой стоимости и превышающее по общей площади средние размеры, необходимые для удовлетворения среднестатистических потребностей в жилище.

Третий подход сводится к возможности обращения взыскания на часть или долю указанного жилого помещения с сохранением права собственности должника на оставшуюся часть жилого помещения.

Четвертый подход, можно свести к возможности обращения взыскания на единственное жилое помещение в исключительных случаях, прямо предусмотренных законом.

При этом вопрос возможности обращения взыскания на единственное жилое помещение неоднократно становился предметом рассмотрения высших судебных инстанций, в том числе Конституционного Суда Российской Федерации. Так, в определении Конституционного Суда РФ от 04.12.2003 года № 456-О «Об отказе в принятии к рассмотрению запроса Октябрьского районного суда города Ижевска о проверке конституционности абзацев первого и второго пункта 1 статьи 446 Гражданского процессуального кодекса Российской Федерации» [10] данный вопрос оценивался с позиции соответствия правовых предписаний ст. 446 ГПК РФ конституционным положениям. В данном судебном акте было указано на то обстоятельство, что рассматриваемая норма направлена на защиту конституционного права на жилище, а также на обеспечение охраны государством достоинства личности, условий нормального существования и гарантий социально-экономических прав.

Вместе с тем, анализируемое решение Конституционного Суда РФ содержало одно важное указание, которое, как представляется, и породило существование различных подходов к решению рассматриваемого вопроса. В частности, было акцентировано внимание законодателя на возможности конкретизации данного регулирования в части, касающейся размеров такого жилого помещения. С момента вынесения данного определения прошло восемнадцать лет, на протяжении которых законодатель так и не счел нужным восполнить данный пробел, на который было указано, в том числе и Конституционным Судом РФ.

Еще в одном постановлении Конституционного Суда РФ от 14.05.2012 года № 11-П 2 «По делу о проверке конституционности положения абзаца второй части первой статьи 446 Гражданского процессуального кодекса Российской Федерации в связи с жалобами граждан Ф.Х. Гумеровой и Ю.А. Шикунова» было указано, что в целях реализации конституционного

принципа соразмерности при обеспечении защиты прав и законных интересов кредитора (взыскателя) и гражданина-должника как участников исполнительного производства – исполнительский иммунитет должен распространяться на жилое помещение, которое по своим объективным характеристикам (параметрам) является разумно достаточным для удовлетворения конституционно значимой потребности в жилище как необходимом средстве жизнеобеспечения [11]. Таким образом, высшей судебной инстанцией было указано не только на необходимость законодательных изменений в рассматриваемой сфере, но и на обеспечение баланса интересов кредиторов и должника – собственника единственного жилого помещения. При этом следует учитывать, что в случае обращения взыскания на единственное жилое помещение, в соответствии с ЖК РФ, формы удовлетворения потребностей в жилье могут быть различными [12, с. 79].

В настоящее время, в связи с ростом числа обращений физических лиц с требованием о признании неплатежеспособными (банкротом), возросло число споров, связанных с возможностью обращения взыскания на единственное жилое помещение. Это связано с тем, что ст. 213.25 Федерального закона РФ «О несостоятельности (банкротстве)» содержит бланкетную норму, в соответствии с которой взыскание не может быть обращено на имущество, определяемое гражданским процессуальным законодательством. При этом Верховный Суд РФ в п. 3 постановления Пленума Верховного Суда РФ от 25.12.2018 года № 48 «О некоторых вопросах, связанных с особенностями формирования и распределения конкурсной массы в делах о банкротстве граждан» указал на недопустимость обращения взыскания на единственное пригодное для постоянного проживания жилое помещение, не обремененное ипотекой, в ситуации банкротства должника [13]. В обоснование данного решения был заложен принцип защиты конституционного права на жилище самого гражданина-должника и членов его семьи, а также обеспечение нормальных условий существования и гарантий социально-экономических прав.

В свете изложенного особый интерес вызывает постановление Конституционного Суда РФ от 26.04.2021 года № 15-П «По делу о проверке конституционности положений абзаца второй части первой статьи 446 Гражданского процессуального кодекса Российской Федерации и пункта 3 статьи 213.25 Федерального закона «О несостоятельности (банкротстве)» в связи с жалобой гражданина И.И. Ревкова» [14], которое, как представляется, изменит сложившуюся судебную практику по рассматриваемому вопросу. В данном судебном решении были сформулированы следующие знаковые выводы, о возможности обращения взыскания на единственное жилое помещение собственника – должника, которые идут вразрез с нормами действующего процессуального законодательства.

Во-первых, при обращении взыскания на жилое помещение необходимо учитывать норму предоставления жилья, применимую для договора социального найма жилого помещения на каждого члена семьи

собственника жилого помещения.

Во-вторых, в результате обращения взыскания на жилое помещение не должно происходить изменения места жительства собственника-должника и членов его семьи относительно границ поселения.

В-третьих, должна учитываться рыночная цена жилого помещения, на которое обращается взыскание, и размер непогашенной части долга собственника-должника.

В-четвертых, если собственник жилого помещения в рамках заключаемого соглашения с участниками исполнительного производства или производства по делу о несостоятельности (банкротстве) согласится на ухудшение жилищных условий, вышеуказанные обстоятельства могут вообще не соблюдаться.

Думается, что в рамках указанного решения Конституционный Суд РФ взял на себя функции законодателя, по сути, сформулировав норму, содержащую критерии и условия обращения взыскания на единственное жилое помещение собственника – должника. Таким образом, данное решение высшей судебной инстанции является ярким примером признания за судебным прецедентом силы источника права, не характерного для Романо-германской правовой семьи.

Вместе с тем, несмотря в целом на рациональность указанных обстоятельств, при которых возможно обращение на единственное жилое помещение собственника – должника, представляется излишним и не конституционным возмощность ухудшения жилищных условий на основе соглашения, которое может быть заключено должником и другими участниками исполнительного или конкурсного производства. Как верно отмечают В.А. Колбина и Е.Л. Невзгодина, «...любое регулирование рассматриваемых отношений должно предполагать наличие судебного контроля в сфере вопросов, касающихся обращения взыскания на единственное жилое помещение» [15, с. 77]. Тем более не совсем понятно, в какой форме должно заключаться данное соглашение и о каком соглашении может идти речь, если в соответствии с п. 4 ст.3 ЖК РФ никто не может быть выселен из жилища или ограничен в праве пользования жилым помещением, за исключением случаев, установленных федеральным законодательством. В настоящее время ни в ЖК РФ, ни в иных федеральных законах подобного обстоятельства не предусмотрено. В рамках обращения взыскания на жилое помещение представляется необходимым соблюдение баланса прав и законных интересов собственника жилья – должника и кредиторов [16, с. 15-19].

- 3 Ким К.В. Комплексное применение криминалистических методов расследования: Учебное пособие. – Караганда, 1995. – 88с.
- 4 Словарь русского языка: В 4-х т./ АН СССР, Ин-т рус. Яз.; Под ред. А.П. Евгеньевой. – 2-е изд., испр. Т. 1. А – Й. 1981. – 698с.
- 5 Криминалистика: Учебник для вузов / Т.В. Аверьянова, Р.С. Белкин, Ю.Г. Корухов, Е.Р. Россинская ; Под ред. Р. С. Белкина. – М.: НОРМА (НОРМА–ИНФРА М), 2001. – 990 с. [Электронный ресурс] URL: http://library.nlu.edu.ua/POLN_TEXT/KNIGI/BELKIN_KRIM_2001.htm#%D0%A0_1 (Дата обращения 31.10.2020)
- 6 У полицейских Восточного Казахстана появилась передвижная криминалистическая лаборатория [Электронный ресурс] – ЮРИСТ. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31379391

МРНТИ 10.79.45

О ВОССТАНОВЛЕНИИ СРОКОВ ДОСУДЕБНОГО РАССЛЕДОВАНИЯ В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ

Турлыбаев Орын Нуржанович

*кандидат юридических наук, доцент Alikhan Bokeikhan University
заң ғылымдарының кандидаты, доцент Alikhan bokeikhan University*

Аннотация: В статье автором рассматриваются проблемные вопросы

восстановления сроков досудебного расследования следователем, возникающие в следственной и прокурорской практике. Предлагаются пути их решения.

Ключевые слова: досудебное расследование, уголовный процесс, следователь, прокурор, уголовное правонарушение

Аннотация: Мақалада автор тергеу және прокурорлық тәжірибеде туындайтын тергеушінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін қалпына келтірудің проблемалық мәселелерін қарастырады. Оларды шешу жолдары ұсынылды.

Түйінді сөздер: сотқа дейінгі тергеу, қылмыстық процесс, тергеуші, прокурор, қылмыстық құқық бұзушылық

Статьей 50 Уголовно-процессуального кодекса РК (далее – УПК) предусмотрен порядок восстановления срока в уголовном процессе, который является важным инструментом защиты прав участников уголовного судопроизводства.

Между тем, механизм правоприменения положений ст.50 УПК вызывает споры в следственной и прокурорской практике.

Так, в соответствии с ч.2 ст.50 УПК по ходатайству заинтересованного лица **срок, пропущенный по уважительной причине**, может быть восстановлен постановлением дознавателя, следователя, прокурора или судьи, в производстве которых находится дело. При этом **срок восстанавливается для лица, его пропустившего, но не для других лиц**, если иное не предусмотрено соответствующим решением органа, ведущего уголовный процесс.

На практике имеют место случаи, когда срок досудебного расследования по уважительной причине может быть пропущен следователем по уважительной причине.

Например, в порядке ч.2 ст.188 УПК досудебное расследование может производиться по месту обнаружения уголовного правонарушения, а также по месту нахождения подозреваемого или большинства свидетелей [1]. В таких случаях по принципу территориальности уголовное дело может быть передано из одного территориального органа уголовного преследования в другой.

Такая ситуация в Казахстане могла возникнуть в связи с образованием трех новых областей: Абай, Жетысу и Улытау. После образования новых областей, в каждой из них были созданы новые территориальные подразделения органов уголовного преследования, которым по принципу территориальности переданы соответствующие уголовные дела.

При этом, правом принятия решения о передаче уголовных дел по положениям ст.193 УПК обладает прокурор.

После выставления соответствующих статистических карточек в БД ЕРДР, материалы уголовного дела (в ряде случаев десятки и сотни томов) по почте направляются в соответствующий территориальный орган уголовного преследования. Время нахождения в пути может составить 10 и более суток, в течение которых какие-либо процессуальные действия ни кем из участников уголовного судопроизводства не проводятся. В тоже время

продолжается исчисление процессуальных сроков досудебного расследования.

В таких случаях, по нашему мнению, по мотивированному ходатайству следователя прокурор вправе восстановить срок досудебного расследования на период времени нахождения материалов уголовного дела в пути.

Аналогичные случаи могут возникнуть и при других, не предусмотренных уголовно-процессуальным законодательством, ситуациях.

На наш взгляд, основным условием восстановления срока досудебного расследования для следователя должно являться не производство процессуальных действий в этот период.

Однако, на практике могут возникнуть сложности с применением порядка восстановления срока досудебного расследования для следователя.

Так, в соответствии с подпунктами 2) и 3) ч.3 ст.192 УПК в срок досудебного расследования не включается время:

– нахождения уголовного дела по жалобе свидетеля, имеющего право на защиту, подозреваемого, потерпевшего в суде и прокуратуре

– нахождения уголовного дела у прокурора в связи с рассмотрением вопроса об утверждении либо согласовании процессуальных решений и (или) действий лица, осуществляющего досудебное расследование.

Поскольку время нахождения в пути материалов уголовного дела от прокурора (принимающего решение о передаче) к другому органу уголовного преследования (по территориальности или подследственности) не подпадает не под одно из указанных оснований, постольку и процессуальных оснований для восстановления сроков досудебного расследования может и не возникнуть.

В целях разрешения коллизий между статьями 50 и 192 УПК предлагаем внести изменения и дополнения в вышеуказанные нормы следующего содержания:

Дополнить ч.2 ст.50 УПК вторым абзацем следующего содержания «По ходатайству следователя, срок досудебного расследования, пропущенный по уважительной причине, может быть восстановлен постановлением прокурора.».

Дополнить ч.3 ст.192 УПК подпунктом 5) следующего содержания «5) восстановленное постановлением прокурора по ходатайству следователя.».

Полагаем, что предлагаемые нами изменения будут способствовать **существенной экономии** процессуальных сроков досудебного расследования и обеспечат возможность **соблюдения прав** всех участников уголовного судопроизводства.

Список использованной литературы

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 2022 г.) // Юрист. [Электронный ресурс] https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852#sub_id=0 (Дата обращения 10.11.2022)

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ХУЛИГАНСТВО ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РОССИИ И КАЗАХСТАНА

РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША БҰЗАҚЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Цой Лолла Владимировна

*Алтайский филиал Российской академии народного хозяйства и
государственной службы при Президенте Российской Федерации
(РАНХиГС)*

*Старший преподаватель кафедры уголовного права, уголовного
процесса и криминалистики*

*Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық
шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясының (РАНХиГС)
Алтай филиалының қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және
криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, РФ Барнаул қ.
e-mail: tsoilv@mail.ru*

Аннотация: В статье рассмотрены уголовное законодательство об ответственности за хулиганство Российской Федерации и Республики Казахстан.

Ключевые слова: Ответственность за преступления, хулиганство, уголовное законодательство России и Казахстана.

Аннотация: Мақалада Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының бұзақылық үшін жауапкершілік туралы қылмыстық заңнамасы қарастырылады.

Түйінді сөздер: қылмыстар, бұзақылық, Ресей мен Қазақстанның қылмыстық заңнамасы үшін жауапкершілік

Хулиганство — общественно опасное деяние, посягающее на общественный порядок, и оно криминализовано во многих государствах, но уголовное законодательство различных стран наделяет данное преступление разными признаками, также предусматриваются различные виды уголовных наказаний, поэтому для нас представляет интерес вопрос об уголовной ответственности за хулиганство не только по законодательству Российской Федерации, но и Республики Казахстан.

Хулиганство по законодательству Казахстана и России отнесено к посягательствам против общественной безопасности и общественного порядка. Родовой и видовой объекты хулиганства по законодательству России и Казахстана имеют отличие, связанное с тем, что особенная часть УК Казахстана не знает деления на разделы. Статьи Особенной части УК Казахстана структурированы по главам, в то время как в Особенной части УК России выделены разделы и главы, содержащие статьи, устанавливающие уголовную ответственность за преступления. Родовой и видовой объекты хулиганства, **ответственность за которое предусмотрена ст. 293 УК**

Казахстана – общественная безопасность и общественный порядок. Непосредственный объект хулиганства по УК Казахстана и УК России – общественный порядок.

С объективной стороны хулиганство характеризуется грубым нарушением общественного порядка, которое выражает явное неуважение к обществу. По уголовному закону России основной состав хулиганства включает в себя три альтернативных признака: 1) применение насилия к гражданам либо угроза его применения; 2) мотив политической, идеологической, расовой, национальной или религиозной ненависти или вражды либо по мотивам ненависти или вражды в отношении какой-либо социальной группы; 3) совершение хулиганства на железнодорожном, морском, внутреннем водном или воздушном транспорте, а также на любом ином транспорте общего пользования, тогда как в ст. 293 УК Республики Казахстан основной состав хулиганства характеризуется иными альтернативными признаками: 1) применение насилия к гражданам или угроза его применения, 2) уничтожение или повреждение чужого имущества, 3) совершение непристойных действий, отличающихся исключительным цинизмом. Как видим, уголовное законодательство Казахстана и России об ответственности за основной состав хулиганства существенно отличается. Так, в отличие от ст. 213 УК России в основной состав хулиганства в ст. 293 УК Республики Казахстан включен признак «уничтожение или повреждение чужого имущества» и, таким образом, при причинении имущественного ущерба потерпевшему при совершении хулиганских действий не требуется дополнительная квалификация по ст. 202 УК Казахстана. При этом в тех случаях, когда при хулиганстве совершено незаконное изъятие чужого имущества имеет значение с какой целью изымалось это имущество. Если лицо преследовало корыстную цель, его действия в зависимости от способа завладения имуществом должны квалифицироваться как совокупность преступлений против собственности и хулиганство [1].

Следует отметить то, что в первоначальной редакции в ч. 1 ст. 213 УК РФ закреплялись две формы объективной стороны хулиганства – совершение хулиганских действий с применением насилия в отношении граждан или с угрозой применения такого насилия в отношении граждан и совершение хулиганских действий при которых уничтожается или повреждается чужое имущество. В настоящее же время в ч. 1 ст. 213 УК России не закрепляется в качестве признака повреждение или уничтожение чужого имущества, что влечет за собой, в случае совершения хулиганских действий, сопряженных с причинением имущественного ущерба, дополнительной квалификации по ст. 167 УК России. Нам представляется, что в ст. 213 УК России следует вернуть рассматриваемый признак и имущественный ущерб не должен влечь отдельную уголовную ответственность.

Обратимся к следующему отличию уголовной ответственности за хулиганство по законодательству Республики Казахстан и России. Совершение хулиганства по мотиву политической, идеологической, расовой, национальной или религиозной ненависти или вражды либо по мотивам

ненависти или вражды в отношении какой-либо социальной группы квалифицируется по ч. 1 ст. 213 УК России, тогда как в ст. 293 УК Республики Казахстан такой признак не выделен, но при этом судом при назначении уголовного наказания будет учтено в качестве обстоятельства, отягчающего уголовную ответственность и наказание, совершение уголовного правонарушения по мотиву национальной, расовой и религиозной ненависти или вражды (п. 6 ч. 1 ст. 54 УК Республики Казахстан).

Также отличием основного состава хулиганства по уголовному законодательству России и Казахстана является то, что совершение хулиганства на железнодорожном, морском, внутреннем водном или воздушном транспорте, а также на любом ином транспорте общего пользования — признак основного состава хулиганства по ст. 213 УК России, тогда как по законодательству Казахстана данное обстоятельство отнесено к признаку квалифицированного состава преступления (п. 4 ч. 2 ст. 293 УК Республики Казахстан).

Уголовная ответственность за хулиганство по законодательству Казахстана, как и по УК России, наступает по достижении 16 лет, при этом за квалифицированное хулиганство в Казахстане и России лицо привлекается по достижении 14 лет.

Рассмотрение санкций ст. 213 УК РФ и ст. 293 УК Казахстана показывает, что санкции содержат неодинаковый перечень наказаний. Так, санкция ч. 1 ст. 213 УК РФ содержит 5 видов наказаний - штраф в размере от трехсот тысяч до пятисот тысяч рублей или в размере заработной платы или иного дохода, осужденного за период от двух до трех лет, обязательные работы на срок до четырехсот восьмидесяти часов, исправительные работы на срок от одного года до двух лет, принудительные работы на срок до пяти лет и лишение свободы до пяти лет. Санкция ч. 1 ст. 293 УК Казахстана содержит штраф в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей, исправительные работы в том же размере, привлечение к общественным работам на срок до шестисот часов, ограничение свободы на срок до двух лет, лишением свободы до двух лет. Как видим, по законодательству России за основной состав хулиганства установлено более строгое наказание в виде лишения свободы.

Система квалифицирующих признаков хулиганства по уголовному законодательству России и Казахстана также имеет существенные отличия.

Во-первых, по УК России и Казахстана в качестве квалифицирующего признака хулиганства предусмотрено совершение преступления в соучастии, но при этом в ч. 2 ст. 213 УК России установлена ответственность за совершение хулиганства группой лиц, группой лиц по предварительному сговору, организованной группой, тогда как в ст. 293 УК Республики Казахстан ответственность дифференцирована. Так, хулиганство, совершенное группой лиц или группой лиц по предварительному сговору, влечет ответственность по ч. 2 ст. 293 УК Казахстана, если же хулиганство совершено преступной группой, то данное деяние охватывается признаками

ч. 3 ст. 293 УК Казахстана, что влечет более строгую ответственность. Считаем такой подход законодателя Казахстана вполне обоснованным, т. к. в соответствии со ст. 31 УК Казахстана преступная группа может быть представлена в различных формах: организованная группа, преступная организация, преступное сообщество, транснациональная организованная группа, транснациональная преступная организация, транснациональное преступное сообщество, террористическая группа, экстремистская группа, банда или незаконное военизированное формирование.

Во-вторых, по уголовному законодательству Казахстана квалифицированным составом является хулиганство, совершенное неоднократно. Такой признак квалифицированного хулиганства по УК России отсутствует, поскольку российское законодательство не выделяет в качестве формы множественности преступлений неоднократность.

В-третьих, по УК Казахстана хулиганство, совершенное с применением или попыткой применения огнестрельного, газового оружия, ножей, кастетов и иного холодного оружия либо других предметов, специально приспособленных для причинения вреда здоровью, относит к особо квалифицированному составу преступления (ч. 3 ст. 293 Республики Казахстан) в отличие от уголовного законодательства России, в котором аналогичный признак включен в квалифицированный состав (ч. 2 ст. 213 УК России).

Таким образом, уголовное законодательство Казахстана и России, предусматривающее ответственность за хулиганство, несомненно, обладает рядом схожих черт, вместе с тем, имеются и существенные отличия признаков основного состава хулиганства, квалифицированных и особо квалифицированных составов, видов, размеров и сроков наказаний, предусмотренных за данное преступление.

Список использованной литературы

1. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 12 января 2009 года № 3 «О судебной практике по делам о хулиганстве» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.03.2017 г.) // Информационные системы «Параграф» [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30382463
2. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 г. № 226-V (ред. от 7 ноября 2014 г.) // Информационные системы «Параграф» [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252
3. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 № 63-ФЗ (ред. от 24.09.2022 г.) // Справочно-правовая система «Консультант Плюс» [Электронный ресурс]. URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫ ДАМУЫ

РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВЕННО-ПРАВОВЫХ ИНСТИТУТОВ В УСЛОВИЯХ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ

ХҒТАА 10.71.31

СОТ ЖҮЙЕСІ МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Н.Б. Әбдікәрімов

Судьялар Одағының

Абай облысы бойынша филиал төрағасы,

Семей қалалық сотының төрағасы

А.Ж.Ахметова

Alikhan Bokeikhan University

мемлекеттік-құқықтық пәндер

кафедрасының оқытушысы

Аннотация. Мақалада сот жүйесін бұдан әрі дамытудың жолдары, негізгі басым бағыттары айқындалады. Тәуелсіз сот, тиімді сот төрелігі, беделді сот институттарын құқықтық жүйеде орнықтыру тетіктері қарастырылған. Болжамды сот төрелігіндегі жасанды интеллекттің мүмкіндіктері көрсетіледі.

Аннотация. В статье отражены основные направления и пути развития судебной системы. Определены механизмы укрепления в правовой системе институтов независимый суд, эффективность правосудья, авторитетный суд, Обозначены возможности искусственного интеллекта для предсказуемого правосудия.

Сот жүйесі құқықтық және демократиялық мемлекеттің негізгі қозғаушы күші. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси жаңарулар кезеңіндегі мемлекеттік биліктің жаңа сәулетін түзуде сот-құқық реформалары маңызды орын алады. Ол реформалар Қазақстанның жаңа даму жағдайына сай, өзінің тәуелсіздігімен, ұйымшылдығымен және кәсіби шеберлігімен ерекшеленетін сот жүйесін бұдан әрі жетілдіру болып табылады. Бүгінгі таңда әлемдік трендтерге сүйенген, жаңашыл идеялармен толыққан Қазақстандық үлгідегі сот жүйесі қалыптасты. Жеткен жетістіктер де, күрмеуі мол күрделі мәселелер жетіп артылады. Бұл межелерге жетуде табанды еңбек пен қажырлы қайраттың қажет болары сөзсіз.

Халықтың сотқа деген сенімін арттыру, біздің әрбір әрекетімізді халық жіті түсініп, байыбына барып бағамдауға жол салу басты назарда болуы тиіс. Бұл бағытта «тәуелсіз сот», «тиімді сот төрелігі», «беделді сот» институттарын жетілдіру, оларды құқықтық жүйеде орнықтыру көздеген межеге жетудің жолы екені сөзсіз.

Реформалар сот төрелігінің бұдан да ашық, айқын әрі халық үшін

қолжетімді болуына ықпал етіп келеді. Осының барлығы халықтың соттарға деген сенімін арттыру жөнінде стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осылайша соттар заң үстемдігі мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету жөніндегі өзінің рөлін орындайтын болады.

1995 жылы басталған сот-құқықтық реформалар, жыл сайынғы Президент жолдауларында көзделген міндеттер соттардың даму негізіне айналды. Заманына қарай заңы демекші, қоғам мен мемлекет дамыған сайын әр түрлі ағымдағы критерияларға жауап бере алатын жаңа үлгідегі заманауи сот жүйесін қалыптастыру басты назарда

Негізгі бағыттар судьялық кадрлар құрамын жақсартуға, жаңа кәсіби мамандарды тартуға, үміткерлерді іріктеудің ашықтығын қамтамасыз етуге, судьялардың жауапкершілігін күшейтуге, сот шешімдерінің сапасын арттыруға, біркелкі сот практикасын қамтамасыз етуге, әкімшілік әділет жүйесін енгізуге, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған.

Қабылданған 23 заң негізінде: судьяларды іріктеуді жетілдірілді, судьяларды бағалау жүйесі құрылды, судьялардың өзін-өзі басқару органдары қайта құрылды, судьяларды іріктеу Жоғарғы соттан Жоғарғы сот кеңесіне берілді, тергеу мен әкімшілік соттар құрылды, дауы жоқ істерді басқа құрылымдарға берілді, электронды сот ісін жүргізуді енгізілді.

Қазақстандық үлгідегі сот жүйесінің болашағы туралы нақты қадамдарға сүйенген «Сот төрелігінің жеті түйінінің» айқындалып, ендігі кезекте «мінсіз судья», «үлгілі сот», «әділ процесс», «сапалы нәтиже», «smart сот», «коммуникациялық стратегия», «татуласу: сотқа дейін, сотта» сот жүйесінің басты ұстанымдары болып қалыптасты. Жеті түйіннің жетеуі де - жүйемізді биік белестерге жетелеп, толағай жетістіктерге жетуге септігін тигізер мақсатты қадамдар.

Сотқа жүгінген қарапайым халық бізден жедел әрі әділ, заңды шешім күтеді. Бұзылған құқығы мен заңды мүддесінің тез арада қорғалуын талап етеді. Бұл тұрғыда ұлттық сот жүйеміз дамудың жаңа сатысына жол тартты. Халықтың сотқа деген сенімін арттыру, біздің әрбір әрекетімізді халық жіті түсініп, байыбына барып бағамдауға жол салу басты назарда болуы тиіс. Бұл бағытта «тәуелсіз сот», «тиімді сот төрелігі», «беделді сот» институттарын жетілдіру, оларды құқықтық жүйеде орнықтыру көздеген межеге жетудің жолы екені сөзсіз.

Соттың қоғамдағы ролі арттыру үшін менің ойымша үш құнды ұстаным қажет. Тәуелсіз сот институты тұрғысында судья белсенді болуы қажет, тиімді сот төрелігі мен беделді сот болуы үшін орын алатын заңсыздықтарға процессуалды сакцияларды кенінен қолдану қажет, негізсіз айыптаулардан судьяларды тиімді жолмен қорғай алуымыз керек.

«Жалпы халықтық» меншікті қорғаудың құралы болған сот ісін жүргізу екі тараптың теңдігіне сүйенге мемлекетпен көрсетілетін қызметке айналды. Бүгінгі таңда азаматтық процес азаматтың құқықтарын қорғаудың тиімді жолына айналды. Процестік негізгі қозғаушы күні судья болып табылатындықтан сот төрелігін жүзеге асыруда судьяның белсенді болуы маңызды. [4, б. 41] Судья дәлелдеме жинауда, талап қоюды нақтылауда және

оның шегінен шығып істі қарауда белсенді болу керек. Жалпы айтқанда аралас жарыспалық қағидасы орын алуы қажет. Қолданыстағы азаматтық процестік заңнамадағы судьяның өз бастамасы бойынша істің материалдарын жинау және зерттеудегі әрекеті толыққанды белсенділікті көрсетпейді.

АПК-ның 15-бабының үшінші бөлігінде сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, процеске басшылықты жүзеге асырады, тараптардың істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды делінген. [2, б.8] Қажетті жағдайлардың шегі қайсы?, нақты қандай жағдайлар?, заңнама ашып көрсетпейді. Оған қоса АПК-ның 225-бабының екінші бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді [2, б. 122]. Демек, осы норма арқылы талап қоюды нақтылауда және оның шегінен шығып істі қарауда судьяның қолы байлаулы. Сот тәжірибесінен көріп отырғанымыздай судья заңнамамен көзделмеген бұл әрекеттерді жүргізсе тараптардың сынына ұшырау әбден мүмкін. Осы орайда судьяның белсенділігін арттыру үшін оның шегін заңнамалы тұрғыда нақтылуымыз керек. Бұл болжамды сот төрелігін қалыптастырудың бір негізі болары анық.

Процессуалдық заңнама судьяға дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу міндетін жүктейді. Бүгінгі таңда бітімгер судья ұғымы заңнамаға еңгізіліп, судьялар қауымымен тиімді жұмыс жасауда. Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай дауды татуластыру рәсімдері арқылы шешу судья мен іске қатысушы тараптар үшін тиімді институт болып отыр. Талап қою сотқа түскен күннен бастап, істі қозғамас бұрын, бітімгер судья дауды жан-жақты зерделеп, оны шешудің, тараптардың ымыраға келу жолдарын қарастырып келеді. Осы тұста судьяның белсенділігін арттыру тұрғысында біршама мәселелер бар. Дауды бейбіт жолмен реттеуде әр тараптың құқықтық ұстанымы маңызды. Сотқа келген әр тарап шиеленіскен түрде, дауға деген өзіндік ұстаным мен келеді. Ол ұстаным дұрыс та бұрыста болуы мүмкін. Нүктесін қоятын әрине сот, алайда бітімгер судья бастапқы күннен тараптарға даудың болашағы туралы, қай тараптың ұстанымы заңды не әділ екенің ашып айта алуы қажет.

Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай дауларды шешудің баламалы әдістері немесе соттағы «татуластыру рәсімдерінің» сот шешімінен басымдығы айқын. Біріншіден, татуласу келісімін жасау сот шешіміне қарағанда тараптардың бітімге келуіне ықпалы зор, екіншіден, көп жағдайларда дау тараптардың заң нормаларын дұрыс түсінбеуінен туындап жатады, ал сол нормаларды соттың тиісті түрде түсіндіруі аталған келісімді жасауға ықпал етіп дауласушы тарапты ымыраға келтірері сөзсіз, үшіншіден, татуласу келісімін жасау тараптардың арасындағы дауға ортақ келісіммен соңғы нүкте қоюдың алғы шарты, ал сот шешімі бір тарапты ғана қанағаттандыра алуы мүмкін, төртіншіден, татуласу келісімін жасау соттың және тараптардың уақытын және қаржысын үнемдейді.

«Ырыс баққан дау бақпас» деген халық даналығы бар. Алайда «Ел даусыз болмас». Бүгінгі қоғам сол дауды шешуде сотқа жүгінуді құп көріп,

сотта сабылуды, жөн санап келеді. Елімізде адам басына шаққанда әрбір төртінші азамат дауға тартылып, соттасып келеді. Соттар қандай көлемде болмасын істерді қарауға қауқарлы, тіпті Ата-заңмен бекітілген басты міндеті. Бізді аландатып отырғаны қоғамдағы дауқестік деңгейі.

Татуласу, ымыраға келу біздің санамыздан алшақ ұғым емес. Бір ауыз сөзге тоқтап, Әйтеке айтқанда құлақ асқан, Қазыбек айтқанда құптаған, Төле айтқанда төресі осы деп жығыла кеткен дана халықтың ұрпағымыз. Ұлы Абайша айтсам естінің сөзін елеген, Шәкәрім бабам меңзеген ынсап, әділет, мейірімді ту еткен елміз. Неге біздің қоғам дауды сотқа жеткізбей шешуге мүдделі емес?. Дауды реттеу мәдениетін қалыптастыру, саналы ұрпағымызды осыған бейімдеу - бүгінгі күннің басты талабы.

Оған қоса Жоғарғы Сот бастамасымен қолға алынған «Соттағы татуластыру рәсімдері» атты пилоттық жобаны Семей соттары тиімді жүзеге асыруда. Бүгінгі таңда Семей қалалық соты аталған пилоттық жоба қатысушысы ретінде бітімгер судьяны анықтап, даулар азаматтық істерді қозғауға дейінгі сатыда татуластыру рәсімдері арқылы шешілуде. Баса атап өтерлігі даулардың дені неке бұзу, ортақ мүлікті бөлу, еңбек, мәміле, меншік құқығы даулары. Бітімгер судья бірде жаңұяны сақтап қалса, екінші бір жағдайда күрмеу мол, күрдері меншік құқығы, мәміле немесе әлеуметтік кикілжінге айналғы үй-жайдан шығару дауларына дер кезінде нүкте қойды.

«Татуласу орталығын» ашу идеясы, жанжалсыз қоғам, кикілжіңсіз орта қалыптастыруға негіз болатын тың бастама. 2019 жылы Семей қаласының орталық кітапхан ғимаратында «Татуласу орталығы» ашылған болатын. Бұл орталық арқылы халық дауларды сотқа жеткізбей шешуге, тиісті құқықтық көмек алуға мүмкіндік алады.

Тілге шешен, абырой-беделге ие ел ағаларының басын қосып азаматтар арасында туындаған дауларды дәстүрлі «қазақ құқығы» аясында шешуге бағытталған «Билер кеңесін» құру идеясы Семей қаласында жүзеге асты. Семей қаласының билер кеңесі және «Дәнекер билер кеңесі» қоғамдық ұйымдары қаламызда қызмет жасауда. Тарихта бар, өнегесі мол бұл құқықтық институт осынау шырмауы мол шұбырыңқы заманда ескерусіз қалмауы тиіс.

Конституцияның 77 – бабына сәйкес судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.[1, б. 26] Сот төрелігіне араласуға жол берілмейді. Сот билігінің бұл конституциялық қағидасы әрбір судьяның жеке ұстанымына, өмірлік бағыт-бағдарына тікелей байланысты. Бүгінгі күні заңдық тұрғыда қандай бір өз ішіміздегі судьяға ықпал ету мүмкіндіктері жойылды. Демек, әрбір судья өз жеке басын заң үстемдігінен төмен қойып, судья ретіндегі борышы міндеттегендей әділдікті ту етіп, бейтараптылықты ұстануы қажет. Демек, аталған конституциялық ереженің орындалуы судьялық лауазымға кандидаттардың және тағайындалған судьялардың моральдық ұстанымы мен олардың кәсіби этикалық тағлымына байланысты екені сөзсіз.[4, б. 89] Бүгінгі таңда күрделі мәселеге айналған қоғамның соттарға ықпалы. Әртүрлі әлеуметтік желілерде қаралып жатқан істер туралы жансақ ақпарат тарату, сол арқылы қоғамда

соттарға қатысты теріс пікір орнату орын алып келеді. Заңгер тарапынан осындай қисынсыз әрекеттерге жол бермеу қажет.

Цифрлық индустрияны дамыту бағыты сот жүйесіне де қатысы бар. Сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, азаматтардың соттарға деген сенімділігін арттыру мақсатында, сот ісін жүргізуде жаңа электронды технологияларды қолдануды дамыта түсу біздің басым бағытымыз болып табылады. Бүгінгі таңда халықтың сотқа шағым беру үшін келуі жойылды, өйткені олар ғаламтор арқылы «Сот кабинеті» электронды жүйесін пайдаланып сотқа шағым беруде. Процеске қатысушыларға хабарлама мобильдік қосымшаға push-хабарлама, гибриді пошта, онлайн-сервистер, sms және e-mail почта арқылы жеткізілуде. Виртуалды сот төңірегінде бейнебайланыс, мобильді бейнебайланыс арқылы сот отырысына қатысу мүмкіндіктері артып келеді.

«Болжамды сот төрелігі» бір ізді сот тәжірибесін қалыптастыруға оң ықпал бола алады. Сот жүйесін цифрландыруға серпіліс беретін, жасанды интеллекттің алгоритмдерінің жұмысына негізделген, сот жүйесіне талдаудың үшінші буынын енгізудің жоспарлары іс жүзінде жарияланды. Істің нәтижесін оны қаруға дейін болжамалау мақсатында, IT сервисін «жасанды ителлектті» енгізілуде. Сот актілерінің банкін қалыптастыру одан әрі даму үстінде. Әлемнің жетекші елдері, мысалы АҚШ, Еуропалық одақ, Жапония, Оңтүстік Корея және Қытай өздерінің ұлттық сот жүйелеріне жасанды интеллектті енгізген болатын. Жасанды интеллектті сот және құқық қорғау жүйелерінде қолданудың Еуропалық Этикалық Хартиясы 2018 жылдың желтоқсанында Еуропалық Комиссиямен бекітілген.

Жаңа технологияларды енгізудің аясында сот кабинетімен ұсынылған пайдаланушылардың қызметтерін кеңейтіп, оны іс жүзінде сот қызметтерін көрсетудің мамандандырылған виртуалдық орталығына айналдыру қажет деп санаймын. Істің қаралу нәтижесін пайыздық мөлшерде болжау сервисін құрастыру арқылы, олардың базасында сот кабинетінің мүмкіндігін кеңейту. Шығарылған сот актілерін мән-жағдайлардың шарттарымен тиісті түрде қоса ұсынып отыру қажет. Істің аяқталуын болжау қызметін сот кабинетінде чат бот (виртуалды робот) арқылы жүзеге асыруға болады. Осы арқылы сотқа жүгінуге дейін өз өтініші бойынша іс нәтижесін болжай алады, ол ұтылатын істің қарау нәтижесін көрсетуге (ескертуге) мүмкіндік береді. Жасанды ителлектті енгізу механизмдері одан бөлек судьяларға шешім қабылдауға көмек беріп, соттардағы ішкі іс-қағаздарын жүргізу сұрақтарын жеңілдетеді. Электронды құжат айналымын ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

Қорытындылай келе «Жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей» еліміздің бұдан әрі дамыту әр қайсымыздың табандылығымыз бен жігерлігімізге байланысты. Қазақстандық үлгідегі сот жүйесі орнығып, халқы сотына сенген, соты заңына сүйенген дамыған елдердің көшбасшысы болайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз, Алматы: «Издательства «Норма –К» ЖШС,-2018 ж.

- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, 2015 жылғы 16 қазан, Алматы, «Издательства LEM» ЖШС, 2022 жыл.
- 3) Гражданское процессуальное право Республики Казахстан, 1-том, Баймолдина З.Х., Алматы, 2001
- 4) Сот жүйесінің көкжиегі, Б. Демесінұлы, Астана, 2015 ж.

XҒТАА 342.553

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Абдрахманов Медет Каучерханович

Alikhan Bokeikhan University

Заң факультеті, МҚП кафедрасының аға оқытушысы

*Старший преподаватель кафедры государственно-правовых
дисциплин Юридического факультета*

Alikhan Bokeikhan University

medet-abdrahmanov@mail.ru

Аннотация: бұл мақалада жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру барысындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды аумақтық бөлінісі мен ұйымдастырушылық негізін заманауи және Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару Хартиясына негізделе отырып талқыланды.

Түйінді сөздер: жергілікті өзін – өзі басқару, жергілікті мемлекеттік басқару, жергілікті қоғамдастық, азаматтық қоғам, мемлекеттік басқару.

Аннотация: в данной статье обсуждались территориальное деление и организационная основа местного самоуправления в процессе совершенствования местного самоуправления на основе современной и Европейской хартии местного самоуправления.

Ключевые слова: местное самоуправление, местное государственное управление, местное сообщество, гражданское общество, государственное управление.

Жергілікті басқарудың неғұрлым қолайлы және сонымен бірге тиімді моделін анықтау үшін тұжырымдамалық маңызы бар мәселе, қандай әкімшілік-аумақтық бірліктер мен аумақтар жергілікті қоғамдастықтардың аумақтық негізіне айналуға арналған деген мәселе болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырушылық негіздері де белгілі бір айқындықты талап етеді, олар ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылу тәртібін, олардың мәртебесін, құзыретін, қызмет нысандары мен әдістерін, сондай-ақ халықтың өзін-өзі басқаруын жүзеге асырудың әртүрлі нысандарын түсіну қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырушылық негіздері қаланған, 89-бапқа сәйкес Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару

танылады. Сонымен қатар ҚР Конституциясының 33-бабының 1 тармағында «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар» делінген [1].

Конституциялық норма тек жергілікті өзін-өзі басқару ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтарда жүзеге асырылатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамамен Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылымы жүйесіне әкімшілік-аумақтық бірліктер енгізілді: ауыл (ауыл), кент, ауылдық (селолық) округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

Әкімшілік-аумақтық бірліктер олардың мөлшері мен мәртебесі бойынша ғана емес, табиғаты бойынша да тең емес екенін мойындау керек. Олардың кейбіреулері табиғи жолмен пайда болды, өйткені адамдар жаңа жерлерді игеріп, жаңа жерлерді мекендеді, оларға тұрақты тұруға бекітілді. Осылайша ауылдар, кенттер, қалалар пайда болды. Басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер өз аумақтарын тиісті мемлекеттік органдардың актілерімен айқындау жолымен «жасанды түрд» пайда болды.

Үкіметте мемлекеттің мүдделері басым болуы керек деп саналады, ал екіншілері айтарлықтай тәуелсіз құқықтарға ие бола алады және ең алдымен жергілікті мүдделерді басшылыққа алады [2, 20 б.].

Қазақстан Республикасының аумағы екі негізгі санатқа - өңірлер мен елді мекендерге бөлінеді. Аймақ Республиканың мүддесі үшін құрылған және басқарылатын бірнеше елді мекендерді қамтитын республика аумағының бөлігі. Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылымның негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық (селолық) округ өңірлер болып табылады.

Елді мекен - бұл кемінде 50 адамнан тұратын, заңда белгіленген тәртіппен есепке алынған, тіркелген және жергілікті өкілді атқарушы органдар басқаратын, азаматтардың шаруашылық және өзге де қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан республиканың қоныстанған аумағының бөлігі.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер қалалық және ауылдық болып бөлінеді. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай - ақ кенттер. Ауылдық елді мекендерге - олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан барлық басқа елді мекендер жатады.

Осылайша, әкімшілік-аумақтық бірліктердің санаттары республикалық және жергілікті мүдделердің үйлесуі негізінде мемлекеттік басқару мақсатында бөлінеді. Заңда өңірлердің Республика мүддесі үшін құрылатыны және басқарылатыны нақты көрсетілген. Демек, елді мекендерді басқару халықтың мүддесі үшін жүзеге асырылуы керек. Сондықтан жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық негізі ретінде мемлекеттік басқарудың ыңғайлылығы үшін құрылған аудандар мен ауылдар емес, елді мекендер қолайлы деп болжау қисынды.

Облыстық маңызы бар қала - бұл біртұтас формация, оны кейбір тәуелсіз бөліктерге бөлу өте қиын, оның халқы 50 мыңнан асады және кейбір жерлерде миллионыншы белгіге жақындайды. Қаланы жергілікті қоғамдастықтың барлық біліктілік белгілері бар аудандарға бөлу мүмкін емес сияқты. Неге дербес аудандық жергілікті бюджеттер қажет? Бұл жағдайда жеке салық көздері, қала аумағының бөліктеріне бірыңғай организм ретінде өз салықтарын белгілеу құқығы болуы керек.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырушылық негіздері:

а) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымын, өкілеттіктерін, құрылу тәртібі мен қызметі;

б) муниципалды қызметті ұйымдастыру;

в) тікелей демократияның әртүрлі формаларын сипаттайды.

«Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымы» және «жергілікті өзін-өзі басқару жүйелері» ұғымдарын ажырату керек. Соңғысы деп азаматтардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудың басқа да ұйымдық-құқықтық нысандарының тікелей ерік білдіру нысандарының жиынтығын түсіну керек, олар арқылы жергілікті қоғамдастық халқы жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетінше шешу үшін Қазақстан Республикасының Конституциясымен танылатын және кепілдік берілетін мүмкіндікті іске асырады [3].

Өзін-өзі басқару органдарының құрылымы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңнамалық белгіленген жалпы жүйесі және осы жүйені ұйымдастыру принциптері негізінде тиісті құзыретке ие және белгілі бір функцияларды орындайтын нақты өзін-өзі басқару органдарының Жарғыда бекітілген тізбесін көздеуге тиіс. Сондықтан ұйымдастырушылық негіздер жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін бекітеді. Осы бөлімнің шеңберінде конституциялық нормаларда көзделген оның негізгі құрамдас бөліктерін қарастырамыз, сондай-ақ болашақ жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңда болуы міндетті кейбір элементтерді ашамыз.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруда жергілікті өзін-өзі басқару органдары маңызды рөл атқарады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды оның органдары мен лауазымды тұлғаларын сайлау түрінде тікелей жүзеге асыру бастапқы болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халықтың тікелей жүзеге асыруы оның ең маңызды нысаны, өзін-өзі басқаратын жергілікті қауымдастықтардың ажырамас белгісі болып табылады. Алайда, барлық жергілікті мәселелерді күнделікті шешудің ең үлкен көлемі, әрине, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тиесілі.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, конституциялық нормаға сәйкес азаматтар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атауын, құрылу тәртібін, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару лауазымды адамдарының қызметі мен ұйымдастыру мәселелерін, олардың құзыретін, өкілеттік мерзімдерін, есептілігін жергілікті қоғамдастықтың Жарғысында бекіту арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жүйесін дербес анықтайды деп қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ жарғыларда жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жергілікті

өзін-өзі басқару лауазымды адамдарының жауапкершілігінің негіздері мен түрлері жазылады, жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдары мен жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы лауазымды адамдарының өкілеттіктерін кері қайтарып алу, халықтың сенімсіздігін білдіру немесе мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі, жергілікті өзін-өзі басқаруда қызметті ұйымдастыру шарттары мен тәртібі туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Осылайша, заң шығарушы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінің жалпы шеңбері мен өкілеттіктерінің шегін ғана анықтауы керек.

Жергілікті маңызы бар мәселелер: жергілікті қоғамдастықтың жарғысын қабылдау және өзгерту, ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақтарды, скверлерді, бульварларды, жағажайларды, су айдындарын, демалыс аймақтарын және өзге де объектілерді) күтіп-ұстау және абаттандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, тиісті аумақты абаттандыруды және көгалдандыруды ұйымдастыру, жергілікті қоғамдастықтың жарғысын қабылдау және өзгерту.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органының халықты жылумен, энергиямен, газбен және сумен жабдықтау, мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім беру мекемелерін, әлеуметтік-мәдени сала мекемелерін дамытуды ұйымдастыру, қолдау және жәрдемдесу. Халыққа көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдесу, қоғамдастық аумағында тұратын әлеуметтік осал азаматтарды қорғау және оларға көмек көрсету, жергілікті қоғамдастық аумағында кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, жергілікті қоғамдастық аумағында тұратын азаматтарға заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру мәселелері.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары атқаратын функциялары бойынша (халықтың мүдделерін білдіру және оларды іске асыру) жалпы түрде өкілді және атқарушы болып бөлінуі мүмкін болса да, жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде өкілді және атқарушы органдардың заңнамалық бөлінуі орынды емес деген пікір бар [4, 301б.].

Зерттеу барысында ғалымдар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін бөлу принципін жоққа шығаруға сыни көзқараспен қарайды себебі бір жергілікті өзін-өзі басқарудың әлсіреуіне әкеледі деген көз қарасты ұстанады.

ҚР Ата заңында халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беретіндігін атап өткен жөн.

Жергілікті өзін - өзі басқару жүйесіндегі билікті бөлудің орынсыздығын келесідей түсіндіруге болады:

1) қағидаттың мәні-тежеу мен тепе-теңдік тетігін құруда, мемлекеттік басқару шешімдерін қабылдау кезінде бір органда (адамда) биліктің шоғырлануына жол бермеуде. Жергілікті деңгейде мұндай механизм жергілікті өзін-өзі басқарудың жұмысы мен тиімділігін қиындатады, өйткені мұнда жедел шешімдер үлкен үлес қосады;

2) биліктің үш тармағын таза түрде жергілікті деңгейде ажырату мүмкін емес, сот билігі өзінің ерекше тәсілдеріне негізделген;

3) жергілікті қоғамдастықтардың көпшілігінің аумақтары мен халық саны да өкілді және атқарушы биліктің дербес тармақтарының тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасауға мүмкіндік бермейді;

4) әлемдік тәжірибе, шетелдік және отандық тәжірибе жергілікті деңгейде бір органда өкілдік және атқарушы-өкімдік функцияларды шоғырландыру мүмкіндігін растады. Осылайша, земство мен Ресейдің қалалық өзін-өзі басқару тәжірибесі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі биліктің тепе-теңдігін емес, басқа биліктің шектеулері кезінде биліктің біреуінің басымдығын қамтамасыз ету орынды екенін көрсетеді [5, 51 б.].

Біртұтас билік жергілікті деңгейде басқару органдарының әртүрлі функцияларының болуын жоққа шығармайды. Сонымен, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органының қызметі-жергілікті қоғамдастық халқының ерік-жігерін білдіру, оған жалпыға бірдей міндетті сипат беру, оның атынан билікті жүзеге асыру. Жергілікті өзін-өзі басқарудың атқарушы органдарының қызметі жергілікті қоғамдастық халқы немесе оның өкілді органы тікелей қабылдаған құқықтық актілерді орындауға бағытталған басқарушылық, ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Бұдан шығатыны, жергілікті қоғамдастыққа аталған функциялар берілген жергілікті өзін-өзі басқару органдары да осы функциялар сияқты бағынышты болуы керек. Дәл осы бөліну, біріншіден, жергілікті деңгейде басқарудың біртұтастығына, екіншіден, құқықтың үстемдігіне кепілдік береді. Бұл маңызды мәселенің шешілмеуі сөзсіз өкілді және атқарушы органдар арасындағы қарама-қайшылықты тудырады, бұл қоғамға үлкен зиян келтіреді. Демократиясы дамыған басқа елдерде мұндай қақтығыстар жоқ, мұнда жергілікті деңгейде өкілді және атқарушы органдардың көпшілігі бір команданы құрайды, өйткені атқарушы орган өкілді болып қалыптасады және оған бағынады.

Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару Хартиясында жергілікті қоғамдастықтардың қоғамдық істердің көп бөлігін бақылау және басқару құқығы еркін, жасырын, тікелей, тең және жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланған мүшелерден тұратын кеңестер немесе жиналыстар арқылы жүзеге асырылатындығы атап көрсетілген. Кеңестерде немесе жиналыстарда оларға есеп беретін атқарушы органдар болуы мүмкін [6, 3б.].

Демек, кент, ірі ауыл, ауылдық (селолық) округ деңгейінде, ал қажет болған жағдайда ауыл (село) деңгейінде әкім сайланады. Мұнда өзін-өзі басқару мүмкіндігінше оның субъектісі мен объектісіне сәйкес келуі керек.

Бұл жағдайда жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органының функцияларын азаматтар жиыны немесе тұрғылықты жері бойынша азаматтар жиналысы жүзеге асырады, ал атқарушы билікті басқарады және азаматтардың жиындарында немесе жиналыстарында төрағалық етеді, кеңесті (оны сайлауға мұқтаж болған жерде) әкім басқарады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі, биліктің жоғарғы эшелондарынан айырмашылығы, «биліктің бөлінуіне» ғана емес, оларды проблемалар мен міндеттерді біртұтас түсінуде

ғана емес, іс-әрекеттің бірлігінде біріктіруге де баса назар аударуы керек.

Мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың мұндай үйлесімі олардың арасындағы әкімшілік емес қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді, қандай да бір жолмен аудандық буын басшыларына әкімшілік тәуелділікті әлсіретеді, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде үлкен дербестік береді. Жоғарыда айтылғандай көптеген елдерде демократиялық институт ретінде қабылданған жергілікті өзін-өзі басқару стандартына сәйкес, жергілікті қоғамдастықтың атқарушы органы өкілді органға есеп беріп, бақылауда болуы қажет деп санаймыз. Азаматтық қоғам мен тұрғылықты жердегі азаматтар мен бірге халықтың да еркін жергілікті басқарауға араласуы қажеттігін жоққа шығармаймыз бірақ жоғарыда аталғандай бақылаушылық немесе басқарушылықтың болуын құптаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
2. Черкасов А. Сравнительное местное управление: теория и практиками 1998.-368с.
3. Белиспаев А.М. Децентрализация власти и развитие местного самоуправления в Республике Казахстан//На пути к демократии. Децентрализация в Казахстане: за и против. Информационно-аналитический бюллетень. - 2002 -№1 (21).
4. Жанузакова Л. Проблемы местного самоуправления в условиях унитаризма. Из кн.: Сапарғалиев Г., Мухамеджанов Б., Жанузакова Д., Сакиева Р. «Правовые проблемы унитаризма в Республике Казахстан». - Алматы: Жеп Жаргы, 2000. - 312с.
5. Мирошниченко Е. Шаги к самоуправлению//Народный депутат™ 1992-№17.- С.51.
6. Европейская хартия местного самоуправления. Принята Советом Европы 15 октября 1985г.//Народный депутат, - 1993. -№11.- С.3-6.

XFTAА 10.15.59

КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМНІҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айтеке Камшат Адуқызы

2 курс докторанты Alikhan Bokeikhan University

Докторант 2 курса Alikhan Bokeikhan University

kamshat.aiteke@gmail.com

Аннотация: Мақалада конституционализмнің элементтері мен принциптері, конституциялық-құқықтық нормалар, институттар мен қатынастар адам құқықтарын бекітуге, қамтамасыз етуге және қорғауға ықпал ететін конституционализмнің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: конституционализм, конституциялық-құқықтық нормалар, конституциялық құрылыс, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет.

Аннотация: В статье рассматриваются элементы и принципы

конституционализма, конституционно-правовые нормы, институты и отношения как составляющие конституционализма, способствующие утверждению, обеспечению и защите прав человека.

Ключевые слова: конституционализм, конституционно-правовые нормы, конституционный строй, гражданское общество, правовое государство.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады [1].

Бұл демократиялық ашық қоғамда өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары ғана ең маңызды болып саналатындығын білдіреді. Демек, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау тетіктерін іске асыруға, олардың орындалуына кепілдік беруді күшейтуге Елбасымыздың сара саясатының арқасында ерекше назар аударылды. Сондықтан демократиялық және құқықтық мемлекеттің қалыптасуын зерттеу, Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын нығайту, кеңейту және дамыту зерттеу үшін айтарлықтай қызығушылық тудырады.

Қазақстанның конституциялық құрылысының негіздері - бұл адамның мәртебесіне, оның барлық құқықтары мен бостандықтарына, азаматтық қоғамға, халықтың мемлекеттік биліктің жалғыз көзі ретіндегі мәртебесіне және мемлекеттің ұйымдастырылуына байланысты негізгі конституциялық идеялары мен қағидаттарының негізі болып табылады.

Біріншіден, қазіргі мемлекеттердің басым көпшілігі өзін құрау негізін сол төрт негізге сүйеніп отырып қалыптастыру мақсаты көзделген. Расында «мемлекет» деген ұғым абстрактілі болып келеді.

Екіншіден, адамсыз, яғни халықсыз еш мемлекет туындап, қалыптасып дами алмайды. Сол себепті «халық» деген нақты ұғым ретінде адамдардың үлкен жинақталған тобын, яғни нақты халықты білдіреді.

Үшіншіден, әлемде кез келген мемлекеттің бастапқы белгісі және оның алғышарты ретінде халық саналады.

Сондықтан ҚР Конституциясының 3-бабы 1-тармағында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» [1] деген конституциялық-анықтамалық норма бекітілді.

Демек, адам халықтың негізгі әрі бірегей бөлшегі. Өз кезегінде адамдар тобы әлеуметтік-этникалық топтарды құрайды. Үлкен әлеуметтік-этникалық топтардың жиынтығын халық деп атайды. Бір жағынан айтар болсақ, халық деген сөз ұлт деген сөзбен синонимдес ұғымдар ретінде де қолданып жатады. Біздің пайымыз бойынша, ұлт – белгілі бір ұлт негізін құрайтын тарихи және заңға сәйкес бір-біріне туыстас отбасылардың (жеке отбасылардың, әулеттер мен аталардың, сондай-ақ рулар және тайпалар бірлестіктерінің) жиынтығы болып табылады.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың құқықтық мәртебесін

белгілейтін нормалардың жиынтығын атап өтейік.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабынан бастап сонау 39-бапты қоса алғанда адамдардың және азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ олардың тиісті міндеттері де бекітілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-ші бөлімі «Адам және азамат» деп аталған. Елдің аталған негізгі заңда «адам», «азамат», «әркім», «шетелдіктер» және «азаматтығы жоқ адамдар» делінген ұғымдық тіркестер белгіленген. Аталған категориялық ұғымдар өз кезегінде «жеке тұлға» деген құқықтық термин аясында түсініледі. Өйткені, ҚР-ның Азаматтық кодексінің 12-бабы «Жеке тұлға ұғымы» деп аталған. Онда құқықтық сипаттамалық әрі шарттық және анықтамалық норма бекітілген. «Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады. Егер осы Кодексте басқаша белгіленбесе, бұл тараудың ережелері барлық жеке тұлғаларға қолданылады» [2]. Міне, осы анықтама жеке тұлғаны конституциялық құқықтың, сонымен бірге өзге құқық салаларының (яғни азаматтық құқық, қылмыстық құқық, әкімшілік құқық бұзушылық, құқық бұзушылық профилактикасының және т.б.) құқық субъектілері екенін анықтап береді.

Ал бір жағынан конституциялық құқықтар мен бостандықтар, адамның және азаматтың құқықтар мен бостандықтары деп жіктеледі. Субъектілердің сипаттамасы бойынша жеке және топтық құқықтар мен бостандықтары деп те жіктеліп жатады. Мазмұны бойынша жеке (азаматтық), саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар мен бостандықтарға бөліп жіктейді.

Кезінде академик Г.С. Сапарғалиев өзі жазған академиялық әдебиетте конституциялық-құқықтық нормаларды мынадай негіздермен доктриналды түсіндірме бере отырып, оларды жіктеп берген болатын.

«Конституциялық құқықтың құрылымын түсіну үшін конституциялық реттеуші нормаларды реттеуші, тыйым салушы және міндеттеуші құқықтық нормаларға бөліп жіктеудің елеулі маңызы бар» [3, С.9].

«Конституциялық-құқықтық нормалар субъективті құқықтарды оң мазмұн белгілейді. Басқаша айтқанда, субъектіге (яғни мемлекеттік органға, қоғамдық бірлестікке, азаматтарға) қандай да бір оң істер жасауға құқық беріледі. Мұндай реттеуші нормалар айтарлықтай мөлшерде азаматтарға да беріледі. Бұл азаматтардың саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар туралы конституция нормалары болып табылады. Қазақстан Республикасы Президенті, Парламенті, Үкіметі, Конституциялық Кеңесінің конституциялық өкілеттіктерді айқындайтын нормалар реттеуші нормаларға жатады» [3, С.9]. Осы автордың реттеушілік нормаларға жатқызған конституциялық-құқықтық нормаларды жіктемесімен толықтай келісеміз. Өйткені автор рұқсат беруші әрі реттеуші нормалар ретінде конституцияда мемлекет тікелей таныған және мойындаған нормаларды қандай құқық субъектілерге тиесілі екенін нақтырақ айқындап берген. Осы тұста айтар жайт, автор негізгі заңдағы тыйым салушы және міндеттеуші нормалар туралы да ғылыми әрі практикалық сипаттағы өзіндік доктриналдық түсіндірмесін берген болатын.

Енді осы тұстан бастап, Қазақстан Республикасы азаматтарының негізгі заңда бекітілген негізгі әрі жеке (азаматтық) конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жағдайы бойынша кейбір қырларын саралаймыз.

Осылайша жеке ғылыми шешім қабылдауымыздың негіздемесі:

біріншіден, ҚР Конституциясының 1-бабының 1,2-тармақтары, оның 3, 4,5,6,7 баптары жалпы құқық субъектілеріне қатысты болып келеді;

екіншіден, ата заңдағы 4-бабының 3 және 4-тармақтары жалпы құқық субъектілеріне тиесілі;

үшіншіден, 2-ші бөлімінің баптарында жалпы құқық субъектілеріне, оның ішінде жеке тұлғаларға қатысты құқықтар мен бостандықтардың жиынтығы, сонымен бірге құқықтық міндеттері де бар;

төртіншіден, конституцияның, яғни конституциялық құқықтың реттеу және қорғау функциялары белгіленген.

Демек, енді Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтары қорғау бойынша жалпы жағдайына талдауды бастаймыз.

Әуелі Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды жеке талдаудан бастағанды жөн көреміз. Себебі:

біріншіден, Қазақстан Конституциясы 4-бабы 1-тармағында мынадай құқықтық норма белгіленген. «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады» [1];

екіншіден, негізгі заңдағы 4-бабы 3-тармағында мына норма бекітілген. «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады» [1];

үшіншіден, еліміздің ата заңының 8-бабында мынадай құқықтық норма бар. «Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді» [1];

төртіншіден, ҚР-сы Конституциясының 12-бабы 1-тармағы мынадай мәтінде жазылған. «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» [1].

Бұл ретте әуелі «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы [4] және «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы [5] бойынша талдау қажет.

Біріншіден, бұл халықаралық-құқықтық актілер халықаралық құқықта негізгі қайнар көздер болып табылады;

Екіншіден, қазіргі халықаралық құқықтың негізгі қағидаттары бірі – адам құқықтарын құрметтеу.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасы аталмыш халықаралық-құқықтық актілерді тікелей заң шығару арқылы ратификациялаған болатын.

Бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қарашадағы № 831 қаулысымен бекітілген «Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі Қазақстан Республикасының үшінші кезеңдік Ұлттық баяндамасы» атты құжаттағы ресми мәліметтерге жекеше талдау жасаймыз.

Аталмыш құжаттың 12-тармағында мынадай ресми ақпарат қамтылған. «Азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында сот және құқық қорғау жүйесін реформалау шеңберінде Жоғарғы Сот сот шешімдерінің сапасын жақсарту, сот практикасының бір үлгіде болуын қамтамасыз ету, судьялардың біліктілігін арттыру, сот ісін жүргізуге және сот шешімдерінің орындалуын бақылауға цифрландыру енгізу жөнінде елеулі шаралар қабылдауда. Қабылданған шаралар бүгінде оң нәтиже беруде. Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингісінде Қазақстан соңғы 4 жылда сот ісін жүргізу сапасының индексі бойынша әлемнің 190 елі арасында бірінші ондыққа (2018 жылы 4-орын) кіреді» [6]. Бұл ресми ақпараттан белгілі болып тұрғандай, әлемдік рейтинг бойынша алғашқы ондыққа кіргенімен, еліміздегі соңғы оқиғалар әлі адам құқықтарын қорғау мәселелері қордаланып толық шешілмей келеді. Себебі:

біріншіден, сот жүйесін әлі толық реформа жасалған жоқ. Өйткені осы ағымдағы жылдың 5 маусымда өткен республикалық референдум нәтижесі бойынша ата заңда конституциялық соттың және адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық-құқықтық нормалар бекітілді. Дегенмен, әлі оларға конституциялық заңдар арқылы конституциялық-құқықтық мәртебесі толық бекітілген жоқ. Ол конституциялық заңдар енді қабылданады;

екіншіден, ҚР Жоғары Соттың ресми сайтында «Соттардың 2018-2022 жылдардағы жұмысы туралы» атты материал жарияланған. Оның мәтінінде мынадай ресми мәлімет келтірілген. «2021 жылы аудандық соттар әр күні 5000 астам сот актілерін шығарған. ... Оның ішінде 8% апелляцияға және кассацияға 1,5% шағым берілген. ... Мемлекеттік органдар адамдар мен бизнеспен 2021 жылдың 1 шілдесіне дейін (яғни Азаматтық процестік кодекс бойынша) 15% және 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап (Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бойынша 10 ай ішінде) 55% (яғни Жоғары Сот органысыз) дауларда жеңілген» [7]. Әрине, бұл ресми мәлімет сот жүйесіндегі мәселелер біртіндеп әділеттілік жағынан шешілуге бағыт алып келеді. Десе әлі соттар қызметін реформалау жалғастыруды қажет етеді;

үшіншіден, ол материалда «Қазақстан сот жүйесіне қатысты негізгі сын пікірлер мыналар болып табылады: 1. Судьялар біліксіз; 2. Судьялар жемқор; 3. Судьялар атқарушы билікке және сот төрағаларына тәуелді; 4. Судьялар күштік құрылымдарын тыңдайды, сол себепті айыптау бағыты басым; 5. Судьялар азаматтардың, бизнестің, инвесторлардың мүддесіне қарсы, тиісті мемлекеттік органдардың мүддесін қорғайды; 6. Сот актілері ауқымды және түсініксіз, өйткені соттар конвейер сияқты жұмыс істейді; 7. Соттардың қызмет көрсетуі нашар, яғни адам көп, кезекте тұрасың, жайлы емес» [7]. Бұл ақпараттар сот жүйесінің негізгі мәселелерін көрсетіп береді.

Сараланып жатқан құжаттың III-тарауы «Адам құқықтарын қорғау мен

көтермелеудің жалпы негіздері, халықаралық міндеттемелер шеңберін кеңейту» деп аталған. Оның 20-тармағында «БҰҰ өкілдігімен бірлесіп, төрт жыл ішінде ұлттық құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және адам құқықтары саласында қабылданған міндеттемелерді тиімді іске асыру жөніндегі жоба іске асырылды. Жоба шеңберінде БҰҰ АҚЖКБ жаһандық индикаторлары негізінде 6 ұлттық индикатор әзірленді: азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшырамау құқығы; өз елін басқаруға қатысу құқығы; білім алу құқығы; жеткілікті тұрғын үй құқығы; әділ сот талқылауы құқығы; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемасы. Осы индикаторлар адам құқықтарын қорғау және көтермелеу ахуалын ұлттық бағалауға енгізілетін болады» [6] делінген ресми мәлімет берілген.

Талданып жатқан ұлттық баяндама мына ақпарат жасалған. «Қазақстан БҰҰ-ның шарттық органдарымен белсенді ынтымақтастық жасайды. Ұлттық баяндамалар қорғалды: 2014 ж. – Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция бойынша үшінші баяндама; 2015 ж. – бала құқықтары бойынша төртінші баяндама; 2016 ж. – күштеп жоқ қылып жіберу бойынша бірінші баяндама және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт бойынша екінші баяндама; 2017 ж. – БҰҰ-ның мүгедектер құқықтары жөніндегі комитетінде бірінші баяндама; 2018 ж. – БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясы бойынша төртінші баяндама, Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитетке 5-ші баяндама; 2019 ж. – Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт бойынша екінші баяндама және Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция бойынша сегізінші-тоғызыншы баяндама» [6]. Ресми ақпараттан анықталғандай, Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жағдайы бойынша бірнеше ұлттық баяндамалар қорғалған болатын. Аталған ұлттық баяндамаларда азаматтардың негізгі конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалу жағдайы жайлы ақпараттар мен мәліметтердің жиынтығы қамтылған. Бұл ұлттық баяндамаларды қорғау жүйесі қалыптасу кезеңі деп атасақ болады. Демек, сол қорғау жүйесі әлі бейімделген кезеңге өтпегендігін аңғартады.

Біріншіден, ұлттық баяндамалардың жүйесі тиісті құрамдас салаларын әлі қалыптастыра қойған жоқ.

Екіншіден, ұлттық баяндамалар көбінде ұлттық және өңірлік деңгейде жасалғандай көрініс табады.

Үшіншіден, сол ұлттық баяндамаларға қатысты қажетті мәліметтер мен ақпараттар жиынтығын әзірлеу жергілікті жерлерден жинау мәселелері ешбір шешілмеген деп түйін жасаймыз.

Демек, мәселелерді реттеу қажеттілігі бар. Әсіресе жергілікті жерлерде адам құқықтарын қорғау мамандарын даярлау өзекті болып келеді.

Осы тұста зорлық-зомбылықтан, басқа да қатыгез немесе ар-намысты

қорлайтын іс-әрекеттерден қорғау жүйесін қысқаша қарастырып өтеміз.

Зерделеніп жатқан ресми құжатта мынада ресми статистикалық ақпарат қамтылған. Құжаттың 94-тармағында «2012 жылдан бастап 2018 жылға дейін шамамен 70000 қорғау нұсқамалары енгізіліп, соттар шамамен 80000 құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптарды белгіледі (2018 жыл – 64000-нан астам қорғау нұсқамасы және құқық бұзушылардың мінез-құлқына 6600 мың ерекше талап)» [6]. Осы статистикалық ақпараттан белгілі болғандай, ел ішінде, халықтың арасында құқық санадан гөрі құқықтық нигилистік мінез-құлықтың артқандығын байқаймыз. Демек, елдің арасында құқықтық сауатты қалыптастыру мәселелері бар. Сол халық арасында мақсатты аудиторияларға ақпараттық-құқықтық түсіндіру жұмыстарын жандандыру қажет. Осы тұста, айта кетер жайт, жағымсыз мінез-құлықтарды қалыптастыратын әлеуметтік-экономикалық сипаттағы түйткілді мәселелерін реттеу, оның ішінде, әсіресе құқықтық реттеу қажеттілігі бар.

Талданып жатқан құжатта келесі реттегі ресми мәлімет бар. «Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 1999 жылы ІІМ жүйесінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер құрылды. 2018 жылы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 12 000-нан астам әйел жүтінген (11 000 астамы дағдарыс орталықтарына жіберілген)» [6]. Мәліметтен белгілі болып тұрғандай, ол отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қаншама адамдар, оның ішінде одан әйелдердің зардап шегуі көбеймесе әлі азаймай келеді. Сол аталған мәселелердің шешілмеуінің негізгі себептері ретінде мына факторлар деп санаймыз.

Біріншіден, осы елдегі қоғамдық қатынастарды, оның ішінде неке және отбасы саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін нормаларының көбісі реттеушілік нормаларынан тұрады. Яғни міндеттеуші нормалардың орындау жағдайы төмендеу. Дәлірек айтқанда, көбінде орындалмай жатады. Сонымен қатар тыйым салушы нормалары аздау әрі олардан сақтану жағдайы мәз емес деп айтуға тура келеді.

Екіншіден, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері біздің жеке ойымызша негізінен отбасылық құндылықтарды дәріптейтін әрі нақты қалыптастыратын әлеуметтік нормалардың (яғни мораль, этика, діни, ұлттық және т.б.) жеке тұлғалардың санасына ықпалының толықтай орнықтауынан тікелей туындайды деп есептейміз.

Үшіншіден, отбасылық құндылықтарды қалыптастырушы және жеке, жұптық және отбасылық қатынастарға әлеуметтік-психологиялық, құқықтық көмек көрсететін орталықтар қызметін жандандыру қажет. Бұл орталықтарға мемлекеттік-жекешелік әріптестік, сондай-ақ мемлекеттік қолдауды көрсету керек.

Демек, ҚР неке және отбасы туралы заңнаманы жетілдіру, оның реттеу әдісі мен тәсілдері, әсіресе міндеттеуші және тыйым салушы нормаларды күшейту қажет. Отбасылық құндылықтарды нақты қалыптастыру бойынша ақпараттық-насихаттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу және сол орталықтар қызметін жандандыру керек деп түйін жасаймыз.

Ендігі кезекте «Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси

құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы үшінші мерзімді баяндаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 416 қаулысына жеке назарымызды салып, зерделеуімізді жалғастырамыз.

Аталмыш ресми құжаттың 78-тармағында мынадай ақпарат қамтылған. «Судьялар психологтармен, наркологтармен, медиаторлармен, адвокаттармен бірлесіп жанжалдарды сотқа дейінгі шешу, отбасылық құндылықтарды өзектендіру, балаға мейірімді әділ сот құру бойынша іс-әрекеттер алгоритмін пысықтап жатыр. Жоба аясында қаралған 42 мың істің 9,4 мыңы татуласумен тоқтатылды. Осылайша, судьялардың, психологтардың, медиаторлардың және т.б. бірлескен жұмысының арқасында соттасудан 22 % бас тартты» [8]. Әлбетте мұндай ақпараттар көңілді қуантады. Дегенмен ол мәселені әрі қарай тиімді шешу жолын ұсынуға тырысамыз. Мысалы, мына ұсыныстық бастама бар. Ұлттық алдын алу тетігінің бір тәсілі ретінде отбасылық әлеуметтанушы мен психологтардың сол жағымсыз отбасылық қарым қатынастарды ертерек анықтау болып табылады. Біздің жеке пайымыз бойынша бұл ретте қажетті мамандардың өзара әрекеттесу жүйесін қалыптастыратын ведомствоаралық бірлескен қағидалар мен нұсқаулықтар жобасын әзірлеп дайындау қажет деп санаймыз.

Сол құжаттың жалғасында мынадай ресми мәлімет қамтылған.

«132. Қазақстан Республикасы адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі халықаралық конвенциялардың: БҰҰ-ның Құлдық туралы конвенциясының; БҰҰ-ның Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенциясының; Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияны толықтыратын Адамдарды, әсіресе, әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманың қатысушысы болып табылады.

133. 2015 жылдан бастап адам саудасының құрбаны деп 462 адам танылды, 599 адам жауапкершілікке тартылды. 2019 жылы адам саудасына қарсы күрес желісі бойынша 182 қылмыстық іс қозғалып, адам саудасының 44 құрбаны анықталды» [8]. Қазіргі кезде адам саудасы құқық бұзушылық ретінде кең етек жайған. Бұл құқық бұзушылық әсіресе шетелдік элементпен көп жасалады. Қазір жаһандану аясында халықаралық еңбек миграциясының өзекті мәселелері әлі шешілмей келеді. Бұл жағдайдың орын алудың бірнеше себептік негіздемесі бар.

Біріншіден, қазір трансұлттық қылмыстылық, басқашалай айтар болсақ, халықаралық сипаттағы қылмыстардың динамикасы артып келеді.

Екіншіден, «адам саудасы» ұғымының құқықтық анықтамасы толықтай мойындалған нұсқасы жоқ.

Үшіншіден, адам саудасы бойынша ақпараттық-құқықтық түсіндірмені беру іс-шаралары аздау. Сондықтан аталған мәселені шұғыл түрде қолға алу арқылы оны алдын алу іс-шаралар жүйесін жүйелі түрде құқықтық реттеу әрі мемлекеттік реттеу керек деп түйін жасаймыз.

Белгілі заңгер-ғалым С.М. Рахметов өзінің ғылыми мақаласында мына өзекті ұсынысын жасаған.

«Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасында заңсыз ізге түсуі (ағылшынша - сталкинг) үшін арнайы бекіткен норма жоқ» [9, С.133].

«Заңсыз жүйелі қудалау, яғни кенеттен қалаусыз бару, қоңыраулар, SMS және хаттар, адамның ізіне түсу, басқа адамдардан (құрбанның достары мен және таныстарынан) ақпараттар алу, қуғын-сүргінге ұшыраған адамның қалауына қарсы байланыс орнату немесе орнатуға тырысу, міндеттейтін сыйлықтар ұсыну, жабық қауіптер, сондай-ақ адамның жеке өміріне араласу, - бір мың айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға немесе түзету жұмыстарымен немесе қоғамдық жұмыстарға алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге тарту арқылы екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру» [9, С.133-134]. Бұл автордың берген ұсынысының құптарлық жағы бар.

Біріншіден, осы автор қолданыстағы қылмыстық кодекстің баптарында заңсыз ізге түсуге қатысты норманың жоқ екендігін дұрыс атап өтті.

Екіншіден, ҚР Қылмыстық кодекстің 115-бабы (Қорқыту) бойынша қажетті редакцияда норма жобасын ұсынды.

Үшіншіден, аталмыш норманың жобалық мазмұнын ғылыми-тәжірибе тұрғысынан жақсы бағамдап жасап шыққан.

Дегенмен, сол ҚР-ның Қылмыстық кодексте өз алдына бөлек жеке бап болғаны жөн. Өйткені «қорқыту» және «заңсыз ізге түсу» ұғымдары өзара еш толықтай үйлесе бермейді.

Ресейлік заңгер-ғалым К.А. Барышева өзінің мақаласында мынадай ой тұжырым жасаған. «Шет елдер заңнамасында заңсыз ізге түсудің объективті жағын талдай келе, сол сталкинг – бұл іс-шаралар кешені, іс-қимыл жүйесі екендігіне назар аударған жөн» [10, С.181]. Автордың ой тұжырымын толық құптауға болады. Расында заңсыз ізге түсудің объективтік жағының міндетті белгісі – жүйелілік болып табылады. Осы тұста, айта кетер жайт, заңсыз ізге түсу тәсілі көбінде латентті (жасырын) әрі көбінде интернет арқылы жасалуы бұл құқық бұзушылық іс жүзінде ашылмай да жатады. Оның сол жүйелілігін дәлелдеу жағы оңай шаруа емес. Аталмыш заңсыз тәсіл көптеген қылмыстар бойынша қолданылуы мүмкін. Мысалы, заңсыз ізге түсуші әртүрлі мотивпен заңсыз ізге түсу жәбірленушінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мінез-құлқына, кейбір тәуелді қырларын ескере отырып заңсыз ізге түсіп жатады. Сондықтан заңсыз ізге түсу ҚР Конституциясының 18 және 21-баптарына тікелей қарама қайшы. «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар» [1]. «Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар» [1]. Демек, аталмыш конституциялық құқықтарды қамтамасыз ету қазір өзекті мәселе болуда. Бұл мәселе әзірге үлкен құқықтық олқылық ретінде әлі ашық күйде қалып отыр.

Ендігі ретте «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы екінші кезеңдік баяндаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 435 қаулысына зер саламыз. Онда мынадай мәлімет бар. «Әлеуметтік және экономикалық құқықтарды қорғау мәселелері АҚУ қызметінде басым болып табылады, атап айтқанда, АҚУ мүгедектерді қоғамдық-саяси өмірге тарту, еңбек және әлеуметтік қажығыстардың алдын алу және еңбек қатынастарын үндестіру, балалардың құқықтарын қорғау, мәжбүрлеп қоныс аудартудан азаматтардың құқықтарын қорғау, құқық бұзушыларды қайта әлеуметтендіру және еңбек арқылы оңалту және басқа да мәселелер бойынша бастамашылық етті» [11]. Еліміздің негізгі заңның 83-1-бабы мынадай мазмұнда құрылған:

«1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді» [1]. Бұл конституциялық жаңа норманың мазмұны дәл көрсеткендей, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты басталған кезеңде тұр. Енді конституциялық заң қабылдаған соң сол институттың конституциялық-құқықтық мәртебесінен бөлек, оның құзыреттері мен өкілеттіліктері, сондай-ақ құқықтары мен міндеттері анық білінеді деп білеміз. Демек, аталған конституциялық-құқықтық институттың қызметті жаңа қарқынмен жанданады деп үміттенеміз.

Сонымен, қорыта келгенде, мынадай түйінді тұжырымды жасаймыз.

Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтар мен бостандықтарын қорғау жағдайының кейбір қырларын зерттеу нәтижесі анықтағандай, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша ұлттық заңнама жүйесі болғанымен, оған кіретін нормативтік құқықтық актілердің өз арасындағы құқықтық байланысын және өзара әрекеттесулерін жүйелі түрде үйлестіретін институционалдық жүйесі енді жаңадан құрылып жатыр. Демек, құқықтық реттеу негіздері бар, мемлекеттік реттеу тетіктері реформадан өту үстінде, енді тек қана халықтың тарапынан белсенділік көрсетіліп, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі бірқалыпты жүйелі жұмысын жаңғырту кезең келді. Бұл ретте адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша адам құқықтары бойынша уәкілдерді (омбудсмендерді) даярлау өте өзекті мәселе болып табылады.

Біріншіден, аталған институтты мәртебесін бекітіп алу мәселесі тұр.

Екіншіден, омбудсмендерді адамның құқықтары мен бостандықтары қорғау бойынша әртүрлі халықаралық конвенциялар мен пактілерге бейімдеп дайындау мәселесі бар.

Үшіншіден, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша адам құқықтары бойынша уәкілдерінің қызметін бастапқы жаңарған кезеңнен өткізу мәселесі күн тәртібінде тұр деп түйін жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>.
2. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>.
3. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право РК. Академический курс. Издательство «Юридическая литература». – 2006. – 208 с.
4. «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091>.
5. «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087>.
6. «Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі Қазақстан Республикасының үшінші кезеңдік Ұлттық баяндамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қараша № 831 қаулысы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000831>.
7. Соттардың 2018-2022 жылдардағы жұмысы туралы. ҚР Жоғары сот сайты//<https://sud.gov.kz/kaz/content/sottardyn-2018-2022-zhyldardagy-zhumysy-turaly>.
8. «Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы үшінші мерзімді баяндаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 416 қаулысы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000416>.
9. Рахметов С.М. Проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан по противодействию семейно-бытовому насилию//Вестник Института законодательства и правовой информации РК. №5 (63) – 2020. – 127-134 с.
10. Барышева К.А. Преследование как новый вид уголовно наказуемого деяния//Пробелы в российском законодательства. – С.178-182//<file:///C:/Users/User/Downloads/presledovanie-kak-novyy-vid-ugolovno-nakazuemogo-deyaniya.pdf>.
11. «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы екінші кезеңдік баяндаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 435 қаулысы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000435>.

ХҒТАА 10.15.59

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ КӨШП-ҚОНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Жампеусов Д.А.

докторант Alikhan Bokeikhan University

Жампеусов Д.А.

PhD докторы Alikhan Bokeikhan University

daurxxvek@bk.ru

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау

саласындағы мигранттардың құқықтық жағдайы талқыланады. Мигранттардың денсаулық сақтау құқықтарын жүзеге асыру бойынша халықаралық және ұлттық құқықтық құжаттарға талдау жасалды.

Түйінді сөздер: денсаулық сақтау құқығы, көші-қон, көшіп-қонушы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы правового положения мигрантов в сфере здравоохранения в Республике Казахстан. Проанализированы международные и национальные правовые документы по реализации прав мигрантов на охрану здоровья.

Халықаралық деңгейде адамның денсаулыққа құқығы 1948 жылы танылды, іс жүзінде бұл медициналық көмек алу құқығы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы денсаулықтың ең жоғары деңгейіне ие болу әр адамның негізгі құқықтарының бірі болып табылады. 1946 жылы құрылған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жарғысы адам денсаулығын аурудың немесе физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат күйі ретінде анықтайды [1]. Бұл анықтама ең қолайлы деп саналады, сондықтан ол кеңінен қолданылды және адам денсаулығы тұжырымдамасында стандартқа айналды. Осы ұйғарым «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабының 73-тармағында да көрсетілген. Денсаулық - аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәндік, рухани (психикалық) және әлеуметтік саламаттылық жай-күйі [2].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (25-бап) мынадай ереже бекітілген: «Әр адам өзінің және отбасының денсаулығы мен әл-ауқатын сақтау үшін қажетті тамақтану, киім, тұрғын үй, медициналық көмек және қажетті әлеуметтік көмек сияқты өмірлік деңгейге құқылы» [3].

ҚР Конституциясымен және басқа да құқықтық актілермен бекітілген өмір сүру құқығы, денсаулық және оны қорғау құқығы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы, жеке құпиясы медицина саласына тікелей қатысы бар. Денсаулықты сақтау және жақсарту адамның алғашқы өмірлік қажеттілігі болғандықтан, оны барлық тыйым салынбаған тәсілдермен қанағаттандыру, ең алдымен, адамдардың жеке өмір саласына жатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кең ауқымын жариялады. Олардың ішінде денсаулық сақтау құқығы ерекше орын алады. Мәселен, ҚР Конституциясының 29-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғауға құқығы бар» [4]. Қазақстан Республикасы Конституциясының 29 – бабының мағынасынан көрініп тұрғандай, Денсаулық сақтау құқығы - азаматтың игілігі. Сонымен бірге, халықаралық заңнамаға сәйкес, бұл азаматтың жеке игілігі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік сипатқа ие және адамға тиесілі. Басқаша айтқанда, «Денсаулық құқығы» экономикалық, әлеуметтік немесе мәдени адам құқықтарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Денсаулыққа қатысты мәселелер азаматтығына қарамастан барлық

адамдар үшін өзекті болып қала береді. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың денсаулық сақтау мен медициналық көмекке құқықтарын қамтамасыз ету қазіргі демократиялық құқықтық мемлекеттің өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады.

Екіншіден, шетелдік азаматтардың денсаулық сақтау мен медициналық көмекке құқықтарын іске асыру үшін нормативтік-құқықтық базаны анықтау керек. Құқықтардың осы саласын реттейтін халықаралық-құқықтық актілерден бастау керек. Ең алдымен, олар тұратын елдің азаматтары болып табылмайтын адамдарға қатысты Адам құқықтары туралы Декларацияны атаған жөн.

Шетел азаматтарының медициналық көмекке құқықтарын іске асыру ерекшеліктері мемлекеттер арасындағы көпжақты немесе екіжақты келісімдермен айқындалуы мүмкін. Мысалы, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының азаматтарына жедел және шұғыл медициналық көмек алуда тең құқықтарды өзара беру туралы келісім (1998 ж.). Алайда, Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарда аталған келісім 2014 жылғы 20 мамырда Астанада жасалған және 2014 жылғы 14 қазанда ҚР ратификациялаған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады [5]. Бұл шарт Ресей, Қазақстан және Беларусь арасында жасалып, 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді. 2015 жылғы 2 қаңтардан бастап шартқа Армения Республикасы, 2015 жылғы 12 тамыздан бастап — Қырғыз Республикасы қосылды.

Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес денсаулық сақтау құқығына кепілдік беріледі.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы елдердің Қазақстандағы заңды негіздердегі шетелдік азаматтары медициналық қызметтермен қамтамасыз етіледі. Осы Шарттың қатысушылары Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы болып табылады. Шарттың 98-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрмайтын, шартқа қатысушы мемлекеттердің еңбеккерлері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру (зейнетақыдан басқа әлеуметтік сақтандыру) құқығы көзделген. Бұл құқық жұмысқа орналасу мемлекетінің азаматтары үшін қолданылатын шарттармен және тәртіппен және мигранттардың – шартқа қатысушы елдердің еңбек қызметін жүзеге асырудың заңды болуы және заңды негіздері болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Осы тұрғыда әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік сақтандыру) деп еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында және аналыққа байланысты міндетті сақтандыру, өндірістегі жазатайым оқиғадан және кәсіптік аурулардан, сондай-ақ міндетті медициналық сақтандырудан міндетті сақтандыру түсініледі [5].

Мысалы, Ресейде кез-келген рұқсат құжатын алу үшін шетелдік азамат

медициналық комиссиядан өтеді. Шетелдіктің дені сау екендігі туралы медициналық қорытындысыз оған патент те, жұмысқа рұқсат те, босқын куәлігі де, уақытша баспана туралы куәлік те берілмейді. Ал 2021 жылдың 1 қарашасынан бастап бұл талап тіпті жоғары білікті мамандарға да қатысты.

2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу басталды. Сақтандырудың бұл түрі Қазақстан азаматтарына, тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктерге және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен (Ресей, Армения, Беларусь, Қырғызстан) еңбек мигранттарына қолданылады. Қазақстанда ресми түрде жұмысқа орналасқан тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер медициналық сақтандыру қорына жарналарды төлеуге міндетті. Жарналардың мөлшері, егер шетелдік жеке кәсіпкер болып табылса, жалақының 1%–. (медициналық сақтандыру қорына аударымдарды жұмыс беруші жүзеге асырады) және ең төменгі жалақының 5% -. (01.01.2022 жылдан бастап - 6,16 еуро) құрайды. 12 ай ішінде төленген жарналар шетелдіктерге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру полисін алуға және тегін медициналық көмектің кепілдендірілген мемлекеттік көлемінен басқа ақысыз медициналық көмектің кеңейтілген жиынтығына кепілдік береді. Егер жарналар 12 айдан аз уақытқа аударылса немесе аударымдарда үзіліс болса, шетелдіктерге «сақтандырылған» мәртебесі берілмейді. Қазақстан аумағында тұрақты тұратын, бірақ азаматтығы жоқ зейнеткерлер әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарды дербес төлей алады, өйткені олар мемлекет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлейтін жеңілдікті санаттарға жатпайды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру полисі медициналық қызметтердің кең спектрін алуға құқық береді (кепілдендірілген көлеммен салыстырғанда), бірақ стоматологиялық қызметтерге (өткір ауырсыну мен шұғыл хирургиядан басқа), бірқатар зертханалық және жоғары дәлдіктегі аспаптық зерттеулерге және мамандандырылған медициналық көмектің басқа түрлеріне шығындарды қамтымайды.

Шетелдіктерді жұмысқа орналастырудың ерекшелігі-жұмыс беруші Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты жоқ қызметкерлер үшін (ЕАЭО-ға қатысушы елдердің азаматтарынан басқа) әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарды төлеуге міндетті емес, сондықтан еңбек мигранттары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық қызметтерге қол жеткізе алмайды. Жұмыс беруші әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдарды жүзеге асырмайтын шетелдік қызметкер жұмысқа орналасу үшін ерікті медициналық сақтандыру полисін дербес ресімдеуі тиіс. Өндірістік жарاقاتтарды / ауруларды емдеуге арналған шығыстарды өтеу үшін сақтандыру шартында кәсіпті / қызмет түрін көрсету қажет.

Тұруға ықтиярхаты бар, «сақтандырылған» мәртебесі бар және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналарды төлейтін шетелдіктер, сондай-ақ шетелдіктердің (жүкті әйелдер, 1 жасқа дейінгі балалар, мүгедектер) жеңілдікті санаттары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік және коммерциялық медициналық мекемелерде тегін медициналық көмек ала алады. Кез келген

деңгейдегі медициналық мекемеге жүгіну үшін шетелдіктің тұрғылықты/тіркелген жері бойынша алғашқы медициналық көмек көрсететін мекемеге (амбулатория, фельдшерлік пункт, емханадағы учаскелік дәрігер және т.б.) тіркелу қажет. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық көмек тегін ұсынылады және мамандарды қабылдау мен консультацияларды, диагностикалық қызметтерді, стационарда емдеуді және т. б. қамтиды.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес [6] бұйрық шығып, қоса беріліп отырған көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілді. Ол, көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 665 Бұйрығы шықты. Бұл бұйрық көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету тәртібін белгілейді [7].

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 83-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша және көлемде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар делінген [2]. Осы заңға сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін және медициналық көмектің көлемін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы № ҚР ДСМ-121/2020 бұйрығы шықты. Осы бұйрықтың 1 қосымшасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін 23 аурулардың тізбесі көрсетілген және де осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген алуға құқығы бар Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдарға көрсетілетін медициналық көмектің консультациялық қабылдау, зертханалық диагностика, ультрадыбыстық және рентгенологиялық диагностикалары көлемі көрсетілген [8].

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында, денсаулық сақтау саласындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен

бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады [9].

Шетелдіктерге арналған тегін медициналық қызметтердің көлемі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 88-бабының 5-тармағында шетел азаматтарының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы көзделеді, бірақ айналасындағыларға қауіп төндіретін жіті аурулар кезінде ғана [2].

ЕАЭО-ға қатысушы елдерден келген еңбек мигранттарына келетін болсақ, олар және олардың отбасы мүшелері айналасындағыларға қауіп төндіретін жұқпалы аурулар анықталған жағдайда тегін медициналық көмектің Мемлекеттік көлемі шеңберінде көмекке сене алады. Сондай-ақ оларға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде толық медициналық көмек көрсетіледі. Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына сәйкес медициналық қызметтерді толық көлемде алудың міндетті шарты МӘМС бойынша міндетті төлемдерді төлеу, сондай-ақ қолданыстағы ерікті медициналық сақтандыру шартының міндетті болуы болып табылады.

Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы бұйрығына сәйкес шетел азаматтығы бар адамдардың барлық санаттары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде медициналық көмек алады. Қалған медициналық қызметтер үшін олар өз қалтасынан төлеуге мәжбүр болады. Сондай-ақ, шетелдік азаматтар мен еңбек мигранттарынан таңдалған медициналық мекемелерде қызметтердің кең спектрін алуға мүмкіндік беретін медициналық сақтандыру шартының болуы оларға алғашқы медициналық-санитарлық көмек алу үшін медициналық ұйымға қосылуға мүмкіндік береді [8].

Егер шетел азаматына медициналық көмектің түрлері туралы айтатын болсақ, 2000 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісім заңды күшіне енді, онда осы мемлекеттердің денсаулық сақтау саласындағы азаматтарының құқықтары бекітілген [10]. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілді [7].

Осы нормативтік-құқықтық актілерде медициналық көмек көрсету шектеледі: 1. Жедел және шұғыл көмек; 2. Жоспарлы медициналық көмек. Шетелдік азаматқа жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету-бұл пациенттің өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін физикалық немесе психикалық денсаулығының өткір бұзылулары кезінде көрсетілетін медициналық қызметтер кешені. Егер шетелдік азамат Қазақстан аумағында уақытша болса немесе тұрақты тұрса, онда оның өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін кенеттен өткір жағдайлар мен аурулар, жазатайым оқиғалар, улану, жарақат алу, босану және жүктілік кезіндегі шұғыл жағдайлар кезінде ол жедел және

шұғыл медициналық көмекті кедергісіз, тегін және толық көлемде көрсетуге құқылы. Медициналық көмектің бұл түрі медициналық сақтандыру полисінің болуына немесе болмауына қарамастан кез келген емдеу-профилактикалық мекемеде көрсетіледі. Науқастың өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төнген сәттен бастап одан әрі көрсетілген медициналық көмек үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылған медициналық қызметтер үшін өзара есеп айырысуды жүргізе отырып, ерікті медициналық сақтандыру немесе ақылы қызметтер шеңберінде ақы алынады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы келісімге және көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жоспарлы медициналық көмек Қазақстан аумағындағы шетел азаматтарына ақылы негізде жеке қаражаты, сақтандыру компаниялары есебінен, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдардың қайырымдылық жарналары мен қайырымдылықтары есебінен шарттық төлемдер бойынша өзара есеп айырысулар жүргізе отырып көрсетіледі бағалар немесе қолданыстағы тізімдер бойынша.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ қандастар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең құқықтарды пайдаланады және міндеттерді атқарады [11]. Еңбек мигранттарына медициналық көмек мемлекетаралық келісімдер шеңберінде көрсетіледі. Мысалы, Еуразиялық кеңістіктің бес елінің (Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Армения және Беларусь) аумағында жедел және шұғыл медициналық көмек өтеусіз негізде көрсетіледі. Егер мұндай келісімдер болмаса, онда еңбек мигранттары медициналық сақтандыру шарты шеңберінде және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде тегін негізде медициналық көмек алады.

Азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең құқықтарды пайдаланады және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде міндеттерді атқарады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Заңның 26-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттің жарналары Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін, яғни әлеуметтік осал санаттар арасынан төленбейді. Бұл ретте, Заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылатынын атап өту қажет [11]. Қазақстан Республикасы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңының 8-бабына сәйкес

Қазақстан Республикасында әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерінде тұрақты тұратын шетелдіктердің Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтары мен міндеттері бар [9].

Медициналық сақтандыруды енгізу бойынша шетелдік тәжірибе туралы айтатын болсақ, мысалы, Францияда алғашқы жылдары жарналарды төлеу ауыртпалығы жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасында бөлінді, олар барлық шығыстардың 50%-ға жуығы экономикалық белсенді емес халыққа жұмсалатынын анықтаған кезде мемлекеттік бюджеттен аударымдар көлемі ұлғайтылды. Германияда медициналық ұйымдарды қаржыландыратын мыннан астам ауруханалық кассалар жұмыс істеді. Кассалардың бұл саны ауру қаупі туындаған кезде жарналардың әртүрлі деңгейлері бар жүйеге қатысушылар арасында қаражатты қайта бөлуге кедергі келтірді. Осыған байланысты Германия аурухана кассаларын ірілендіруге кірісті, нәтижесінде олардың саны 100-ге дейін қысқарды, бұл бірыңғай қорды құрудың одан әрі үрдісімен. 2014 жылдан бастап АҚШ-та президент Обаманың бастамасымен медициналық қызметтердің қымбаттығына байланысты халықтың барлық топтарына медициналық көмектің қолжетімділігі қамтамасыз етілмеген жинақтаушы медициналық сақтандыру жүйесінің орнына Affordable Care Act Заңы негізінде жалпыға қолжетімді медициналық сақтандырудың әмбебап жүйесі енгізілді немесе ол халық арасында Обамасаре деген лақап атқа ие болды. АҚШ-тағы Денсаулық сақтау реформасының негізгі элементі-егер олар сақтандырылмаған болса, АҚШ азаматтарының медициналық сақтандыруды сатып алу міндетін енгізу. Бұл ретте аз қамтылғандарға субсидиялар көзделеді. Реформа сонымен қатар полисі бар азаматтардың медициналық сақтандыру шарттарын жақсартуға бағытталған. Сонымен, заңға сәйкес, 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс берушілер мен олардың сақтандырушылары жұмысшыларға медициналық сақтандыруды беруден бас тарта алмайды немесе егер еңбек шарты басталғанға дейін қызметкерде ауыр созылмалы ауру (мысалы, ЖИТС, қатерлі ісік және т. б.) расталған болса, төлемдерді көтере алмайды.

Сақтандырудың аралас моделін әлемнің 30 елі (Германия, Франция, Жапония, Корея, Шығыс Еуропа елдері) таңдады. Мысалы, Чехияда Денсаулық сақтау шығындарының 80% – ы міндетті медициналық сақтандыруға жарналар есебінен жабылады, Францияда-75%, Эстонияда-72%, Германияда – 66% және т. б. Германияда МӘМС-ке жұмыс берушілердің жарналарының мөлшерлемелері 7,3%, қызметкерлердің-8,2%, Словакияда тиісінше 10% және 4% құрайды, Литвада 3% және 6%. МӘМС енгізу Қазақстанға денсаулық сақтау шығындарын 2017 жылы 28%- ға, 2018 жылы 54%- ға, 2019 жылы 58% - ға жабуға мүмкіндік береді. [12].

Беларусь пен Арменияда міндетті медициналық сақтандыру жүйесі жоқ. Арменияда 2023 жылдан бастап енгізу жоспарлануда, тұруға ықтиярхаты жоқ шетелдіктер медициналық көмекті тек ерікті медициналық/ туристік сақтандыру полисі шеңберінде ала алады. Шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда мемлекеттік жедел жәрдем бригадасы шақыруға тегін келеді және пациенттің өміріне төнген қатер жойылғанға

